

ISSN 2079-9330



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№4 (24) 2014





АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Екі айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

4 (24) 2014

(шілде-тамыз)

4

БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПИРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

Сейсенбаева Ж.А. Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары, ф.ғ.к., жауапты редактор;

Айдемір Окай - Ыстамбұл университетінің байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, көркем-сурет факультетінің деканы, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. - ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті

Бейсенова Ә.С. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Бөлеев Қ - Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Ғаббасов С. - жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Есполов Т.И. – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. – Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Кирабаев С.С. - ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахаев Л.В. - Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. - пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. - филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Мәдени-антропология» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ғ.М. - әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі;

Нәрібаев К.Н. - ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетаева Д.Ж. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, ед.ғ.к.;

Сманов Б.Ө. - аппарат жетекшісі, Абай ат. ҚазҰПУ профессоры, пед.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Халықаралық Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың Магистратура және PhD докторантура институтының филология мамандықтары кафедрасының меңгерушісі пед.ғ.д., профессор, ХПБҒА мүше-корреспонденті.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

**Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
член-корреспондент НАН РК**

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. - директор НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

Сейсенбаева Ж.А. - зам. директора НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор;

Айдемир Окай - декан факультета связи университета Стамбул, профессор;

Альмухамбетов Б.А. - декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. - к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагына;

Бейсенова А.С. - руководитель научно-методического центра по географии и экологии КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. - зав. кафедрой "Педагогика и этнопедагогика" Таразского государственного педагогического института, д.пед.н., профессор; .

Габбасов С. - писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор;

Есполов Т.И. - ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. - ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагына, д.пед.н., профессор;

Иманбаева СТ. - зав. кафедрой национального воспитания и самопознания КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Кирабаев С.С. - д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. - заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. - директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. - профессор кафедры культурной антропологии КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. - ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, почетный член НАН РК;

Нарибаев К.Н. - зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. - ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.;

Сманов Б.О. - руководитель аппарата Казахского национального педагогического университета имени Абая, д.пед.н., профессор КазНПУ имени Абая, член-корреспондент НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия), Международной Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. - зав. кафедрой филологических специальностей Института Магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, член-корреспондент МАН-ПО.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
corresponding-member of the NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. - the director of scientific research institute of Intellectual Formation nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, first deputy chief editor;

Seysenbaeva Zh.A. - the deputy director of scientific research institute of Intellectual Formation Nation of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor;

Aydemir Okay - dean of the Faculty of Communications Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. - the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the National Knowledge Academy named after YAltynsarina;

Baisabaev B.A. - the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. - the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK;

Boleev K. - the university chair of "Pedagogics and ethnopedagogics" of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor;

Gabbasov C. - the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor;

Espolov T.I. - the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. - rektor of Kyrgyz National University named by Zh.Balasagyn, doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T - Head of the Department of "national education and samoponaniya" KazNPU them. Abaya, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Kirabaev S.S. - the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. - Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. - Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. - the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair "Cultural anthropology" of KazNU named after Al-Farabi;

Mutanov G.M. - the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, honorary member of the NAS RK;

Naribaev K.N. - vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. - rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. - head of the office of the Kazakh national pedagogical university of a name of Abay, doctor of pedagogical sciences, professor KazNPU of a name of Abay, corresponding member of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia), International Aytmatovsky academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A. - the university chair of philological specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, corresponding-member of the IASPE.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2014



«Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде оларға жасайтын имандылық пен сауаттылық қасиеттерді сіңірсек, тәлім-тәрбие берсек, сонда ғана рухы дамыған, Отанның гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Президенті стипендиаттарының иегерлері-магистранттармен кездесуінде сөйлеген сөзі. 30.09.2011ж.

ӘОЖ 34.034

Совет-Хан Ғаббасов,

*Жазушы, медицина және педагогика ғылымдарының докторы,
КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, профессор,
Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, ШҚО-сы,
Зайсан ауданының құрметті азаматы,
Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты,
Халықаралық Нострадамус атындағы академияның толық мүшесі – Академик.*

АБАЙДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

*«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек»
АБАЙ.*

Абай өзінің 38-ші қара сөзінде: «...Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Содан, қашпақ керек! Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің?!- дейді, сонымен қатар, бұл өмірге келген әрбір адам да бақытты болғысы келеді. Сөз жоқ, олар өзінің барлық саналы ғұмырында, игілікті тіршілік үшін, талпынатындықтары да рас. Бірақ, бақытты болудың жолы қайсы? Міне осы сұрақтарға осы мақалада кеңінен жауап береді.

Түйін сөздер: *тәрбие, педагогика, еңбек, ғұлама, адамзат, мінез.*

В своем 38-ом слове назидании Абай говорит: «...Есть три вещи которые уничтожают человечество. Нужно избегать этого! Сначала – невежество, второе – лень, третье – коварство!», также каждый родившийся человек хочет быть счастливым. Слова нет, они во всей своей здравомыслящей жизни стремятся к благородной жизни. Но, какой путь к счастливой жизни? Вот этим вопросам обширно отвечают в статье.

Ключевые слова: *воспитание, педагогика, труд, ученый, человечество, характер.*

In 38th edifying words Abay says: «... there are three things that are destroying humanity. You need to avoid it! First - the ignorance, the second - laziness, third - treachery! », also every person wants to be happy. No words, they in all its sensible life tend to noble life. But which way to a happy life? That these questions are answered in the article extensively.

Keywords: *upbringing, pedagogy, labor, scientist, humanity, character.*

Адам баласының тіршілігіндегі тәлім мен тәрбиеге ерекше мән беріп, өмірінің ақырына дейін өзінің ағартушылық міндетін терең сезініп өткен. Ол өзінің жазып қалдырған педагогикалық еңбектерінде ойларын жалпылама айтпай, саралай бөліп салалай жіктеп көрсетуге ерекше мән берген.

«Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба», – дей келіп, адам мінездеріне жақсы да, жаман әсер ететін сипаттарды тарата жіктеп даралай түсіндіріп береді. Поэ-

тикалық сөз қуатының күші мен тұжырымдарын топтастыра жинақтап, «Бес нәрседен қашық бол»: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ, саусақпен санағандай: «Бес нәрсеге асық бол»: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым, ойлап қой дейді. Мұнан артық нақтылық, бұдан терең тәрбиелік сөзді табудың өзі қиын. Жалпы, Абайдың педагогикалық көз-қарастарында инабат (этика) категорияларын даралай көрсетіп талдауға тырысқанын байқау қиын

емес. Оның өзіне тән жазу үлгісі де осы мақсаттарын аша түскен. Ендеше, Абайдай ғұлама ұстаздың өзі ұсынған жолымен жүруге тырысалық.

Абайдың педагогикалық, еңбектерін дұрыс түсініп игеру арқылы ғана, шынайы халқымызға тән тәлім-тәрбиеміздің қайнарынан қанып ішуге мүмкіндік ашамыз. Сонда ғана, Абайдың ұрпағына өсиет етіп қалдырған «мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла» деген сөзінің мәніне түсінеміз.

АҚЫЛ-ПАРАСАТ. Бұл өмірге келген әрбір адам да бақытты болғысы келеді. Сөз жоқ, олар өзінің барлық саналы ғұмырында, игілікті тіршілік үшін, талпынатындықтары да рас. Бірақ, бақытты болудың жолы қайсы? Адам баласының бақытты өмір сүруі, шындығында да, тікелей неге байланысты екен? Міне, бұл сұрақтарға жауап издестірмеген адамзат алыптары аз. Сөз зергерлерінің ішінде, осы сұрақтардың жауабын іздеп, Ф.М.Достоевский – «Карамазовтарын» жазса, Л. Н. Толстой – «Анна Каренинаны» дүниеге әкелген еді. Бұл шығармаларды дүние жұртының қызығып оқуының да себептері осында жатса керек.

Сол адамзат алыптарының жеткен жері де, тапқан жауаптары да бір түйінге келіп тірелетінін түсінгендей боламыз. Ол – аспаннан келіп түсетін алма-ғайып құбылыс емес екен, қайта адамның жан-дүниесінде қалыптасқан **мінез-құлығы мен ұжданынан ғана** негіз алатындығын анықтайды. Былайша айтқанда, бақыт тікелей **адам тәрбиесіне** тығыз байланысты көрінеді. Олай болса, адамдардың мінез-құлығы мен ұжданы және ақыл-парасаты, адам тәрбиесінің алғашқы физиологиялық кезеңдерінде, әсіресе оның **ұрықтазалығы мен а н а құрсағындағы тәрбиеге** байланысты қалыптасатындығын осы уақытқа дейін **ескермей келгенімізді** еске түсіреді. Ендеше, бұл пәни жалғандағы бақытсыздығымыздың негізгі себепкерлері, дұрыс қалыптасып жетілмеген мінез-құлығымыз бен ішкі жан-дүниеміздегі инабатимыз бен имандылығымызда екен. Осындай тұжырымды Абай да құптайды. Оның ұсынатын тәрбие қақындағы тәлімі, Фараби

мен Диуани жүйелерімен, тікелей жалғаса астасып жатыр. Мәселен, әл-Фараби – **«Жақсы мінез-құлығы мен ақыл күші болып, екеуі біріккенде ғана – адам бақытқа жетіп, адамшылық қасиеттерге ие болмақ»** – дейді.

Мысалы, ұлы Абай да: «Жас бала да анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды, хәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демелік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, ауызға салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде – ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да, тұра жүгіріп, – ол немене?, бұл немене?, – деп, ол неге үйтеді?, бұл неге бүйтеді?, – деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – **жан құмары**, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген хәм көрінбеген сырын түгелдей, ең болмаса дендеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң ол ж а н адам жаны болмай, хайуан жаны болады. Әуелде құдайтағала хайуанның жанынан адамның ж а н ы н і р і жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқан. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол неме не?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен деген де, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұрап, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?

«Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды, көбейтсек керек, бұл ж а н ы ң тамағы еді. Тәннен – жан артық еді, тәнді – ж а н ға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан – бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды – т ә н ғ е бас ұрғыздық, ешнәрсеге к ө н і л м е н қарамадық, көзбен

де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. **С ы р ы ң** – қалай болады? деп, көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу ақыл айтса: «Өз білгенің – өзіңе, өз білгенім – өзіме», «Кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол» деген дейміз. «Ой, тәнір-ай, кімнен кім артық дейсің?!», - дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз.

Көкіректе – сәуле жоқ, **к ө ң і л д е** – сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің – хайуан малдан неміз артық? Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді – білем деп таласпайды. Біз түк білмейміз – біз де білеміз деп, надандығымызды – білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей күре тамырымызды адырайтып кетеміз...» (Жетінші сөз) дей келіп, адам тәрбиесінің ана құрсағында қалыптасатын түйсікке және ішкі бес сезімдерге ерекше көңіл бөледі. Абайдың қайта медеу тұтар: – «Қайта бала күнімізде жақсыекенбіз», – дейтін табан тірері бар. Біздерде қазір бұл да жоқ?! Өйткені, жойқын күшпен тарап уландырып отырған арақ, темекі, наша сияқты қазіргі заман дерттері, енді туып дүниеге келер ұрпақтарымызды **ұ р ы ғ ы н д а** қ уландырып, **ж а н ы** мен **т ә н і** сау туатын балаға да зар етіп отыр. Байқап қарасаңыз, Абайдың айтып отырған сипаттарының бәрі де, адам мінездерінің көріністеріне жатады. Мінезсіз адамдар ең әуелі өзінің ақылын тоздырады екен де, сонан бүкіл тіршілігінің мәні мен сәніне өздері қиянат жасайтын көрінеді. Ал, ана құрсағында негіздері қаланып туса да, адам мінездерін тәрбиелеп жетілдіруге болатынын аңғартады. Тіпті, Абай өзінің 32-ші сөзінде: – «...ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты бар. Сол – мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, иә біреудің орынсыз сөзіне, иә бір кез-келген қызыққа, шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан *соң* – оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенінде қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық, мінезде азғырылмайтын ақылды,

а р д ы сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын?! Бұл – бір ақыл үшін, ар үшін болсын!...», – деп айдан анық етіп нақтылай түседі. Жұртым-ау, мұнан артық жазылған педагогикалық еңбектің түрі болушы ма еді. Сірә, тайға таңба басқандай тәрбие үлгісі дегеніміз осы болса керек.

ҰЖДАН. Тәрбиелі адамдардың бойларынан байқалатын: ұят пен ар, ізгілік пен мейірім, имандылық пен инабатты бір сөзбен айтқанда – ұждан деген ұғымға сыйдырамыз. Ал, адам табиғатындағы **ұ ж д а н** атты қасиеттің тербелетін бесігі, тек жүрек тәрбиесімен ғана үндесіп жататындығы белгілі. Оның да бірте-бірте бастау алып, қалыптасар мезгілі – адам тәрбиесінің ана құрсағындағы уақытымен дегдейлес келетіндігінде екенін ерекше ескеруіміз керек. Бұл заңдылықты бұдан былай ескермесек, дер кезінен кешігіп қағаберіс қалдырсақ, өмір бойы орны толмас өкінішке айналары анық. Адамдықтың осыншама ұланғайыр қасиеті, ана құрсағында жетілетін аз ғана мерзім ішінде, жана өсіп келе жатқан жан иесі – өзінің аса күрделі тән құрылыстарын ғана марқайтып қоймайды, сонымен қоса, жан-дүниесінің сергектігі мен сезімталдығын да түйсіктендіре, яғни, түйсіктік ақылдың сан-сала арнасын қалыптастырады екен. Жалпы осынау бір табиғат шебердің тылсым сырлы жұмбағын, тумысынан ақыл-парасатқа бай, мінез-құлықтары келіскен аналар ғана, телегей терең түйсіктері мен ішкі бес сезімдерінің құдіреті арқылы аңғара білген. Тіпті, олар тек аңғарып қана қоймай, «алпыс екі тамырларын иіте мейірленіп» – құрсағындағы жан иесінің – жарық дүниеге келгенше-ақ жүрек **т ә р б и е с і** н жан-жақты жетілдіруге тырысқан. Бұл сияқты тылсымның сырын, тек «мыңнан бір ана ғана» ішкі түйсіктерімен түсінген. Олар сондықтан да, «аяқтары ауыр» кездерінде сезімтал күйге ауысатын көңіл-күйлерінің өте нәзік, бай әсерлерін, үнемі өсіп келе жатқан жан иесінің түйсік сезімдерін жетілдіруге бағыттап отырады. Адамзат қауымына жаппай белгілі емес, осынау тылсымның сырын

сезінген дана халқымыз: – «Алып анадан туады» деген де, ол табиғат та осындай бір құбылыстың бар екенін білген тәрізді. Мұны, орасан үлкен ақындық та ғұламалық түйсікпен Ұлы Абай да сезген. Осының айқын дәлеліндей, ақынның өз сөзіне жүгініп көрелік,

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,

Үнінің тәтті оралған м ә н і оятар, - дей келеді де,

Жүрек тербеп, оятар баста м и д ы, - деп Абай данышпан таңғажайып уақытынан озған тұжырым жасайды. Егер осы ойды біз салыстырмалы түрде, жүкті әйелдің көңіліндегі сан алуан сезім күйлерін ә у е н ғ е теңсек, ол құрсақтағы жан иесінің ұйықтап жатқан жүрегін оятса, сонымен қабаттаса бірге жетілген ұждан ғана орнықты сипат алса керек. Осылайша негізін дер кезінде тереңнен алған жүрек тәрбиесі ғана, келешекте адам бойындағы ақыл-парасаттың сан-қилы сырларын ашып, оны кемелдікпен толысқан кемеңгерлікке дейін жетілдіреді. Осылайша, кезеңді сәттерінен кеш қалмаған адам тәрбиесінің қос қанаты болып саналатын – **жүрек тәрбиесі мен ақыл тәрбиесі** – домбыраның қос ішегіндей үндесе бірін-бірі жетелей дамитын сипатқа ауысады. Абай айтатын **«нұрлы ақылға»** бай **«толық адамның»** тұлғасы осылайша қалыптасса керек. Жалпы өзінің педагогикалық, тәрбие жүйесінде, Абай жүрек қалыптастыратын, ұ ж д а н д ы қ сипаттарға ерекше мән берген. Ол адамның ғұмыр тіршілігінде ж ү р е к т і н орнын ешнәрсемен салыстырмай жеке дара етіп алдыңғы қатарға қояды. Бұл арада да Абай Фарабидей ұстазының ақ-адал шәкірті ретінде танылып отыр. Тіпті, Абайдың айтуынша а қ ы л д ы ң тереңдігін күшейтетін де ж ү р е к деп біледі. Сондықтан да ол:

Ақылмен о й л а п білген сөз,

Бойыңа ж ұ қ п а с, сырғанар.

Ынталы ж ү р е к сезген сөз

Бартамырдықуалар,-деп, адам тәрбиесінің темірқазығын жүрекпен байланыстырып отыр. Абай қашан да өз ойларын өлеңмен жазса да немесе қарасөзбен өрнектесе де, телегей терең тұңғықтың сырларын меңзеп

қана, ыммен айтады. Біздердің осы күнге дейін, Абайды түсініп оқи алмай жүрміз деуіміздің бір себебі осында жатса керек. Осынау, бүгінгі ұрпағы біздердің қиналып жүрген жайымызды аша түскісі келгендей, данышпан Абай өзінің 14-ші сөзінде: «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап білмейді. Р а қ ы м д ы л ы қ, мейірбандық, уа, әрбір түрлі адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай ойды оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі, асықтық та – жүрек ісі. Тіл жүректің. айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың – тілін алса, жүрек ұмыт қалады. Қазақ та – адам баласы ғой, көбі а қ ы л с ы з д ы ғ ы н а н азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық – жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан а з а д ы (сөздерді ерекшелеп арасын ашып жазушы – Совет-Хан. Ғаббасов). Білместігімнен қылдым дегеннің көбіне нанбаймын...», — деп аса терең де нақтылықпен тәрбие тетіктерінің сырын ашып отыр. Бұл тұжырымнан ана құрсағында ғана қалыптасатын – **жүрек тәрбиесінің жүйесін** – барлық тума қасиетімен түгел аңғаруға болады. Біздің - Абайдың педагогикалық еңбектері ұрпақ тәрбиесінің – Темірқазығы деуіміз де осыдан. Оның өзіне тартпайтын да, өзінен таратпайтын да – тәрбие тәсілдері жоқ десек те болады. Кемеңгер Абай өзінің осы ойларын өлең сөзбен өрнектеп:

Жүрегі – айна, көңілі ояу,

Сөз тыңдамас ол баяу.

Өз өнері тұр таяу

Ұқпасын ба сөзді тез?! - деп ұ ғ ы н у мен ұ ғ у д ы н да мәні, жүрек тәрбиесі мен ақыл тәрбиесінің үндестігінде екенін анық аңғартады. Абай өзінің келесі педагогикалық еңбегінде, яғни, 17-ші сөзінде: «...Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласа келіп, ғылымға жүгініпті», - деп бастайды да әрқайсысын даралай көрсете келіп, ақырында жүректі тағы да ерекшелеп шығады. Төрелігін айтып жөн сілтеген Ғылым да: «...Осы үшеуің басыңды қос бәрін жүрекке билет...» - деп кесім айтады. Бұл ұрпағына айтып отырған Абайдың – өз кесімі еді.

Егер біз халықтық педагогикамызды ғылыми жүйемен қалыбына келтірсек, ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық мектебіміздің құбыласына жетелер тәлімнің сыры да осы болмақ. Ата-бабамыздың тәрбиесіндегі бұл үрдіс, сонау Тоныкөк пен Күлтегін жазбаларынан бастап, әл-Фараби мен Ғаббас Жауһаридің еңбектерінде философиялық мәнге ауысып, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде», – педагогикалық тереңдікті көрсетеді. Ал кешегі өткен Дауани мен Науаиды да жетілдіре түскен Абайдай ғұлама ойшыл өзі жазған еңбектерінде, иісі Түркі жұртының халық педагогикасының өзегінен ауытқымай, оның өзіне ғана тән тылсым сырларын, барынша айқын етіп мәнін ашып беруге тырысқан. Ұлы Абайдың туғанына 150 жыл толып, оны әлем халқы бірігіп тойлағалы отырған сәтте, кемеңгердің ең аялы жан сыры болып табылатын – «мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» деп ұрпағына қалдырған өсиетін кеш болса да танып, адам тәрбиесінің кілтіндей ұстаздық еңбектерін түсіне бастағанымызға шүкіршілік етеміз.

ҚАНАҒАТ. Инабат (этика) сипаттарының ішінде ерекше мәнге де мазмұнға ие – Қанағат атты қасиетті ұғымның қалыптасуына – Жүректің де, Ақылдың да қатынасы бар. Адам бойындағы бұл сипат – Жүрек пен Ақылдың үндесе жетілуінен ғана нәр алады. Тіпті, адам мінездеріндегі Қанағаттық қасиеттері, әбден толыса нұрланған соң, қайыра сәуле шашып Жүрек пен Ақылдың өзіне шапағатын тигізеді. Міне, Қанағаттың – күдіреті осындай?! Абай өзінің ұлағатты ұстаздықпен ұрпағына ұсынған 43-ші Қара сөзінде: – «...Әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса – жарамайды. Өлшеуін білмек – бір үлкен керек іс. Ойланбақ жақсы, бірақ іске тіпті салынып кеткен кісі, ойын байлай алмай, қияли болып кететіні де болады. Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, боғы шығады.

Мансап сүйгіштік, мақтаншақтық, ашуланшақтық, өтірікшілік, осыған ұқсаған әрбір маскүнемдікке тартып, құмар қылып, ақылдан шығарып жіберетін нәрселер болады.

Адамшылықтан шығарып, құмарпаздыққа салып жіберетұғын нәрселерден бойды ерте тыйып алу керек. Пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты – ақыл еді ғой. Бір ақыл қуаты бірден мұны тоқтатып болмайды. Һәм ақыл, Һәм қайрат, – екі мықты қуат қосылып тоқтатады...» - деп мөлшерсіздік пен қанағатсыздықтың түбі қайғы-қасірет екендігін аңғартады. Әсіресе, қанағатсыздық тәрізді зауалдың алдын алу үшін, бір ғана ақылдың күші жете бермейтіндігін, Абай ғұлама мәймөңкелемей ашып айтып отыр.

Дәл осындай ұғымды ағылшынның кемеңгер ойшыл педагогі Джон Локк та былайша сипаттайды: – «...От воздержания пред слишком поспешным подчинением своим желаниям, от умерения и сдержки своих страстей, дающей разуму возможность свободного и беспристрастного исследования и суждения. Итак, разум вступает в свои права руководства нашей деятельностью только при условии сдержки наших желаний...», - деп, адам нәпсісінің қанағатына ерекше мән беретіндігін байқаймыз.

Шындығында да адам нәпсісінің қанағаттылығы – тікелей жүрек тәрбиесі мен ақыл тәрбиесі жүйелерінің үндесе әсер етуімен ғана қалыптасатындығын, тек Абай ғана аша білген педагогикалық көзқарас екендігін ашып айтқан жөн. Адам тәрбиесіндегі осыншама күрделі құбылыстарды түсіне алуға, Абайдың құзыры әбден жетіп-ақ тұр?! Өйткені, ол Шығыс пен Батыстың ойшылдарының айтқандарын сыни пікірден өткізіп қана қоймай, ой елегімен дұрыс деп айтқандарын үнемі сабақтастыра қорытып ұштастыруға тырысады. Осындай құнары мол тәсілдерді пайдаланудың арқасында, ол адам тәрбиесі үшін аса қажетті педагогикалық тәлімнің пәрменді сырларын ашады. Бұл – Абайдың педагогикалық еңбектеріндегі әлі күнге дейін, бұрын-соңды сөз болып та көрмеген. тіпті ешуақытта мән берілмей келе жатқан тұсы.

Адам тәрбиесінде жүректің орнын ерекше бағалауды Абай сонау шығыс ойшылдары – әл-Фараби, ибн-Сина, Жүсіп Баласағұн, Ғұламаһи Дауани, Әлішер Навои, Жүсіп

Қарабағидан – тарата дамытқан. Адамның дүниетанымдарының дұрыс қалыптасуына, шешуші қызмет атқаратын, түйсік пен ішкі және сыртқы бес сезімдер (хауас, хауас сәлим, хауаси хамса заһири), гуманистік тұрғыдағы үш сүю (имани гүл), сонымен қоса, а қ ы л, әділет, рахым (жауәнмәртлік) ілімдеріне ерекше мән беріп қана қоймай, оны барынша халық педагогикасымен үндестіре қарауға тырысқан. Сайын далада отырып данышпандықтың шыңына шыққан, Абайдай ғұламаның осынау бір өзіне тән жұмбақ сырын алғаш ашушы және бұл жөнінде бағдар беруші, заманымыздық ғұлама-жазушысы М.О.Әуезов болса, сол кезінде тезис ретінде ғана жазуға мүмкіншілігі болған нұсқауларды бірсыдырғы таратып жетілдіре дамытқан, абайтану мен мұхтартануды үндестіре ілгерлетуші, белгілі ғалым М.Мырзахметов екенін айта кеткен жөн.

Адам мінездеріндегі тәрбие күшімен қалыптасатын Қанағаттың бір ұшы, кезінде негізін Фараби қалаған – хауас, имани гүл, жауәнмәртлік – ілімдерінің тәсілдерімен сабақтасып жатқанын көреміз. Ұлы Абайдың кемеңгерлігі сол, осынау замана тосқауылдарына төтеп бере отырып жеткен, үш түрлі ілімнің сырларын терең ұғынып, олардың сипатынан қазақ халқының ежелден келе жатқан тәлімімен етене жақын екенін танығаннан кейін, оның принциптерін өзінің өлеңдерінде де, қара сөздерінде де кең түрде пайдаланған. Ол – осы ілімдерді, келешек ұрпақ тәрбиесінде пайдалануды барынша арман еткен. Бұл туған жұртына тілеген – Абай армандарының бірі ғана десек болады.

Міне, заман өзгеріп, ғасыр ауысып жатыр. Не ықылым ғасырлардан өтіп, не бір сорақы тұрмыстарды кешіп, қазақ халқы арманнан да алыс боп кеткен өзінің дербестігін алысымен-ақ, бұрын ешуақытта ойына кіріп шықпаған, өзінің ұлттық оқу-ағарту жүйесінің үлгісін жасауға кірісті. Халқымыздың болашақ ұрпақ тәрбиесін ғылыми жүйелейтін осы үлгіде – екінші ұстаз атанған Фарабиден бастау алатын, Абайдың педагогикалық еңбектеріндегі ересен

мол қазыналар, тереңдей зерттеліп міндетті түрде көрініс табуы қажет. Оны толғандырған «нұрлы ақылға» бай, іштей де, сырттай да жетілген «толық адам», біздің де келешектен күтер арманымыз екенін айтып қою аз, оның ұрпақ тәрбиесіндегі ү л г і с і н жасауымыз керек.

Абай өзінің бүкіл шығармалық еңбектерінде, өлеңдері мен қара сөздерінде де, адам тіршілігіндегі – ж ү р е к т і ң ықпалы, адамның т ә н і мен ж а н ы н ы ң падишасы ж ү р е к екенін – дәлелдеп көп жазған ғұлама еді. Жүректің ізгілікті және махаббатты болу себептері – «...әуелі хауас сәлим (ішкі сезім, жақсы сипат) һәм тән саулық, бұлар туысынан болады...» –деп жүрек тәрбиесінің ана құрсағында қалыптасатындығын меңзейді. Абайдың бұл мағынадағы меңзеуін төмендегі өлеңнен де көруге болады:

Алла деген сөз жеңіл

Аллаға ауыз жол емес.

Ынталы ж ү р е к, шын к ө ң і л

Өзгесі хаққа қол емес.

Дененің барша қуаты

Өнерге салар бар күшін.

Жүректің ақыл суаты

Махаббат қылса тәңірі үшін.

Ақылға сыймас ол алла,

Тағрипқа тілім қысқа аһ!

Барлығына шүбәсіз,

Неге мәужүт ол куә.

Ақылмен х а у а с барлығын

Білмейдүр, жүрек сезедүр.

Мутәкәллимин мантикин

Бекер босқа ездүр – деп шығыс философиясындағы мәнді сөздермен сілтеме жасай отырып із тастап жазады. Міне, осы өлеңімен (3. түсіну, білу, анықтау; 4. бар нәрсе; 5. түйсік, сезім сипаттары; 6. дінді дәлелдеушілер; 7. қисынсыз сөз;) данышпан Абай терең-терең ағымдарды меңзеп қана қоймай, неше алуан ілімдердегі тұжырымдарға да мән береді. Осылайша, шығыс философиясындағы көне ілімдермен ұштастыра отырып, өзінің жандүниесімен құптаған — жүректің тендессіз ықпалын (культін) үнемі алдыңғы

қатарға қоюдан айнымайды. Абайдың осы көзқарастарына сүйене отырып, біздің халық педагогикамыздың арқауы мен арнасы да, осы маңайға көмбесін қалдырғанын аңғаратын мезгіл жетті. Тек, осы күдіретті жүрекпен сезіп, а қ ы л м е н аша ұғынсақ екен.

Арнайы тоқталып сөз етіп отырған, адам мінезіндегі қанағаттылық сипаты, адамдардың адамгершілігі мен кісіліктерін сақтап, аса үлкен мұраттарға жетелейтіндігін халық педагогикасының қағидаларынан да анық байқауға болады. Мәселен, халық даналығы: «Қанағат – қарын тойғызады, қанағатсыздық – жалғыз атын сойғызады», -деп өз тұрмысының, жай-күйін тұтас алып сипаттайтын ой түйеді. Егер, қанағатсыздыққа салынып, бір шаңырақтың астындағы жандарда ғана емес, бүкіл ауылды асырап отырған жалғыз атты сойсаң, бірдің, емес, жүздің тіршілігін солдырғанмен бірдей болатындығын ашық айтып тұр. Міне, бұдан көп толғаныстармен толыса, қаншама ілімдермен салыстыра жетілдірген Абайдың педагогикалық көзқарастарының бастауы да халық педагогикасымен біте қайнасып жатқанын аңғару қиын емес.

ӘДІЛЕТ-ШАПҚАТ. Жоғарыда айтылған ж ә у а н м ә р т л і к ілімнің бір көрінісі – Әділет екендігін байқадық. Содан тарайтын шапқат пен адамдардың бір-бірлеріне деген мейірімдері көрінбек. Ұлы Абай осы мәселелерді өзінің көсіле толғанып жазған 38-ші қара сөзінде толып жатқан инабаттық (этикалық) сипаттармен салыстыра қарастырып, аса терең рухани ұғымдарға үңіледі. Өз уақыты үшін тым биік те аса көрегендікпен жаңа тұжырымдар жасайды. Мәселен, ол осы 38-ші сөзінде: «Ей, жүрегімнің қуаты, перзенттерім?! Сіздерге адам ұғымының мінездері туралы біраз сөз жазып ядқар (ескерткіш) қалдырайын. Ықлас-бірлән оқып, ұғып алыңыздар, жаның үшін махаббатың толады. Махаббат - әуел адамның адамдығы, ғақыл, ғылым деген нәрселер-бірлән. Мұның табылмақтығына себептер - әуелі х а у а с с ә л и м (ішкі сезім, жақсы сипат) һәм т ә н саулық, бұлар туысынан болады, қалмысы жақсы ата, жақсы ана,

жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Талап, ұғым – махаббаттан шығады. Ғылым-білімге махаббаттан дырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады. Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен, яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздейтіндей болғанша», – түбегейлі нәрселерді түре айтып, күллі педагогикалық тәлім мен тәрбиенің негізгі әдістеріне жөн сілтейді. Бүкіл шығыс мәдениетінің терең сезімталдық (хауас) пен ойшылдыққа құрылған ілімдері мен ойын өрнектеп және замана өзгерістеріне лайықтап жетілдіріп те отырады. Абайдай кемеңгердің педагогикалық еңбектерінен, иісі Түркі халықтарынан шыққан ғұламалардың еңбектерінің ізін көріп, Фараби мен Баласағұн шығармаларын тебіренген тереңдікпен зерттегендігін байқау қиын емес. Сондықтан да оның ұрпағына сыр ғып қалдырған, «Жүрегімнің түбіне терең бойла, мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» дейтін мұңға толы өсиетінің сипаты да, сол өзінің алдында өткен ілімдерді түбегейлі зерттеп білгендігінде жатса керек. Осы айтылғандардың айқын айғағындай, тағы да Абайдың өзін тындап көрелік: – «Қашан бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты – а д а м болады. Сонан соң ғана алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана жәліб мәнфағат (пайдалыны алу) дәфғы музарратларны (залалдыдан қашу), айырмашылық секілді ғылым-білімді үйренсе, білсе деп үміт қылмаққа болады. Болмаса жоқ... ең болмаса шала Арың үшін көбінесе балаларды жасында ата-аналары қиянатшылыққа салындырып алады, соңынан моллаға берген болады, иә ол балалары өздері барған болады – бірақ ешбір бәһра (пайда, нәтиже) болмайды. Ол қиянатшыл балалары талапқа да, ғылымға да, ұстазға да, хаттә иман иғтиқатқа да (нану, сену), қиянатбірлән (қиянатшыл) болады. Олардың адамшылығының кәмеләт (жетілу, толығу) таппағы – қиынның қиыны...» - дей келіп, соншама үлкен тәлімдік тұжырым ұсынады да, телегей теңіз тереңдікте жатқан тәрбиенің мәнін суыртпақтай түсіп:

«...Себебі, алла тағала өзі – хақиқат жолы. Хақиқат бірлән растық - қиянаттың дұшпаны, дұшпаны арқылы шақыртқанға дос келе ме? Көңілде - өзге махаббат тұрғанда – хақылықты таппайды. Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтық бірлән табылады...» - деп, біз ұсынып отырған жүрек тәрбиесінің жүйесі ғана жетілдіретін инабат пен имандылыққа қоса, физиологиялық әр кезеңнің өзіне тән тәлімі мен тәрбиенің ақ жолын көрсетіп отыр. Жалпы, Абайдың тәрбие жайында жазылған басқа еңбектерін алмай-ақ, тек осы 38-ші қара сөзінен ғана, тылсым сыры мол ғажайып зерттеу кітабының жазыларына күмән жоқ. Міне, сол зерттеу кітапта Түркі елдерінің халық педагогикасының ерекшеліктері мен Фараби ілімдерінің астасуы және оны түркі елдерінен шыққан ғұламалардың қалай дамытқандығын егжей-тегжей таратылып айтылатындығына сенгің келеді. Әрине, ол келешектің ісі, әйтседағы ұрпағының ұлттық тәрбиесін қалыптастыруға ұмтылыс жасап жатқан халқымыз, Абайдың педагогикалық мұраларына сипай қараудан тез арада тыйылған жөн дер едік.

Абайдың бүкіл өмір жолын зерделей қарасақ, ол айтқан ойлары мен сөздерін, іс жүзінде асыруға ерекше күш салған. Соның бір айғағындай, оның өз кіндігінен туған балаларын сонау Семей қаласындағы, жаңаша білім беретін мектептерге беріп оқытуы дер едік. Абайдың кіші ұлы Мағауия мен қызы Гүлбадан Семейдегі орыс мектебінде оқыса, үлкен ұлы Әбдірахман Петрбордағы артиллериялық училищені оқып бітіреді. Осылайша, ол өзінің іс-әрекеттерімен де айналасына үлгі шашып, қара нардай сахарада шөгіп, қараңғылықтың құрсауында жатқан елін, үнемі оқу-білімге шақырумен болды. Өзі өмір сүрген заманына және уақытына лайықты ұлы ғұламаның осы талпыныстарының берген жемістері де аз емес екенін әділетпен айтқанымыз жөн.

Абайдың ағартушылық жолындағы жасаған екінші бір пәрменді үлгісі, өзінің айналасындағы талапты жастардың бастарын

біріктіріп ашқан «ақындық мектебі» еді. Бұл мәселені де, кезінде жан-жақты зерттеп, бір жүйеге келтірген, ғұлама-жазушы М.О.Әуезов болатын. Белгілі ғалым М.Мырзахметов өзінің «Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары» атты монографиясында, бұл мәселені барынша тереңдете көрсетіп, көптеген жаңа пікірлер айтады. Осы кітапта: - «...Бұл тұста Абаймен күнделікті тұрмыста тікелей араласып, көркем шығармалар жазған ақын шәкірттері ретінде - Көкбай (1864-1927), Әріп (1856-1924), Ақылбай (1868-1904), Мағауия (1870-1904), Бейсенбай (1880-1934), Әубәкір (1880-1934), - сияқты алты ақынды атап көрсетеді. М.Әуезов өзінің 1944 жылғы тезистерінде, осы аттары аталған алтауын Абай дәстүрін жалғастырушы талантты шәкірттері деп бағалаған.

Осыған қоса, «Абай жолы» эпопеясының кейіпкерлеріне айналып кеткен бір топ өнерлі жастар бар. Абайдың маңайына үйірілген осы өнерлі топтың ішінде шәкірт ақындар мен бірге ақын шығармаларын, әндерін даралап танушылар, ел ішіне оны әр түрлі жолдармен таратушы өнерлі жастар ретінде Көкбай, Ақылбай, Шұбар, Мағауия, әншілер – Мұқа, Мұхамеджан, Әлмағамбет, Әйгерім, ертегіші - Баймағамбет және Кәкітай, Әбіш, Уәйіс т. б. толып жатқан эпизодтық кейіпкерлер әрекеті беріледі», - деп ғалым хәм жазушы Мұхаңа (М.Әуезов) сілтеме жасай отырып, «Абайдың ақындық мектебі» деген ұғымның ішкі сырларына үңіле түседі.

Жалпы, Абай өзінің айналасындағы өнер құған шәкірттерімен білім, ғылым, өмір көріністері мен тұрмыс тәлкектерін, адам мінездері мен кісілікке лайық келбеттерін шешіле талдап, тежеусіз пікір алысуды үнемі жетілдіріп отыруға тырысқан. Сонымен қоса, Абай шәкірттерінің ыңғайларына орай, өнердің сан-сала жолдарын арнайы тапсырып, олардың осы салаға бейімделе білім жинауына көмектесіп отырған. Мәселен, шәкірттерінің біріне - шығыс ойшылдарының еңбегімен танысуды жүктесе, екіншісіне – батыс мәдениетіндегі өнер мен әдебиеттің даму бағыттарына зер салуды

тапсырады. Мұның өзі, келе-келе әрбір отырыстың мәнді де, терең сипат алуына барынша ықпал ететін болған. Осындай отырыстар ұстаз бен шәкірттердің ашық сырлауларына әкеліп, шын мәніндегі ұстаздықтың үлгісін нәрлендіре түскен. Кейінірек мұндай сәттерді кейде ауыл адамдарының ортасында өткізетін болған. Бұл да тәрбие бағытындағы Абай тәлімінің бір саласы екенін атап айтқан жөн.

ТҰРМЫСТЫҚ ТӘЛІМДЕР. Абай ағартушылығының бір аса күрделі саласы, білім-ғылымға үйренуді үндеумен қоса, ерінбей еңбек етудің қадір-қасиеті мен баяндылығына тәрбиелеу болып табылады. Тек еңбек қана адамның тұрмыс жағдайларын да, жандүниесінің жақсылық сезімдерге бөленуін де қамтамасыз ететіндігін, ол өзінің барлық шығармаларына негізгі арқау етеді. Жалпы адамшылықтың ақ жолдарын Абай білімнен де, еңбектен де, жастықтан да бір тұтастық бірлікте қарастырғанды дұрыс бағыт деп біледі. Мәселен, Абайдың мына өлеңінің әр жолына зер сала оқып көрелікші:

Жастықтың, оты, қайдасың,
Жүректі түртіп қозғамай?
Ғылымның, біліп пайдасын,
Дүниенің көркін болжамай?
Адамның тауып айласын,
Кісілікті ойламай.
Қаруын көңіл сайласын,
Қолға ол түспес бойламай.

Мінеки, осы өлең жолдарынан ақынның нені аңсап, неден безініп отырғандығын анық көруге болады. Ол өзінің сыншыл ақыл-парасатымен тапқан барлық асылын, еш бүкпесіз жайып тастап, бүкіл халықтығымызға қиянатын тигізіп жүрген «...өсек пен өтірік, еріншектік пен салғырттық...» тәрізді адам мінездерін аяусыз сынға алады. Сонымен қоса, нақты ұсыныстары мен тіршілік мұраттарының жолдарын нұсқайды. Мысалы:

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де— бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан,
Қайрат пен ақыл жол табар,

Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.
Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса қазаққа,
Алдың – жалын, артың – мұз,
Барар едің қай жаққа?

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балаға.

Мұндай пайғамбарлық сөзді, дүниенің төрт бұрышын адақтап іздесеңіз де таба алмайсыз? Осыншама, тәрбиенің теңдессіз үлгісін, педагогикалық тәлімнің биік шыңы десек, бізді кім жазғыра алар екен. Сөз асылымен орап ұсынған, дария шалқар даналық та, тіршілік тамырын қалт еткізбей басып, ақ пен қарасын айырып беріп отырған ғұламалық та, тіпті өткеніңе үңілдіріп келешекті болжап отырған көрегендік те осында емес пе? Жалпы, қазақ халқының ашылмай жатқан сыр сандығы, кемеңгер Абайдың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастары екенін аса үлкен өкінішпен мойындауымыз керек. Тек, мойындап қана қоймай, оларды түбегейлі зерттеп, ұрпақ тәрбиесінде батыл түрде пайдаланатын да мезгіл жеткен сияқты. Айта берсе Абайдың адам мінездеріндегі жағымды да, жағымсыз қылықтарын салыстыра айтатын еңбектері толып жатыр. Бірақ, оның осыншама мол еңбектерінің құнарлы жемісін көре алмаған өкініштері, ақынның өз басының трагедиясы еді. Ол жайында Абайдың өзі былайша толғанады:

Менсінбеуші ем наданды,
Ақылсыз деп қор тұтып,
Түзетпек едім заманды,
Өзімді тым-ақ зор тұтып.

Таппадым көмек өзіме,
Көп наданмен алысып.
Көнбеді ешкім сөзіме,
Әдетіне қарысып.
Жан шошырлық түрінде,
Бәрі бірдей еліріп.

Ұстай алмадым бірін де,
Кекиді кейін шегініп.

Әринемен ел кетті,
Қоқиланды, мақтанды.
Қуат бітті, күн өтті,
Жарылқа, құдай жатқанды.

Абай өз ғұмырында осыншама мол жан азабын шеккен ойшыл еді. Ол өз жағдайын ұрпағына аша түсіп, «Жарлы емеспін, зарлымын оны да ойла толғанып» деп тереңде жатқан сырын ашып отыр. Қараңғылық шырмауымен талауда жатқан халқының, жан-дүниесіне шапағат шашам деумен, оның арманда өткен ғұмыры бар. Оның үстіне өмірінің соңында, тағдыр еке-ш тағдыр да, аяусыз қанды шеңгелін салып, 1895 жылы өзінің бар үмітін артқан сүйікті ұлы Әбдірахман қайтыс болып қан жылағаны аз дегендей, 1904 жылы қырық күн аралап бірінен кейін бірі дүниеден өткен ақын ұлдары – Ақылбай мен Мағауияның өлімдері сорлы әкені мүлдем шөктіріп кетті. Осыншама ауыр қасірет салмағын көтере алмаған кемеңгер жанның жүрегі, Мағауияның өлімінен соң тура қырық күннен кейін мәңгілікке соғуын тоқтатқан еді. Осылай дей тұрсақ та, келешектің мәңгілігі мен мұраттарын, Абайдың өз сөзімен тұжырымдағанды жөн көрдік:

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сия ма, ойландаршы
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?!

Міне, осы тұжырымға біздер де тоқтаймыз да шүкіршілік етеміз. Кезінде Абай шығармалары дұрыс аударылып жетсе, бір қазаққа ғана емес, бүкіл адамзаттың мақтаныш тұтары хақ. Кейінгі толқын буындар, оның әр еңбегінің мәнін түсінгенде, мінәжат етіп қайталар дұғасына айналдырарына сенеміз. Абай армандап кеткен асыл мұраларға күллі түркі халықтары қауымдасқан береке-бірлікпен жетері анық.

ДОСТЫҚ МҰРА. Абай өзінің бүкіл саналы өмірінде, шынайы достықты, достыққа апарар ақ-адал сезімдерді барынша құрметтеумен қоса, оларды аса биік өркені мол мұрат деп таныған. Имани гүл іліміндегі үш

сүюді талдай келіп:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де с ү й ол **алланы** жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін с ү й бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп сүй ә д і л е т т і.
Осы үш сүй болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тахқиқ (анық)

біл.

Ойлан-дағы үшеуін таратып бақ,
Дін де осы шын ойласаң, тағат (құлшылық)
та осы,

Екі дүние бұл тасдих (растай) – хақтың досы.

Осыларды бұзатын және үш іс бар
Пайда, мақтан, әуесқой – онан шошы.

Міне, осынау күллі тіршілікті жаратушыны, адамзатты, әділетті – сүю арқылы табылатын достықты, өмір бойы аңсаумен және уағыздаумен өткен Абайдың ағартушылық сипатын, жеңіл-желпі сөз етіп қана қоймай, оны терең талдап зерттей ұғынуымыз қажет. Ол – шынайы с ү й е білуді, нағыз дарындылық пен талант деп ұққан. Көкірек көзін оятар білім мен ғылым ғана имани гүлге (үш сүю) жеткізетін сара жол деп түсінген. Ал, білім мен ғылымның кілті – Тіл! Олай болса, өміріңе қажет керекті тілді үйрену басты мақсаттардың біріне айналғанын Абай әркез өз еңбектерінде айтып отырады. Сондықтан да, ол – араб, парсы, шағатай, орыс тілдерін терең білудің арқасында, шығыс пен батыс ойшылдарының тапқан ғылым жүйелерін байланыстыра меңгерген. Оның өз заманынан оқ бойы озық артықшылығы да осында жатыр?! Әсіресе, Абай өзінің кемелденген шағында жақсы меңгерген орыс тілінің берген жемістерін көп пайдаланады. Өмірінің соңғы жылдарындағы дүниетанымы мен ойшылдық көзқарастары аса мағыналы жаңа сипаттарға ауысады. Орыс халқының озық ойшылдары – Герцен, Белинский, Чернышевский, Добролюбовтардың шығармаларын тікелей оқу арқылы, табиғатынан данышпан туған Абай ойшылдықтың не бір қиын биіктеріне қол созады. Ол осы орыс тілінің арқасында, батыс европаның философиялымдарының (Спиноза, Спенсер, Милл және Дарвин) еңбектерімен танысып қана

қоймай, оларды ой елегінен өткізу арқылы өз пікірлерін тұжырымдаған. Әсіресе, көне грек кемеңгерлері Сократ, Платон, Аристотельдің еңбектерімен танысу, оны көне шығыс ойшылдарымен салыстыра игеру Абайдың сыбағасына тиген ұлы мұрат.

Бертін келе Абай ақындық өнердің шыңына көтерілгенде Крылов, Пушкин, Лермонтов, Толстой, Гете еңбектерін құныға оқып, олардың біразының шығармаларын қазақ тіліне аударып, туған халқының игілігіне айналдырды.

Абай өзінің бұл аудармаларына өнер жарысының көзімен қараған. Осылай дей тұрғанның өзінде де, аударып отырған ақынының құдіретіне де қиянат жасамаған Абай өзінің 25-ші -сөзінде: «Орысша оқу керек, хикмет (керемет, ғажайып, сыр, ақыл) те, мал да, өнер де ғылым да бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болуға пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның үшін олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі сонымен бірдейлік дағуасына (теңесу) кіреді, аса арсыздана жалынбайды.», - деп, басқа тілдерді білген жандардың кісілігі асып, қоршылық көрмейтіндігін айтады. Сол кездің өзінде-ақ Абай білімді бір басың үшін емес, ел-жұртқа айналаңа адалдығыңмен қызмет ету үшін үйренуді баса көрсетеді. Тіпті, өзінің айтпақ ойын, жаңағы 25-ші сөзін де онан бетер ашық та айқын көрсетіп. «Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейін, мені көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа заңы бірдей болмаса, заңсыз қорлағанына көнбес едік. Қазаққа күзетші болайын деп біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, жұрт қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек...», - деген ойынан Абайдың нені аңсап, қандай қияға қол созып отырғанын, терең түсініп аңғармау мүмкін емес.

Абайдың ағартушылық және педагогикалық еңбектерінде, тәрбиенің әдістерін ғана көрсетіп қоймайды сонымен қоса, оның мақсаты мен мәніне орай үлгілерді бірге ұсынып отырады. Заманына лайық ел-жұртының

алдына қойған мақсаты анық болғандықтан, соған орай істеліп жатқан істің де әділ бағасын көрсетіп отыруды өзінің міндеті санаған. Мәселен, осы 25-ші сөзіндегі мынау сәтке көңіл аударалық «Қазірде, орыстан оқыған балалардан, тым артық жақсы кісі шыға алмай да тұр. Себебі, ата-анасы, ағайын-туғаны, бір жағынан бұзып жатыр. Сөйтсе де осы оқыған балалар – ана оқымаған қазақ балаларынан үздік, озық», - деп өмірден өзі байқап жүрген шындықтың да бетін ашып отыруға тырысқан. Өктемдік пен арсыздыққа құрылған қоғам бір жағынан дұрыс тәрбие бермесе, екінші жағынан пәндешілік үшін оқытып жатқан ата-ананың да жаман әсерлерін жасырмайды.

Міне, Абай педагогикасының құдіреті де осында жатыр. Ол жоғарыда айтылғандай көзқарастағы ата-анаға да: «...Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барынды салсаң да... орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол - мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең - оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көре ме, яки жұртқа рахат көрсете ме?!» - деп соншама өміршең де өркенді тіршіліктің мәнін айпа-радай ашып ұғындыра білген. Ол өзінің осы пікірлерін, аядай ғана қазақ жұртының тіршілігіне байлап қоймай, күллі адамзаттық мұраттармен астастырып жетілдіре түсетінін көреміз.

Абай өзінің 38-ші қара сөзінде: «...Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Содан, қашпақ керек! Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің?!

Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік – хайуандық болады.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Залымдық - адам баласының дұшпаны - дейді де Абай осылардан құтылудың пәрменді жолдарын атап-атап айтып береді. Ойлана

толғанып, ұқыппен тындап көріңіз? Бұл да осы 38-ші сөзінде: «Бұлардың емі – халқына махаббат, күллі ғаламға шапқат, қайратты да тұрлаулы ғаділетті іс, алды-артын байқарлық білім мен ғылым», – деп тұжырымдайды. Ол бірақ өзінің арман еткен шапқат пен достық сезімдерін, өзі өмір сүрген ортасынан таба алмай қамығумен күн кешеді. Сондықтан да, ол келешектен гөрі өтіп кеткен өмірін аңсап:

Есімде бар ма жас күнің,
Көкірегің толық, басың бос.
Қайғысыз, ойсыз, мас күнің?
Кімді көрсең бәрі дос.

Махаббат, қызық, мал мен бақ,
Көрінуші еді досқа ортақ.
Үміт жақын, көңіл ақ,
Болар ма сондай қызық шақ?

Құдай-ау, қайда сол жылдар,
Махаббат, қызық мол жылдар?!
Ақырын, ақырын шегініп,
Алыстап кетті-ау құрғырлар.
Көзіме жас бер, жылайын,
Шыдам бер, сабыр қылайын.

Жаралы болған жүрекке

Дауа бер, жамап сынайын - деп, жан жара-
сымен азап шеккен ғұлама-ақын өзін-өзі
төзімділікке шақырып, күңірене күйзелумен
өтіп жатқан күндерін жасырмайды. Қайта,
келер ұрпағына сыр шерте, қабағат ауыр
мұң-зарын аманат етіп, бұл жолды соқпай
ілгеріле дейтін тәрізді. Кемеңгер жанның кө-
кірегін шерменде еткен, әділетсіз қоғам мен
білім-ғылымы жоқ ортаның аяусыз азабына,
сенің де жаның қарылғандай сезімде бола-
сың?! Міне, осының бәрі де тәрбие мен тә-
лім! Шынымен де, өз еркіндігің өзіңе кел-
гені рас болса, ұрпақ тәрбиесі үшін терең-
нен сүзіп асылын алатын ұлағат. Абай
сынды жұмбақ жанның ұлағаты! Түбінде,
Абайтану ғылымының арнасы, бұрынғыдай
жалтақтықты ысырып тастап, нағыз
ғылыми негіздерге сүйене отырып, түркі
халықтарынан шыққан данышпандардың
үнемі жалғастықта болғанын, жүйелей тал-
дап зерттелетін күндердің де келетіндігіне
сенгіміз келеді. Сонда ғана, Абайдың адам
тәрбиесі хақындағы көзқарастары аса үлкен
мәнге жетіп, болашақ ұрпақтың көкірегін
оятар сәулелі шапағына айналары хақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әл-Фараби. Әлеуметтік – этикалық трактаттар. – А., 1975, – 106б.
- 2 Құнанбаев Абай. Шығармалары. – А., 1961, – 444б.
- 3 Құнанбаев Абай. Шығармалары, 2-т., – А., 1977, – 185б.
- 4 Джон Локк. Избран., т.3, § 37, 1988. – 465б.
- 5 Құнанбаев Абай. Шығармалары 1-т., – А., 1977. – 268б.
- 6 Құнанбаев Абай. Шығармаларының 2-томдығы – А., 1977. – 223б.



ӘОЖ 37.0

Ә. Табылды

ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, профессор

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ XIX-XX ҒАСЫРДАҒЫ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАРДЫҢ ДАМУЫ ҚАЛЫПТАСУЫ

Мақалада Ұлы педагогтардың ұлттық педагогикалық еңбектері жайлы жазылған. Ұлы педагогтардың ізденіп оқып, ғұламалық дәрежеге жеткен дара дарындылығы жайлы сөз етілген. Педагогтардың баланы тәрбиелеуде, білім беруде, баланың жеке басының ерекшеліктеріне, жан жүйесіне, дербестік шамаларына қарай, тәрбиелеудің сендіру тәсілін қолданумен қатар, білім берудің лайықтылық мақсатын іске асыруды ұсынады. Осы және басқада еңбектері жайлы кеңінен ашылып жазылған.

Түйін сөздер: педагог, қазақ, ұстаз, әліппе, еңбек.

В статье написано о национальных педагогических трудах Великих педагогов. Говорится о поисках педагогов, об индивидуальной талантливости в достижении степени ученого. Педагоги наряду с использованием методов веры соответственно особенностям, состоянию души, личным возможностям детей в воспитании и обучении, предлагают осуществить соответствующие цели образования. Обширно написано об этих и других трудах.

Ключевые слова: педагог, казах, учитель, букварь, труд.

In the article written about the national pedagogical work of the great teachers. Said the search for teachers on individual talents in pursuing a degree scientist. Teachers, along with methods of faith respectively features, state of mind, personal ability of children in education and upbringing, offer to make the appropriate education. Written extensively on these and other writings.

Keywords: teacher, Kazakh, a teacher, a primer, work.

Асқаралы ақын, шешен аудармашы, данышпан философ, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858–1931) өзінің шыңы биік шығармаларында оқу, білім алу, тәрбие, тәлім туралы өрнекті өнеге қалдырды.

Ұлы ойшыл: «...алдымда Абай марқұм болған соң, содан ғибрат алып, мен де адамшылықтың, адалдықтың жолын қуғаным жөн деп басымды шытырман шатақтан ерте босатып алып, білім жолына түстім... өз бетіммен ізденіп, ...оқып, білгендерден сұрап, ...барлық өмірімді жазумен өткіздім, ...өз мақтаным үшін жазғаным жоқ... Кейінгілер үлгі алып, өнеге үйренсін дедім», - деп, білімді алу, оны үйрету мақсатын көздеді.

Өздігінен ізденіп оқып, ғұламалық дәрежеге жеткен дара дарын Шәкәрім сонау өзінен бұрынғы Баласағұни, Бақырғани, Жүйнеки сияқты адамшылықтың, кісіліктің негізі етіп, білім мен еңбекті, тәрбиені уағыздайды: бі-

лімді үйрену үшін нені үйренуді, кімнен, қалай үйренуді білу ләзім, білімнің кілті - ыждағатта, ынта-жігерде, еңбекте деп көрсетеді.

«Бар ғылымның түп атасы – Таза ақылмен ойлану, - деп (Шығармалары, 1988 жыл, 265-бет) білімді ой-санаға сіңіру үшін «таза ақыл» керек екенін тұжырымдайды. Білім алу үшін, оны іске асыру үшін еңбек ету қажет, бірақ еңбектіңде еңбегі бар, орнына жұмсалмаған еңбек, зұлымдыққа жұмсалған ақыл - отқа түскен көбелекпен бір есеп», - дейді (бұл да сонда, 488-бет). Гуманист ақын жастарға білім беруде олардың жақсылықты ойлау белсенділігін, ақыл-парасатын дамытуды басты мақсат етеді, білім беру мен тәрбие ісінің бірлігін сақтай білуді ұстаздық нұсқа етіп ұсынады. Әрбір жас адам жалындаған жастықтың желігімен кетпей, өз мүмкіндіктерін: ақыл-ойларын, бейімділіктерін, күш-жігерін адамзаттық пайдалы

істерге бағдарлай білсе, ол игі мақсатына жетеді. «Білімсіз, ғылымсыз өнер табылмайды. Сол алған білім өнерлерін адал еңбекпен жаратылыстыңмол байлығын пайдалануға салса, табылмайтын нәрсе жоқ. Сол тапқан байлықты барша адам баласыныңкерегіне, пайдасына жарата білу керек», - дейді. «Арлы, ақылды адам қиянатты, зорлықты, өзімшілдікті, мақтанды білмейді және істемейді», - деп (бұл да сонда, 541-бет) ол ар мен ақылды адам санасыныңбиік сапасын көрсететін қасиет екенін дәріптейді.

«Көңіл көзін аш-тағы ақылға сал, Құр құлақпен тыңдама, қалқатайым!» - деп (бұл да сонда, 261-бет) дарқан дарынды ақын білімді үйрену үшін әрбір жасқа зейінділік пен пайымдылық керек екенін ерекше ескертеді.

«Жас баланы ұрғанмен шырылдатып, Ойы толмай тұрғанда ақыл өнбес», - деп тәрбиелеуде, білім беруде баланың жеке басының ерекшеліктеріне, жан жүйесіне, дербестік шамаларына қарай, тәрбиелеудіңсендіру тәсілін қолданумен қатар, білім берудің лайықтылық мақсатын іске асыруды ұсынады.

«Мұғалімнің өмірі» деген дастаны арқылы ол ой дамытып данышпандыққа, білім дамытып ғұламалыққа жету үшін әрбір адам өмірге жауапкершілікпен қарап, талпынып, талаптанып, ыждағаттанып ықылас қоя еңбек етіп, өздігінен білім алуға ұмтылу керек екенін өз өмірінен мысалдап баяндайды, халықтыңмәдениетін өркендету үшін әрбір ақ ниетті адам оқуға ұмтылып, білім алуға міндетті деп, ол шын пейілмен, бар ықыласымен ұмтылса, білімге деген қызығушылығын арттыра білсе, әрбір талапкер өздігінен білім алып та ғылыми мақсаттарына жете алатынын дәлелдеп көрсетеді.

«Сөзбен де, өлеңмен де сабақ беріп, Алсын деп керектісін өзі теріп», - деп, ғұлама ақын өз шығармаларымен ұлағатты ұстаздық мақсаттарды орайымен орындады.

Ақын ғылымды үйреніп, білімді адам болуға кедергі жасайтын: самарқаулық, еріншектік, салақтық, немқұрайдылық, жауапсыздық сияқты мінез кеселдерін өзінің

сатиралық өлеңдерімен қатты сынайды. Ақындық, жазушылық, композиторлық дарынын өмірде өнегесімен көрсете білген философ білімді көңілге қондырып, санаға дарытудыңжеті шарты бар, олар: мейірім, ынсап, әділет, шыдам, шыншылдық, қаракет, ақ ниет дейді. Ол алғы шарттарға кері әсер ететін құлықтарды өткір сөздермен өлтіре сынайды.

Ұлы ойшыл, дарынды ғалым, жаңашыл композитор Шәкәрім қазақ халқының мәдениетін дамытудыңкілті – білімде, тәрбиеде, өнерде деп насихаттаумен қатар, өзі де білім алу жолдарын көрсетіп, тәрбие беру тәсілдерін үйретіп, өнерден өнегесін көрсете білді. Ол өнер-білімді дамытып, халықтың мәдениетін өркендету үшін еналыс батыс, шығыс елдерініңөркениетті өнегелерін үйренуді қазақ жастары үшін өнеге тұтады. Ол баланы тәрбиелеуде жалпы адамзаттық мақсат-мүдделерді алға тартып, тәлім-тәрбие ғылымыныңәлемдік мәніне зор көңіл бөлді. Әсіресе, адамгершілік, ақыл-ой, еңбек, патриоттық тәрбиелерге көп көңіл бөлген ақын бұл тақырыптарға арнап шырынды шығармалар жазып, ұлттық тәрбиеге көп еңбек сіңірді.

Ұлы ұстаз, ғұлама жазушы Мұхтар Әуезовтың этнопедагогикалық еңбектері. Мұхтар Әуезов (1897-1963) – қазақ халқының ұлттық мәдени мұраларын жоғарыбағалап, рухани байлағын ұлылықпен ашып көрсете білген, қазақ халқын бүкіл әлемге танытқан ғұлама жазушы. Ол қазақ этнопедагогикасыныңбір негізі – ауыз әдебиетін жан-жақты тереңзерттеп, халық педагогикасыныңқадірін халыққа таныта білді.

Мұқаң ең әуелі батырлық жырлар мен ғашықтық жырлардың халықты тәрбиелейтін қасиеттерін ашып, «Қара Қыпшақ Қобыланды» пьесасын сахнаға шығарды. Ешбір елді жауламаған, шексіз жауларынан қорғай білген Қобыланды сияқты батырлардың қаһармандықтарын жас ұрпақтарға үлгі-өнеге етіп көрсете білген данышпан драматург «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» сияқты ғашықтық

жырлардағы қазақтың салт-дәстүрлерінің қайырымды қасиеттерін талғап, тандап, талдап, мөлдір махаббат пен табанды күрескерлікті жастарға үлгі етіп көрсетеді. Қазақ халқының ақындық, өнерпаздық қасиеттерін рухани мұра ретінде ұрпаққа ұлағаттылықпен ұсынады.

Батырлық жырлардың әлемдік әсем нұсқаларын, әсіресе, қырғыз халқының «Манас» эпосын қазақ эпосымен салыстыра зерттеген ғалым, эпостық ұлы шығармалардың қазақ ауыз әдебиетінде мол екенін дәлелдеп, қазақ этнопедагогикасының кереге-қабырғасы кеңекенін кейінгі зерттеушілерге айқындап берді.

Халықтың арман-тілегіне сай эпостық жырда «сол заманда, сол жастар ырыс тауып, дегеніне жетіп, бақ мерейлі болыпты деген идея жастарды арманға жетелейді», - деп дәлелдейді дана жазушы. «Халық жыры қазақ ғашықтық үшін алысуды үгіттейді», - дейді.

Ұлтжанды ғалым қазақ жырларының тіл көркемділігін, әсерлі сюжет құрылатынын жоғары бағалап, әрбір жырдың аяқын идеясы оның көркемдігімен өріле берілетінін дәлелдеді.

Халық педагогикасының ауқымды бір саласы – ертегілер. «Өзге туыстас елдерінен қазақтың ерекшелігі – сөз орамына шебер және тамаша шешен», - деген В.В.Радловтың сөзін мысалға келтіре отырып, ұлы ғалым ертегілерде көрінетін «халық санасындағы отаншылдық сезімді, халық ұғымындағы адамгершілік гуманизмді, халықтың қанатты үміті – оптимизмді және өз қуатының жеңгір қасиетіне сенетіндікті көрсететін барлық ерекшеліктерін айрықша бағалау қажет», - деп, ертегілердің жас ұрпақтарды тәрбиелеудегі педагогикалық мәнін ашып берді. «Қиял-ғажайып ертегілердегі сол қиял тудырған образдардың өзі арқылы да халықтың еңбекпенен табиғат күштерін творчестволық түрде жеңбек болған қиялы көрінеді, арманы танылады. Бұл жөнінде адам баласының кейінгі дәуірлерде техника жөнінде тапқан, сол техникалық прогрестің бірталайын ертегінің қиял бейнелері, алдын ала болжам етіп, бұлдыр түнде аңғартқандай болады», - дейді.

Ұлы ұстаз ертегілердің тәрбиелік мәнін терең ашып, «Адамдағы кемдікті, мінді бадырайтып, ұлғайтып, жиренішті етіп көрсету үшін, хайуанның мінез-құлқын дәл адамның мінез-құлқындай етіп суреттеу әсерлі болады», - деп көрсетеді (бұл да сонда). Педагог жазушы: «...ертегілердегі аса мол атаулар, ұғымдар, ақындық, образдық, стильдік теңеу сөздер қазақ халқының тілін байытады», - дейді.

«Қоғамдық салт-сана: үстемдік пен теңсіздікті, зорлық пен қарсылықты, байлық пен кедейлікті, бақ пен сорды, жақсылық пен жамандықты, ақыл мен ақымақтықты қарсы қою» арқылы ақыл-ойдың кемелденуімен дамып қалыптасатынын ғылыми талдаулар арқылы дәлелдеді.

Қазақ халқының дәстүрлі айтыс өнерінің этнопедагогикада алатын орны өзгеше. Ақын халықтың айтыс дәстүрі жадына сақтағыш әр адамның қасиетті қабілетін паш етумен қатар тыңдаушыларды ыждағаттылыққа тәрбиелейтінін дәлелдеген ғалым әсіресе ақындар айтысының әлеуметтік мәнін тереңашады. «Біржан-Сара» айтысының көркемдігі тіл ұстатарлық шешендік ерекшеліктерінен көрінеді. Айтыста әйел теңдігін, жастардың бас бостандығын Біржан ақын жиын алдында үлкен әлеуметтік талап етіп тартады», - деп (бұл да сонда) айтыстың әлеуметтік, тәрбиелік мәнін жазушы жоғары бағалайды.

«Анық халық тілімен өздерінің тілек-армандарын бір қосқан ақындар қоғам құрылысының өжет қайраткерлері болады», - деп, ғалым ұлы Жамбылдың айтыс өнерін жоғары бағалады. Қазақ халқының салт-дәстүрлері бойынша қайырымдылық пен мейірімділік ана сүтімен жұғысып, әрбір тұлғаның ұлттық белгісін көрсететінін дәлелдеп, халқының келешегін ойлап, тебіренген жазушы: «Ал қазақ мешел болып қалам демесең, тағлымыңды, бесіңді түзе! Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе», - дейді (М.Әуезов. Елу томдық. 1-т., 48-бет).

1918 жылы жазылған «Мәдениет һәм ұлт» деген мақаласында ұлтжанды жас жа-

лын: «Мәдениет деп адамның дүние жүзіне алғаш келгенінен осы күнге шейін тапқан білімі һәм сол білімге сүйеніп істеп отырған өнерін айтамыз», - деп, дүниежүзі халықтарының мәдениетке ұмтылысын сөз етеді де, өзге дүниежүзіндегі ұлттармен бірге асыл мәдениетке мойын ұсынып, соның тұтқан жолына, тұрған қалпына қол болу қазақ ұлтының бірінші намысы болу керек», - деп, қазақ халқының ұлттық намысына ұшқын береді. Ұлттық намыс – этнопедагогиканың бір бұтағы десек, өз елінің қамқоршы перзенті ұлы Мұхәңнамыс туын биікке көтерді. Сөйтіп, ол қазақ этнопедагогикасы ғылымына өзінің мол үлесін қосты.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың этнопедагогикалық ой-мақсаттары. Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893-1920) этнопедагогикалық ой-мақсаттарын өз шығармалары арқылы халық санасына жеткізе білген ұлы ақын. Өз өмірінде біраз жылдары журналистік (1913-1914), педагогтық (1915-1916) қызмет атқарған ақын ұлттық білім, халықтық тәрбие ісінің келеңсіздік жағдайларын зерделей зерттеп, ұрпақтың үмітін оздырып, келешегіне кемелді жол сілтеді. Жастарды өнер-білімге шақыру – ақынның шығармашылық кредосы болды. «Жеткізбей кетер жүйрік жоқ, қусақ бәрін шаламыз», - деп, жастарды жаңаша жарысқа шақырады. Ұрпақтың ойын оятып, тірлігіне үміт жалғайды.

Ұлы ақын асқаралы армандар мен үкілі үміттерді сеніммен оқырмандарына жеткізіп, жастарды алға талпындырады. Қазақ жастарына болашақты болжап, келешекке кемелденіп барар жолдар мен маңызды мақсаттарды ұсынады. «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам, қараңғылықтың көгінде, күн болмағанда кім болам?!» - деп, өз сөзі арқылы бүкіл ұлт ұрпағының алдына «толған мақсаттар» қояды. Ақын мақсатқа жетудің нақты жолы – еңбек деп түсіндіреді. «Менде жоқ қажу деген, ашу деген, тарығып болымсызға жасу деген» деп, жастарды қажырлы еңбекке, әдептілікке, шыдамдылыққа шақырады. «Ден сау болса, тағдырдың көкке ұшырам күлдерін, серпіп тас-

тап түндерін, туғызамын күндерін», - дейді. Сөйтіп, жастардың алдына еңбек ету, білім алу, әдепті болу, адамгершілік қасиеттерін игеру сияқты этнопедагогикалық мақсаттар қояды. «Жақсылық көрсем өзімнен, жамандық көрсем өзімнен» деп, мақсатқа жету әрбір адамның өзіне байланысты екенін жеткізе айтады. Ұлттық мәдениетті дамыту ұлттың білімді болуына байланысты екенін пайымдаған ақын ұрпаққа білім беру ісіне өзі тікелей қатысып, сабақ берумен де шұғылданды.

Дарынды жазушы «Қамар сұлу» романы мен «Кім жазықты», «Кедей» т.б. поэмаларында қазақ халқының ұлттық дәстүрлеріндегі келеңсіз жағдайларды қатты сынап, дәстүрлердің озықтарын, жаңаша қалыптаса бастаған түрлерін ұлттық мәдениетке пайдалана білуді ұсынды. Халық педагогикасының негізгі бір саласы – ұлттық салт-дәстүрлердегі «қалыңмал» беріп еріксіз үйлендіру, еріксіз «атастыру» т.б. кесір дәстүрлерге жол беру – ұлттық мәдениетке зардабын тигізетінін ашып айтып, «Оңбайды бұл әдетпен қазақ халқы, бұл себеп ақырында қалмасқа ізі» деген пікірін айтады.

Ақын «Мен кімін», «Қала ақыны мен дала ақыны» деген шығармалары арқылы тұрмыс-салт дәстүрлерінің пайдалы, зиянды жақтарын айқындап айтып, ұрпақтың келешегін кемелдендіретін ата дәстүрлерді алға тартады. Әсіресе, халықтың қайырымдылық дәстүрін жоғары бағалап, «Бишараны шын досқа санар едім, сол үшін оқ астына барар едім» деп қайырымдылықтың үлгісін көрсетеді.

«Оқудағы мақсат не» деген өлеңі арқылы оқу ұлттық білім беру жолындағы ұлы іс екенін, оқу тек күнкөріс, шен-шекпен алу үшін жасалынатын әрекет қана емес екендігін ұрпаққа ұғындыра жеткізеді. Өмір өсуінің келешегін болжай білген көреген ақын: «Шығамын тірі болсам адам болып, жүрмеймін бұл жиһанда надан болып» деген мақсатты сөзді жастардың азуына салады. «Алға қарай басуда, миллет көзін ашуда, терістіктен қашуға» бірден-бір пайдалы нәрсе оқу екенін уағыздап, жастар-

халқының ауыз әдебиеті – тәлім-тәрбиенің негізгі қайнар көзі екендігін дәлелдеп: «Қазақтың жеке өмірінің барлық сәттері туғаннан бастап өмірінің соңына дейін жеке адам тұтас халықтардың немесе жекерудың туған өміріндегі барлық оқиғалар халық әдебиетінде жырланады. Мәселен, сәбидің дүниеге келуі мен оның алғашқы жылдары халық поэзиясында шілдехана, бесік жыры атты арнайы жырлар түрімен аталып өтеді», - деп, халық педагогикасының этнопедагогикалық мәнін аша түседі.

Ғалым: «Баланың ең бірінші еститін үні – анасы айтқан бесік жырының әуені», - деп, этнопедагогиканың бастауы - бесік жыры деп дәлелдейді. Зерттеушінің еңбектерінде ауыз әдебиетіндегі тақпақ, ойын өлеңдері, айтыс, санамақ, қаламақ, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегілердің тәрбиелік мәні туралы ғылыми тұжырымдар баршылық. Әсіресе, ананың ақ сүтімен сүйекке сіңіп, тілге үйірілетін ана тілінің тәрбиелік мәнін ғалым жоғары бағалады.

Ол халық педагогикасының қырықтан астам атауларына анықтама беріп, «сананы салт туғызады» деп тұжырымдайды. Оның наным-сенім, билік сөз, тыйым туралы анықтамалары этнопедагогиканың тәрбиелік мәнін айқын көрсететін ғылыми тұжырымдар болып табылады.

1 Әүезов М. «Әр жылдар ойлары». – А., 1959.



ӘОЖ 395.6

Т.С.Тебегенов

*филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақ Ұлттық әдет-ғұрып,
салт-дәстүр Академиясының академигі, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі,
Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, Абай атындағы Қазақ ұлт-
тық педагогикалық университетіндегі
Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі*

ДИДАРЛАСУ-СӘЛЕМДЕСУ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Бұл мақалада, Ақындық өнер – әрбір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан адамгершілік қарым-қатынастарының тәлім-тәрбиелік сапаларын жинақтаған эстетикалық таным құралы екендігі жайлы сөз етіліп, ондағы Ақындық өнердегі тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынастарынан бастау алып қалыптасқан әдеби дәстүр – дидарласу – сәлемдесу өлеңдерін жырлау жайлы жазылған.

Түйін сөздер: *ақын, өлең, өнер, дәстүр, жыр, халық.*

В этой статье говорится о поэтическом искусстве – о эстетическом средстве познания, собравшем воспитательные качества гуманных отношений каждого народа, формировавшихся веками, о воспевании произведений повидания и здравия в поэтическом искусстве – сформировавшейся литературной традиции, берущей свое начало с социально-бытовых отношений.

Ключевые слова: *поэт, стих, искусство, традиция, песня, народ.*

This article says about the poetic arts - aesthetic means of knowledge, brought together educational quality humane relations of each nation evolved over the centuries, the works of chanting of common in the poetic arts - formed literary tradition dating back to the social and domestic relations.

Keywords: *poet, poetry, art, tradition, song, people.*

Ақындық өнердегі тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынастарынан бастау алып қалыптасқан әдеби дәстүр – **дидарласу – сәлемдесу өлеңдерін** жырлау. Әлеуметтік ортадағы, өнердегі ұстанған мұраттары ұқсас ақындардың бір-бірімен кездесулеріне ерекше мән беретіндігі сол қауышулардың эстетикалық тағылымына байланысты шығарған өлеңдерінен танылады. Қазақ әдебиетінің XIX-XX ғасырлардағы ақындары мұраларындағы осындай тақырыптық, жанрлық ерекшеліктері бар дидарласу, сәлемдесу жырларының дәстүр және жалғастық заңдылықтары жағдайында танылатынын байқаймыз.

Ақындық өнер – әрбір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан адамгершілік қарым-қатынастарының тәлім-тәрбиелік сапаларын жинақтаған эстетикалық таным құралы. Дәстүрлі ақындыққа арқау болған қазақтың ұлттық, ата-бабалық тұрмыстық

тәлім-тәрбиелік қарым-қатынастарының ең негізгісі – адамдардың дидарласуы, сәлемдесуі. Дидарласу – адамдардың қауышуы, фәнидегі таусылмайтын әрі қызық, әрі қиын тұрмыстық іс-әрекеттердің барлығы да адамдардың кездесулерінен басталатыны мәлім. Сонау Адам Ата мен Хауа Анадан басталып, олардан тараған қазіргі жер бетіндегі миллиардтаған адамзат ұрпақтарының барлығы осы дидарласумен өсіп-өркендеп келеді. Дидарласу – кездесу – психологиялық мәні зор оқиға. Кездесу мазмұнындағы сөйленетін сөздер мен іс-әрекеттер адамдар ортасының дамуындағы материалдық және рухани игіліктер атаулының барлығын да құрайды. Сондықтан, ақындық өнер табиғатындағы авторлығы анық шығармалардың барлығы да да адамдармен бетпе-бет кездесу жағдайындағы психологиялық сезімдік

құбылыстар тоғысындағы дидарласу әсерімен туындайтынын аңғарамыз. Поэзия атты киелі өнер қасиеттері дарыған ақындар өзіне дейінгі және өзімен тұстас шығармашылық тұлғаларды айрықша құрметтейді. Шығармашылық өнер тағдырында өздерінің жеке бастарының емес, халқының ғана мүддесін жырлаған азаматтық парасат, ар-намыс жолында жүрген ақындар адамгершілік қарым-қатынастарының барлық дәстүрлерін жыр арқауына айналдырған. Дәстүрлі амандасу, сәлемдесу сөздерімен басталып, әрқайсысының ақындық, адамгершілік қасиеттеріне баға беретін бұл өлеңдердің эстетикалық танымдық маңыздылығы анық.

Ақындардың дидарласу, сәлемдесу өлеңдері – халықтың адамгершілік тәлім-тәрбиесіне негізделген туындылар. Дидарласу, сәлемдесу өлеңдері арналу мақсаттары тұрғысынан жіктеле сараланып байқалады: біріншісі – бір-бірімен кездескендерінен туатын өлеңдері; екіншісі – ақындардың халық ішіндегі көрнекті кісілерге, ел ағаларына сәлем бере жырлайтын арнау өлеңдері. Ақындардың бір-бірімен кездескенінде туатын дидарласу өлеңдерінің композициялық құрылысында шығармашылық тұлғалардың өзара сыйласу, бірін-бірі құрметтеу сезімдері жырланады. Өнерпаздық қанат жайған ортадағы ұстаздық тағылымы қалыптасқан тұлғаларға жасы кіші ақынның ілтипаты, шәкірттік, кішілік көңіл ізеті, өнердің құдіретін ұлықтауы – бәрі де дидарласу-сәлемдесу жырының өзекті арқауы. Мысалы, «Бақтыбай мен Сүйінбайдың кездесуі», «Бақтыбай мен Жамбылдың танысуы», «Кенен мен Шашубайдың соңғы кездесуі», «Жамбыл мен Үмбетәлінің дидарласуы» және т.б.

Дидарласу – сәлемдесу өлеңдерінің негізгі көркемдік тіні – ақындардың шығармашылық-адамзаттық тұлғаларының поэтикалық бейнелілікпен жырлануы. Мысалы, Бақтыбай ақынның Сүйінбайдың шығармашылық тұлғасын бейнелей жырлауының эстетикалық, психологиялық ықпалды әсерлілігі айқын көрінеді. Дидарласу – шығармашылық шабыт қуаты шарықтайтын нағыз

арқалы ақындық сезімді қоздыратын сәт кезеңі. Сырттарынан даңқына қанық, елге танымал тұлғалардың осындай кездесу сәтіндегі сезімдік құбылыстары, толғаныстары психологиялық тереңдік сырлары мол қалпымен ерекшеленеді. Ақындардың өзара бірін-бірі бейнелі өрнектермен тұлғалауы шығармашылық әлемнің көркемдік кеңістігін романтикалық және реалистік қалпымен толық елестетеді. Бақтыбайдың аталған өлеңдегі бейнелілікпен өрілген ойлары осыны аңғартады. Сүйінбайдың сөзінде де ақындық тұлға келбетін саралып, даралап айтуға ерекше мән беріледі «Ақын бар елде нақыл бар» дей келе, қайраткерлік, азаматтық мұрат парасаты аталады.

Бақтыбайдың Жамбылмен дидарласу өлеңінде де ұстаз бен шәкірт арасындағы танысу, түсінісу ойлары жырланады. Ұстаз ақын Бақтыбайдың өзінің бұрынғы ақындық қуатын айтып кеуде кермей жырлау мәдениеті – өнер иелері сыйластығына дәнекер қасиет. Бақтыбайдың талай-талай азулы ақындармен сайысқан шығармашылық жолын еске алып, бірақ бұл күндерді «мен өлеңнің саяғы, күй мен сөзді ағытқан, қайратым жоқ баяғы» десе, жас дарын Жамбыл өзімен танысқысы келген жасы үлкен аға ақынды құрметтейтін, сәлем берген қалпымен жырлайды. Бақтыбайдың жасы үлкендігін, айтыстарда топ жарған жүйріктігін, осы сыйластықтың өнегесін сәлемдесу кезіндегі мадақтаумен жырлайды. Әрине дидарласу – сәлемдесу-кездесіп отырған ақындардың бұрыннан танымал болған шығармашылық қалыптасу жолдарын танытатын кездесу. Ақындардың шығармашылық өнер жолында қалыптасу кезеңдерін, өздеріне әсер ықпал жасаған көрнекті тұлғалар хақында еске алуы, оларға баға бере жырлауы - дәстүрлі ерекшелік. Аталған дидарласу өлеңінде Бақтыбай өзінің ақындық өнер жолындағы шығармашылық сайыстарды еске алады. Жамбыл ақын да ұстаз ақын Бақтыбайдың алдында өзінің де шығармашылық мектеп жолын қалыптастырып келе жатқан өнері хақында есеп бергендей жырлайды. Өзі өнеге алған көрнекті ақындар ұлағатын бағалай айтады.

Дидарласу – сәлемдесу өлеңдері - қазақтың ұлттық дүниетаным өрісіндегі туысқандық-қандастық байланыстарды негізге ала жырлануымен де ерекшеленетін шығармалар. Бұндай дидарласу өлеңдерінде де ақындық өнер мұратының биіктігі, тазалығы шығармашылық тұлғалардың әрқайсысының өлең өлкесіндегі өнерпаздық, шеберлік ұлағаты айқындала жырланады. Мысалы, «Бақтыбай мен Жүсіпбек» атты шығарма қазақтың белгілі қисашыл ақыны Жүсіпбек Шайхисламовтың нағашы жұрты Бақтыбай Жолбарысұлы ауылына сәлем бере, әрі жиендік жоралғымен еркелей тілек арнауымен ерекшеленетін өлең. Жүсіпбек ақын нағашы жұртын құрметтейтін салтымен бастаған сөз желісін жиендік тілегімен ұштастырады және Бақтыбайдың ақындық тұғырын дәріптей айтады.

Дидарласу-сәлемдесу өлеңі - қазақтың ата-бабалық тәлім-тәрбиелік дәстүрлерінің поэзия тіліндегі нұсқасы. Жасы үлкен ақындардың өздеріне сәлем бере келген ақын інілерінің халқына сіңірген еңбектерін атап, олардан шығармашылық өнер мұратының азаматтық парасат тұғырындағы қалпына шынайы ризашылық көңіл алғысын арнайды. Бақтыбайдың Жүсіпбектей ақын інісінің қазақ мәдениетіне сіңірген еңбегіне берген бағалауы – тарихи шындық үні. Кейбір дидарласу өлеңдері – ақындардың амандасу, сәлемдесу рәсімдерін атқаруларынан кейін, жасы кіші ақынға үлкеннің бата беруімен аяқталады. Бұндай өлеңдерде жасы үлкен ақынның өзінің жолын ұстанған өнерпаз інілеріне, осындай дарынды ұрпақтар арқылы жалғасатын халықтың қасиетті өнеріне деген ілтипаты танылады. Мысалы, Жамбыл мен Майкөт ақындардың дидарласу өлеңінің құрылысында мынадай мәселелер саралана көрінеді, біріншісі – Жамбылдың ауылындағы асқа келген Майкөттің ақын інісінің өзіне сәлем беруге келмей тұрғанына арнаған өкпе-назы; екіншісі – Жамбылдың Майкөттің ақындық атақ-даңқын сыйлаған әдептілік, шәкірттік кішіктік мінез танытуы; үшіншісі - өзінің ағалық, ұстаздық жолын ұлық тұтқан ақын інісінің кішіпейіл көңіліне

риза болған Майкөттің Жамбылға бата бергені, оның да бұл ізгі тілекті қабыл алғаны. Дидарласу-сәлемдесу өлеңінде екі ақынның да азаматтық адамгершілік және шығармашылық қасиеттері тұтаса танылады. Дидарласу өлеңінде ұлттық әдебиетте қалыптасқан ақындық өнер күдіретін бағалайтын халықтық-эстетикалық таным көзқарастарының қалыптасқан жүйесі аңғарылады. Екі ақын да поэзияның адам психологиясын баурайтын қуатын бейнелі өрнектермен жырлайды. Өлеңнің тұтас құрылысындағы Майкөт ақын тұлғасы даралана танылады. Оның «Жаңғырықсын дауысым, Алатаудың тасына» деп басталып, Жамбылдың әдептілігіне елжіреген көңілін білдіретін жерінің психологиялық қалпы өте әсерлі. Шынында да Жамбылдың бағалауындағы Майкөт тұлғасы – шығармашылық шеберлік ұлағатын елестететіндей бейне.

Бұл дидарласу-сәлемдесу өлеңінің лирикалық табиғатын айқындайтын ерекшелік. Авторлық поэзиядағы ақындық «Менің» лирикалық қаһарман қалпында тұлғалануы, субъективті көзқарастар иесінің романтикалық шалқуын осындай жырлардан аңғарылады. Бақтыбайдың осы өлең соңындағы сөз бен әуез тоғысқан кездегі ақындық шабыт шалқуын бейнелеуі - қазақ өлеңінің лирикалық табиғатын айқындай түсетін жағдай. Ақынның көңілі – кез келген әсерден күш ала кеңітін, шалқитын шабыт теңізінің буырқанысы. Осы дидарласу өлеңінің соңындағы Майкөт ақынның шаттана толғауы – көңіл кеңістігінде қанат қаққан шабыт шалқуын елестетін күй.

Ақындардың кейбір дидарласу өлеңдерінде аға мен іні ақындардың өткен өмір белестерінде өздерінің шығармашылық жемістерін өнеге ете, бірақ жас кезеңдерінің артқа қарайлатпайтын жүйрік қарқыны әрі қанағат, әрі мұң тілімен жырланады. Мысалы, «Кенен мен Шашубайдың соңғы кездесуі» атты өлеңінде Кенен ақын Шашубайдың ұзақ ғұмырындағы айтыстарын, ән-өлеңдерін, Абай, Жамбыл дәстүріндегі ақындығын биік бағалайды. Ақындық, азаматтық өнегелі өмір белестерін ұрпаққа үлгі ете жырлайды.

Дидарласу-сәлемдесу жыры – кездесуші ақындардың өнерпаздық жолдарына берілетінін бағалау. Кездесуші ақындардың бір-біріне берген бағалау өлеңдері арқылы қазақ жеріндегі өнерпаздық дәстүр табиғаты да аңғарылады. Мысалы, осы Шашубай мен Кененнің дидарласу өлеңінде біреуінің Сарыарқадағы әнші ақындық (Біржан, Ақан, Әсет, Балуан Шолақ), біреуінің әншілік-сазгерлік, айтыскер ақындық (Бақтыбай, Сүйінбай, Құлмамбет, Жамбыл, Сарбас, Қуандық) дәстүр өкілдері екендігі танылады. Дидарласу өлеңіндегі элегиялық әуен-қарттықты еріксіз мойындау. Шашубай ақын дидарласу – сәлемдесудің осындай психологиялық салмағын айқындайды. Ақындардың дидарласу-сәлемдесу өлеңдерінің бір алуаны ауыл, ел ортасындағы белгілі және қарапайым адамдарға да арналады. Тұрмыстық қарым-қатынастардың әртүрлі ерекшеліктеріне орай адамдардың әркілі мінез-құлықтық сапалық қасиеттерімен (жомарттық, сараңдық т.б.) бағалатындығы осындай дидарласу-сәлемдесу өлеңдерінен аңғарылады. Мысалы, Әсет Найманбайұлының (1867-1923) «Емшібайдың баласы Қабырға», «Мешбетті көргендегі сөзі», «Жабықбайға айтқан сөзі» атты өлеңдері – осындай мазмұндағы шығармалар. Бұндай өлеңдердегі лирикалық қаһарманның халыққа жақсылығымен даңқы тараған адамдармен бетпе-бет кездескен сәтіндегі толғанысты көңіл-күйі жырланады. Ақынның лирикалық толғаныстарының арқауына алынған адам көркемдік жинақтаумен даралау заңдылықтары аясында әдеби кейіпкер тұлғасы қалпында бейнеленеді. Әсет ақынның аталған өлеңдеріндегі сөз нысанына алынған объективті кейіпкерлердің сыртқы келбеттері мен мінез-құлық ерекшеліктері бейнеленеді. Әсет өлеңдерінде Қабыр, Мешбет, Жабықбай сөзі мен ісі жақсылық қалпымен ғана танылатын адамдардың жиынтық тұлғалары ретінде сипатталады. Мырзалық, жомарттық, мейірімділік, батырлық және т.б. азаматтық парасат қасиеттерін иеленген адамдармен дидарласудың ғанибеттік ұлағаты дәріптеледі.

Мысалы, «Жабықбайға айтқан сөзі» өлеңіндегі бейнелеуден осыны аңғарамыз.

Белгілі ататектік-әлеуметтік жүйедегі көрнекті адамдармен қауышу сәттерінде туатын өлеңдерде сол атырапқа, аймаққа белгілі кісілерді де қамти амандасу-сәлемдесу тілектері жырланады. Автор-ақын дидарласу сәлемдесу жырының идеялық-композициялық құрылысында ел тарихындағы елеулі тұлғалардың халқы таныған өнегелерін бейнелі сөз өрнектерімен сипаттайды. Бұндай дидарласу-сәлемдесу өлеңдері өнегелі жеке адамдардан құралатын халық тұлғасының тағылымын да танытады. Ақындар бұндай өлеңдерінде амандасу аясындағы арнау сөздер арқылы қазақ елінің халықтық-ұлттық дәстүрлерін сақтап, дамыта жалғастырып келе жатқан өнегелі, үлгілі әрекет иелерінің мінез-құлық психологиясын тарихи шындық негізіндегі көркемдік жинақтау арқылы танытады. Мысалы, Құланаян Құлмамбет (1826-1903) ақынның «Құлмамбеттің Баттал қазыға айтқаны», «Құлмамбет ақынның Шабдан батырға айтқаны» атты өлеңдері – осындай шығармалар. Аталған өлеңдерінің біріншісінде Алматы қаласы мен Алатау атырабындағы ауылдардағы ел азаматтарының амандығы сұралып, олардың адамгершілік қасиеттері «арыстаным», «данышпаным», «қадірданым», «жаңа талап», «өрге шапқан шұбар тайы», «жас жолбарыс», «жас жолбарыс секілді жауға шапқан», «қара атқа жара салды күміс жүген», «азамат артық туған бұ заманда» сынды бейнелілік тіркестерінің анықтауыштық-айқындауыштық бояуларымен қосыла жырланады. Ақынның бағасы – халықтық көңілдің көрінісі. Туған ауылының, елінің ортасындағы абыройлы қалпымен танылған азаматтар – халықтың ұлттық байлығы.

«Құлмамбет ақынның Шабдан батырға айтқаны» – идеялық-композициялық құрылысындағы ұлттық-эстетикалық тәлім-тәрбиелік маңыздылығы айқын шығарма. Бұл – қазақ пен қырғыз халықтарының қандастық-туысқандық байланыстарының мызғымас беріктігін таныта түсетін өлең.

Өлеңнің құрылысындағы бірнеше мәселелер жүйелене жырланады: біріншісі - Құлмамбеттің қазақ елін құрайтын Албанның ататектік дәстүрін ауызға ала амандасуы; екіншісі - қырғыздың әрі батыры, әрі ханы Шабданның жеке басы мен сол елдің атақты адамдары туралы бағалау сөзі: үшіншісі – сараңдыққа және жомарттыққа баға беру. Ақындық баға – халық көңілінің үні. Құлмамбеттің аталған өлеңіндегі қырғыз манабы Шабданмен дидастару сәтіндегі сөзі – сол кезеңнің тарихи шындығы.

Әдебиеттегі шығарма атаулының негізі – тарихи деректі оқиға. Осы дидастару-сәлемдесу өлеңіндегі лирикалық қаһарман-ақын мен объективті лирикалық кейіпкер Шабдан тұлғаларының даралана танылуына себепкер болып тұрған оқиға – Құлмамбеттің Әбсемет дегенге берілетін үш жүз сомдық қарызын қайтару кезіндегі Күйке дегеннің алаяқтығының, ал Шабданның Атымтайдай жомарттығының дәлелденуі. Шабданның Құлмамбетке әрқайсысы жүз сомдық тоғыз тұлпарды және жүз елу сомды сыйлауы – сол кезең үшін нағыз жомарттықтың, адамгершіліктің үлгісі. Ақынның адамзат тарихындағы кесек тұлғалар дәстүрін еске

ала Шабданға арналған алғыс жыры – сыйлыққа мәз болатын пендешілік емес. Бұл-қарызынан құтқарып, ақынды ардақтаған азаматтық, жомарттық-сахилық парасатын дәлелдеген адамға «Бір кестің қырсығымды батыр Шабдан»- деп шынайы көңілімен риза болған Құлмамбеттің ұлықтау толғанысы. Дидастару-сәлемдесу өлеңдерінің бір саласы – ақындардың жаңа мекендерімен сағына қауышқан көңіл-күй әуендерін танытатын шығармалар. Жаңа мекендермен тұңғыш жүздесе тұрып, әрбір адамға тән алыста қалған туған жерге деген перзенттік махаббат, азаматтық көңіл-күй ықыласы қоса өріледі. Мысалы, «Әсеттің амандасу» атты ән-өлеңде осы әуен толық танылады.

Сонымен, жинақтап айтқанда, дидастару-сәлемдесу жырлары – ақындардың қоршаған ортамен психологиялық байланыстарын көркемдік-эстетикалық таныммен қабылдаудың және бағалаудың көрінісі. Табиғи жаратылыс бітіміндегі адамдармен, тіршілік қозғалыстары ортасымен ғана тыныстайтын ақындық өнер иесінің өз сезімін осылайша шығармашылық қарым-қатынас тұрғысында бейнелеуі - әдебиетке тән көркемдік-танымдық дәстүрдің нақты көрінісі.



«Сөзіне қарай кісіні ал, кісіге қарап сөз алма»

А.Құнанбаев

ӘОЖ 398.2

Б.М.Аташ

философия ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ магистратура және докторантура институты, саясаттану және әлеуметтік философиялық пәндер кафедрасы.

Ж.Бекебаев

Атырау мемлекеттік университеті, дене тәрбиесі кафедрасының аға оқытушысы

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ДІНИ СЕНІМДЕРДІҢ ОТАНШЫЛДЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РОЛІ

Бұл мақалада түркі халықтары өз дәуірінде неліктен рухы биік, мығым, бірлігі жарасқан ел болған деген сауалға байланысты мәселелер талқыланды. Оның бірнеше себептері бар екендігі сөзсіз. Соның ішіндегі исламға дейінгі діни сенімдердің ролі талданды. Атап айтқанда, тәңіршілдіктегі, бөрі төтеміндегі, ата-баба рухына тағзым етудегі елдік пен ерлік, отаншылдық пен ұлттық рух мәселелері көп жағдайда жауынгерлік рухпен келіп астастырыла сарапталды. Яғни, бұл сенімдердің өз дәуірінде ұлттық рухты сақтауға, қажет кезінде оны жандандыруға деген ықпалы концептуалды тұрғыдан өмір тәжірибесімен байланыстырыла дәйектелді.

Түйін сөздер: *отаншылдық, ұлттық рух, тәңіршілдік, ата-баба аруағы, түркі, бөрі, рухтандыру.*

В этой статье обсуждаются проблемы связанные с вопросами почему тюркский народ был высок духом, крепок, един. Безусловно это имеет несколько причин. Из них проанализирована роль доисламской религии. В особенности, вопросы героизма, патриотизма и национального духа в божестве, в поклонении духам предков в большинстве случаев совместно с воинским духом. То есть, влияние сохранить национальный дух веры в свою эпоху, оживить его в необходимое время выясняется связывая с жизненным опытом с концептуальной точки зрения.

Ключевые слова: *патриотизм, национальный дух, богоугодный, дух предков, туркский, волк-одиночка, воодушевлять.*

This article discusses the problems associated with the questions why the Turkish people was high in spirit, stronger, more united. Certainly it has several causes. They analyzed the role of the pre-Islamic religion. In particular, questions of heroism, patriotism and national spirit in a deity to worship the spirits of ancestors, in most cases together with the military spirit. That is, the influence of the national spirit to keep faith in his era, spice it up at the right time turns communicating with experiences from the conceptual point of view.

Keywords: *patriotism, national spirit, godly, spirit ancestors, Turks, lone wolf, inspire.*

Адамзаттың әр кездегі өркендеуі мен дағдарыстарын еңсерудің теориялық-стратегиялық бағдарлары қашанда өзінің даму тарихына қайтадан, сәт сайын тереңірек үңілуді қажет етіп отырады. Бүгінгі таңдағы жалпы түркілік идея аясындағы даму мен өркендеудің, руханияттық өрлеу мен ілгерілеудің негізгі мәдени-психологиялық шарттарының бірі – Елдік Рух деп айта аламыз. Біз Елдік рухты бұл жерде тұтастай концепт ретінде қарастыра отырып, оның намыс

пен жігер, отаншылдық пен жауынгерлік рух, ерлік пен бірлік сияқты түсініктерді жинақтайтын жалпылама ұғым бойынша пайымдау ұстанымын басшылыққа аламыз. Осыған орай, бүгінгі таңдағы отаншылдық пен әскери патриотизм деп аталып жүрген педагогикалық-психологиялық бағдардың негізгі шарттары да осы елдік рух аясына келіп үндесетіндігін атап өткіміз келеді.

Ендеше, бүгінгі күнгі осындай мәселелерді зерделеудің басты шарттарының

бірі – түркі халықтарының дамуының өн бойындағы Елдік рухының тарихи-философиялық негіздерін ашып көрсету. Ол өз кезегінде мынадай сауалдарға жауап іздеу арқылы байытыла түседі және негізгі зерттеу бағдарын анықтап береді: неліктен түркі халықтарының көпшілігі сыртқы саясаттағы хауіпті-қайшылықты жағдайларға қарамастан, өзінің елдігі мен отанын сақтап қалды, неліктен түркі халықтары адамзат тарихында қайта-қайта бірнеше рет ірі империялар құрды, неліктен әлемдік өркениетке айтарлықтай үлес қосты, олардың өміршеңдігі мен рухын біз бүгінгі күні қандай деңгейде сақтай алып жүрміз т.б.

Бұл мәселелерді арғы түркі халықтарының тарихы кезеңінен, атап айтқанда, ғұн-сақ дәуірінен бастап, он жетінші ғасырларға дейінгі аралықты қамтитын мезгілді негізге ала отырып сараптауды жөн санаймыз. Өткенімізге үңіле отырып, түркі халықтарының рухы мен рухтануының жауынгерлік жігері мен намысының қозғаушы күштері мен алғышарттарын осы тұста, біз шартты түрде былайша жіктеп алуды жөн көрдік: діни, экзистенциалдық, экономикалық, саяси т.б.

Осы орайда, біз қарастырып отырған негізгі мәселемізге байланысты, оның діни сенімдік қырларына тоқталатын боламыз.

Түркі халықтарының байырғы діни сенімдеріне көз жіберсек және оның ұлтты рухтандырушылық қызметтеріне тоқтала кетсек, бұл тұста, әсіресе исламға дейінгі, тәңіршілдік, тотемизм, шамандық, аруаққа табыну дәстүрлерін баса көрсетуімізге болады.

Тәңіршілдікке сенім өздерін әлемге «Көк Түріктері» деп әйгілейтіндей титул берді. Бұның астарында өзгелер үшін жаугершіл-намысшыл халық деген саяси-психологиялық мағына жатты. Бұл сырттан таңылған бағалау емес, түркі халықтарының жауынгерлік-саяси рухының өз ішінен өңделіп шыққан елді рухтандыру тетіктерінің бірі.

«Түркілер туралы орта ғасырдағы ұлы ғалым Махмұд Қашғаридің «түрік тілдерінің лұғатында» былай деген: «Ұлы Тәңір айтады: «Менің бір тайпа қосыным бар. Оларды түрік деп атап, күншығысқа қоныстандырдым. Кейбір тайпаларға ренжісем, түріктерімді

қарсы аттандырамын» деген жолдардағы [1,9] түркі орталықтық тұрғыдан негізделген ұранды сөздер өздерінің елдік пен жауынгерлік рухының «тәңірден-ақ» екендігін паш етіп, оны «бекітіп» қоюдың, демек, объективті-ғарыштық-көктік себептері бар екендігін жариялаудың психологиялық тетігіне, жауынгерлік идеологиясына, саяси астарға келіп тоғысып жатты.

Бұндай пафостық рух берушілік конондар, түптеп келгенде, тәңіршілдіктің отансүйгіштікпен, ерлікпен, жауынгерлікпен келіп ұштасып жатқандығын білдіреді немесе керісінше, түркілер тәңіршілдікті өздерінің тиімді жағдайларына қарай ыңғайластырғандығы болып шығады.

Қысқаша айтқанда, саясат дінге емес, дін саясатқа, бұл жерде сыртқы әскери қауіпсіздік саясатына әсер етті деп айта аламыз. Түптеп келгенде, түркілер өздерін «Көк түріктер» деп атап, Көк Тәңірінің ұлдары ретінде сезінді. Міне осыдан түркі халқы тарихта неліктен қайта-қайта бірнеше рет империялар құрғандығын түйсіне аламыз. Әрине, басқа да діндерде, өз отанын қорғау туралы азды-көпті қағидалар айтылады, мәселе осы жерден туындайды, отаншылдық рух – тәңіршілдіктің ең басты кредосы іспетті.

Ғ.Есім тұжырымдағандай: «Түркілердің Тәңір дүниеге көзқарасы қол жеткізілмейтін сыр. Көк Тәңіріне табыну адамды өркөкірек, келісімпаз емес болуға жетелейді, қаһармандық философиясын уағыздайды»[2,20].

Демек, тәңіршілдіктің, діни сенім екендігі өз алдына бөлек мәселе, ол арғытүркі-түркі халықтарының бірнеше мыңдаған жылдар бойы мемлекеттің саяси идеологиясы (тым үлкен империяларды басқарудың да саяси доктринасы іспетті) қызметін атқарған, өмірмәнділік, тәжірибелі түрде қолданылатын арнайы конституция іспеттес болған. Тәңіршілдік міндетті түрде – таза шынайы өмір және қай кезеңде де тиімді болуы тиіс болып бағдарланған. Сондықтан да, бұл сенімде, неліктен схоластика, спекуляция, миссионерлік, фанатизм т.б. кез-келген дінде болатын жағымсыз сипаттар жоқ екендігі түсінікті болды. Бұл тәңіршілдіктің өздігінен-ақ, өзімен-өзі ішкі психологиялық рухы, өзгелерге мойын бұрмайтындай, қажет

кезінде, жат идеологияларды сыртқа тебетіндей болып құрылуының нәтижесі еді. Бүгінгі күні де оның сарқыншақтары кейбір түркі халықтарында, оның ішінде қазақтарда да әдет-ғұрыпқа айналған күйінде әлі өмір сүріп келе жатыр, болашақта да бола беретін тәрізді.

Бұл жерде, түркітанушы ғалым Л.Н.Гумилевтің: «Осы тұсының төтенше маңызды болатын себебі: мұнда тек мемлекеттердің күресі ғана емес, сонымен бірге мәдениеттердің күресі, екі дүниетаным мен дүниені тану жөніндегі түсініктердің күресі бар. Ұлы дала өз манифесімен Қытайдың ықпалында болмау, ал тек өзінше болу құқын мәлімдеді. Мұндай күрес тіпті хунндық Модэ-шанью уақытынан бері қарай созылып келеді, бірақ мұнда ол құжатта қисынды мазмұндалып жазылып қойылған. Қытайдың ырқына берілмеу үшін орасан зор күш-жігер жұмсау керек болды, соны Құтлық, Тоныкөк, Күлтегін және Иоллығ-тегін сықылды көк түріктер жүзеге асырды», -деп көрсетілген байыпты[3,339] тұжырымдары біздің пікірлерімізді айғақтай түседі немесе біз оған сүйене аламыз.

Түйіндей келе, Тәңіршілдік саяси идеологияның рухына, ықпалдылығына, дұрыс құрылуына, оны бұқараны қолдай білуіне келіп тірелді, алдымен, тиімді-тәжірибелік мемлекеттік идеология қызметін бірнеше мыңдаған жылдар бойы үздіксіз, белгілі бір деңгейде мүлтіксіз атқарып келді деп айта аламыз.

Түркі халықтарындағы маңызды орын алған тотемизмнің бір түрі – көк бөріні құрмет тұту болғандықтан, Қасқырдың көшпенділік өмір салты мен туыстық төтемдік белгісі бірігіп, тұтас арналас сипаттағы бейнені әйгілейді. Демек, бұл тұстағы бөрі жай ғана физиологиялық хайуан емес, асқақтандырылған, үрейлендірілген, көнеленген, тұрақтылықпен пішілген таза эстетикалық таным объектісі деп айта аламыз. Ол, алдымен, қаһарлық (геройческое) категориясымен тоғыса алады. Олай болса, көк бөрі – іштен тағайындалған, яғни, арғытүркілер-түркілердің өздері бекіткен көркемдік образдық танымның өмірмәнділік нәтижеге ұмтылысы десек те болады. Нақтырақ айтқанда, «Бөрі-Көшпенді» немесе «Бөрі-Түркі» өзінің

түзілімін әлемге жаугершілік салт арқылы таныстырған дегенге келіп саяды.

Серік Мырзалы: «Бұл жануардың көне түріктердің негізгі тотеміне айналу себебі – сол көшпенділік өмір салтына байланысты... Өзінің күнбе-күнгі өмірінде жиі кездесетін аң болғаннан кейін малшылар оның мінез-құлқын терең зерттеп оның батылдығы мен қатар сақтығына, шыдамдылығына, айла-амалына, үйірлік өміріне т.с.с. қасиеттеріне қарап қайран қалып, соларды өз бойынан табуға тырысқан. Өзінің «қасқыр мінезділігінің» арқасында қазақ халқы трагедияларға толы тарихында «мың өліп, мың тірілсе» де көп көшпенділер сияқты жойылып кетпей, міне, бүгінгі таңда өзінің дербестігіне қолы жетіп, жаңа өмірге ұмтылу үстінде», - дейді [4,290-291].

Бөрі – көне түркілер дәуіріндегі әфсаналық оқиғаларда жиі көрініс табатын орталық түсініктердің бірі, кейде ер жынысты, кейде әйел жынысты, кей кезде адам кейіптенгендігін, ал кейбір оқиғаларында табиғи биологиялық таза қалпын сақтағандығын, кейбір әфсаналарда ғұн әскерлерін жолбасшысы болғандығын көптеген этнограф зерттеушілеріміз атап көрсетіп жүр[5,413-423]. Бөріні құрмет тұту жігерлі Рухтың түпнегізін құраушы емес, дәйекті жалғастырушы аралық буыны, заманауи шынайы қажеттіліктерден туындаған ұлтжасампаздықтың ақиқаты, әрі нанымдық-сенімдік сипат алатын образдылық, ишаралы көрініс деп пайымдай аламыз. Осыған орай, бөрі мен Көк түркілік жігерлі Рухтың арасындағы байланыстарды былайша орнатып алуымызға болады:

- бөрі көбіне жалғыз жортатын, оқшаулық пен даралықта шыңдала түсетін хайуан. Сондықтан ол түркі даласындағы оқшауланған өмірі арқылы – өзіне сенімділіктің, өзін-өзі даланың қатал заңдарындағы тәжірибе алаңында үнемі сынау тәжірибесінің образдық түрдегі жалқы өкілі;

- сонымен қатар қайсарлық, жігерлілік, қайтпас рухты, өжеттілік, намыстылық, айлакерлік т.б. психологиялық сапаларды жинақтаған ұлы кеңістіктің ауыр талаптары ұсынған тіршілік үшін күресте үнемі «жеңімпаз» деп атауға болатындай өміршен жануар болып та табылады;

- жалығу мен қорқуды, шаршау мен де-

малуды, шегініс пен жеңілісті түбегейлі түрде теріске шығаратын «биороботтық» сипаттағы хайуан екендігі де шындық;

- ол қулық пен айлакерліліктің, өзіндік арбау мен «сиқырлаудың» да тәсілдерін меңгерген хайуан. Мысалы, аңшылардың қасқырдың көзіне тура қарамау керектігі, шөгіп жатқан түйенің үстінен қасқыр аттап өткен сәтте, оның тұра алмай қалып, жем болатындығы т.б. оның «арбайтындығының» куәсі;

- қолға үйретілмейтін, адамға тәуелді болғысы келмейтін, азаттық сүйгіш, кең даланың еркін тіршілік иесі. Мысалы, кейбір ел аузындағы әңгімелер бойынша, адамға қолға түсікен, қамаудағы қасқыр ызаланып, өзін-өзі шайнап тастайтын кездері, ал қақпанға түскен сәтте, аяғын шайнап қиып тастап, ақсандап жүре беретіндегі сияқты әрекеттері осының айғағы.

Қасиетті көк бөрідегі осы сапалардың туыстық-қандастық арқылы берілуін (генетикалық кодтар) қолдаған далалық даналықтың рәмізі – бөрі болмысын өздеріне тұтастай көшіруге ұмтылудан туған. Яғни, оның қасиеттерін халық рухы құп көріп, өзіне тасымалдаған, тіршіліктік болмысын ұқсатқан, «өзінен - бөріні, бөріден - өзін» көре білудің бейнесін құрастырып, сайын далада еркін-асқақтай тіршілік етудің өзіндік үлгісін қалыптастырған. Демек, бөрі – Түркі жауынгерінің рәміздік бейнесі немесе түркі жауынгері – бөрілік сапаларды бойына жинақтауы тиіс болғандықтан да ол қастерлі саналған. Сондықтан, қасқырдың қазақтарда бірнеше тиым салушылық баламалық атаулары бүгінгі күнге дейін сақталған: бөрі, итқұс, құрт, құртқа, ұлыма т.б.

Патшалық Ресейдің, кейінгі Кеңес Одағының отарлаушы саясатшыларының «психоаналитиктері» де ең басты қауіп, қазақ жігерін толықтай бағындыру үшін ең негізгі кедергі де халқымыздың осы бөрілік рух архетипі екендігін терең бағамдай алған тәрізді. Сондықтан отарлау саясатындағы жалғастырудағы осы төтемге қатысты басты мәселердің бірі – осы бөрілік рухты бәсеңсітіп барып, жойып жіберуге келіп тірелген сияқты. Олар халқымыздың «Бөрілік рух санасын өлтіру» үшін оны ұрпақтарынан бастау керектігін жете түйсінді, сондықтан, кеңес заманы тұсында аю мен

арыстаннан қорлық көріп, адам мен тұлкіден үнемі алданып жүретін «байғұс» қасқырдың образын жасақтау мифологиясын (идеологиясын) мультфильм, ертегі түрінде ұсынып, қазақ және басқа да түркі халықтарының балаларының санасына-бейсанасына (олардың тез қабылдағыштығы да ескерілген) сіңірудің психологиялық техникасымен арнайы айналысқан болуы мүмкін. Кейіннен Кеңес заманында баланы мультфильмеге ынтықтырып, қасқырлық рухты жасыта түсу үшін «Ну, погоди заяц» сюжеттері жарнамаланып, әйгілене түсті. Оның мазмұны Кеңес Одағы құрамындағы тек қазақтар ғана емес, түркі халықтарының рухын жасытудың психоаналитикалық тәсілдерінің бірі болып белгіленген тәрізді.

Демек, Бөрілік рухты жоймайынша, отарлаудың, құлдық психология орнатудың мүмкін емес екендігін олар анық аңғарды, «жігерді жасытпайтындай түп қауіп осы» деп санаған сыңайлы, ендеше, осы рухпен көптеген жылдар бойы арнайы шұғылдану керектігін білді.

Сондай-ақ ата-баба рухы – мазмұны жағынан ғылыми-рационалистік байыпталулардан гөрі, образдық-бейсаналы түрде елес беретін халықтың ішкі имманентті қозғаушы күші, кеңістік пен уақыттан тыс мәңгі жасампаздықты шақыратын ерекше витальдік құбылыс. Мәселен, ата-баба аруағы, намыс, жігер, қуаттылық, төзімділік т.б. көптеген тарихи-философиялық категориялар – осы ұлттық рухтан туындайтын объективті көріністер. Ата баба рухына табыну бұл тұста – ұлттық намысты ояту, рухтандыру, ата-баба қорымдарын қорғау үшін жанын салу т.б. ұғымдарды жинақтайтын психологиялық-сенімдік үдеріс қызметін атқарғандығын атап өтуімізге болады. Түркі халықтарындағы жауға шабар алдындағы «Ата-бабасының аруағын шақыру» - тек психологиялық-физиологиялық шабыттану мен жігерлену ғана емес, өткенмен байланысты рух философиясының көрінісі болып табылады. Яғни, екіншіден, о дүниелік байланысты, қосымша адам мүмкіндігінен тысқары күшті талап етуді, генетикалық ақпараттар арқылы берілуі ықтимал «физиологиялық архетипті» оятуды және кей жағдайда осы дүниемен қоштасуды да білдіретін көпқызметті құбылыс болып табылады.

ӘОЖ 391/397

М.М.Имангазинов
профессор, ф.ғ.д.,
І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ.
imangazinov_muratbek@mail.ru

**«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮР, ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ»
КІТАБЫ ТУРАЛЫ БІРЕР ОЙ**

Бұл мақалада І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің профессоры Н.Б.Әужанованың құрастырған «Қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары» кітабы жайында жазылған. Сонымен қатар, халқымыздың ауыз әдебиетінен, аңыз, дастан-қиссаларынан, қазақ этносының салт-дәстүр, әдет-ғұрып, этнографиялық ерекшеліктерін саралаған зерттеулерден инемен құдық қазғандай құрастырылған бұл еңбектің мектепке дейінгі, мектеп, лицей, гимназия, колледж және ұстаздар тәрбиелейтін жоғары оқу орындары үшін құндылығы меніңше өте зор.

Түйін сөздер: *Қазақ, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ой, ұлт.*

В этой статье написано о книге «Обычаи и традиции казахского народа» составленной профессором Жетысуского государственного университета имени И.Жансугурова Н.Б.Аужановой. Также, труд составленный из исследований особенностей народной литературы, легенд, поэм, обычаев и традиций казахского этноса, этнографических особенностей имеет огромное значение для дошкольных, школьных учреждений, лицеев, гимназии, колледжей и высших учебных заведений готовящих учителей.

Ключевые слова: *казах, обычай, традиция, мысль, нация.*

This article is written about the book “The customs and traditions of the Kazakh people” prepared by Professor of Zhetysu State University named after I.Zhansugurov N.B.Auzhanova. Also, work consisting of research features folk literature, legends, poems, customs and traditions of Kazakh people, ethnographic features is essential for preschool, school institutions, schools, high schools, colleges and universities preparing teachers.

Keywords: *kazakh, custom, tradition, idea, ination.*

Сөз, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Жаратылыстану-Техникалық факультеті, жаратылыстану пәндері кафедрасының профессоры Н.Б.Әужанова құрастырған «Қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары» кітабы жайында болмақ.

Қасиетті қазақ халқының салт-дәстүрлері өте көп. Соның ішінде қазіргі студент жастар мен оқушылар біле бермейтіндеріне күнделікті өмірде көріп жүрміз. Тіпті, ересек адамдардың салт-дәстүрге шорқақтығы әдетке айналғаны ақиқат. Оны кітапты оқыған сәтте өзіміз де, осындай да салт бар ма еді деген танданысты болғанын жасыра алмаймыз. Негізінен, құрастырушы автор ретінде профессор Н.Б.Әужанованың «Қазақ

халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары» кітабы бізге осы жайтты айқын аңғартты.

Қазақстанның ұлан-байтақ жерді алып жатуының өзі ғасырлар бойы халқымыздың бойындағы батырлық, ерлік дәстүрді қалыптастырған. Отанын сүю, елін қорғау ер азаматтардың міндетіне айналған. Ауыз әдебиетіндегі батырлар бейнесі осылай пайда болған. Түптеп келгенде халқымызды азаматтыққа, батырлыққа, шешендікке, отан сүйгіштікке тәрбиелеу – ұлттық идеологияның міндеті. Біздің билеріміз қара қылды нақ жара айтқан, жырауларымыз жырлап, үлгі тұтқан әділеттілік те халықтың шынайы биік мұраты. Қазақ – ұлттық дәстүрге ерекше мән беретін халық. Ата-баба аруағын сый-



лау, оны пір тұту – ежелгі салтымыз. Солардан қолдау тілейміз. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген мақал осындай жайлардан туындаған. Қазақтың салт-дәстүрі басқа халықтарға ұқсамайды, сонымен ғана ол халық өзінің басқа елдерден ерекшеленетіні де сондақтан болса керек. Мысалы, **сүйінші** қуанышты хабар жеткізуші адам «сүйінші-сүйінші» деп келеді. Мұндайда қуанышты үй иесі «қалағаныңды ал» дейді. Немесе оған риза болатындай сыйлық ұсынады. Бұл қуанудың, ризалықтың белгісі. Сүйінші сұраудың да, оның сүйіншісін алудың да ешқандай сөкеттігі жоқ.

Ал Сәлемдеме (дәстүр) – адамдардың бір-біріне деген сыйластығының, құрмет тұтуының айқын белгісі. Олар көптен көрмей сағынысқан адамдардың бір-біріне жіберген қымбат бұйымы, асыл заты немесе жеңсік тамағы, қысқы сыбағасы. Оның қымбат бағалы болуы шарт емес. Сәлемдеме келген адам жіберген адамға ақ батасын, шын ризалығын білдіріп, қатты қуанады. Көрімдік болса, жаңа туған балаға, жас келінге, ботаға тағы басқа алғаш көрген сәтте көрімдік сұрау халықтың ежелгі және лайықты дәстүрі. Мұның маңызы алып, беруде ғана емес жақын-жуықтың адамгершілігін, ниетін, ашыққолдығын да та-

нытудың белгісі ретінде қаралады. Байғазы мен көрімдік екеуі екі басқа ұғым. Көрімдік адамға, жандыға, байғазы көбінесе жансыз дүниелерге қатысты айтылады. Базарлық алыс сапарға саяхатқа, сауда жолына шыққан адамдар жерлестеріне, көрші-көлемдеріне, сыйлас адамдарына, жас балаларға ірілі-ұсақты сыйлықтар әкеледі. Оны «базарлық» деп атайды. Бұл жақсы көрудің, сыйластықтың белгісі және ескерткіш ретінде қабылданады. Еңбекте, **Жеті ата**. Жеті атасын білмеген – жетесіз (мәтел). Әр адам жеті атаға дейін жақын туыс саналады. Қазақ халқы жеті атаға дейін қыз алыспаған. Бұрынғы адамдар бір-бірімен танысқанда, жүздескенде руын, тегін сұрауы осыдан шыққан. Жеті ата әкеден төмен емес, жоғары таратылады. Олай болса жеті ата: 1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Арғы ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата. (Ата-тек деген сөз осыдан шыққан). Жеті атаны тарату осылай жіктеледі. Осы жайттың бәрі де схема түрінде, жан-жақты көрсетілген.

Тыйым «Қызға қырық үйден тыю, ұлға отыз үйден тыю» (мақал). Халқымыздың тәрбиелік құралдарының күнделікті қолданылатын үлгі, өнеге түрлерінің бірі – тыйым. Бұл балалар мен жастарды жаман әдеттерден сақтандырып, жақсылыққа бейімдеуден шыққан педагогикалық ұғым. Осы арқылы олар әркімді теріс мінез, орынсыз қимылдардан сақтандырып отырған. Халық ұғымында тізені құшақтау – жалғыз қалудың, үлкеннің жолын кесу – әдепсіздіктің, қолды төбеге қою – ел-жұрттан безінудің, асты төгу – ысыраптың белгісі деп таныған және ондай істерге қатаң тыйым салған. Ел ішінде тыйым түрлеріне байланысты сөздер көптеп саналады. Ал араша дегеніміз не? **Араша**. Екі адам жанжалдасқанда немесе төбелескенде оның жанындағы адамдар «араша, араша!» деп басу айтуға тиіс. «Араша» деген сөзді естіген адамдар араша беруге яғни жанжалды дереу доғаруы керек. Араша бермей жанжалдасу қазақ әдетінде жоқ. Ондай адамға айып бар.

Құтты болсын айтубала туған, келін түсірген т.б. сол сияқты қуанышқа «қайырлы болсын» айту ата салтымыз. Ол сол адамдарға деген ыстық ықыластың, қуанышқа ортақ екендігінің белгісі. Бұл да қазіргі кезде аса қажет дәстүрдің бірі екендігін ұмыту барын айтпасқа болмайды.

Ал Тоқымқағарше? Жас адам жолға шыққанда жасалатын дәстүрлі бас қосу. Арнаулы мал сойылып сыйлы мүшелер салынып ет асылып, кең дастархан жасалады, ойынсауық, өлең, жыр айтылады. Бұл – сапарға шыққан жігіттің тоқымы жерде қалмасын, ат-көлігі аман келсін деген жақсы тілек білдірудің белгісі.

Тізе бүгүтәрбиедегі аса қажет компоненттердің бірі. Халық әдебімен тізе бүгудің бірнеше түрі, жолы, шарттары бар екен. Мұның бәрі де негізінен әдептілік, тәртіп заңдарына негізделген. 1. Жұмысы болып бір үйге келген адам шаруасын отырып айтады. Егер тым асығыс болса, ол жайын айтып бір тізесін бүгуі керек. Бұл – шаңыраққа көрсетілген құрметтің белгісі. 2. Бұрынғы дәстүрде біреуден бата тілегенде ол адам бір тізесін бүгіп, екі қолын жаяды. Бұл әдет бүгінге дейін сақталған. 3. Ұрыста, жекпе-жекте немесе айтыс-тартыста жеңілген жақ немесе кешірім сұраған айыпкер тізесін бүгіп, басын иіп, айыбын төлейді.

Шашу – қуаныш айғағы ретінде жасалатын өте сұлу да салтанатты дәстүр. Келін түскенде, жақсылық күндерде, алыс сапардан жолаушы келгенде, құда келгенде тағы басқа зор қуанышты күндерде әйелдер құрт, кәмпіттен, күміс теңгеден шашу шашады. Шашылған шашудан тойға қатысушылар теріп алып, ырым қылып балаларына апарып береді. Шашуды әйелдер ғана шашады. Мұны да жастардың білгені жөн.

Ал, осы дәстүр дегеніміздің өзі не? Меніңше, ол – халықтың ұзақ өмірінде қалыптасып, сұрыпталған жақсы қасиеттердің тұтас бітімі, көзқарасы, түсінігі, шындықты тану қағидасы. Дәстүрге халықтың әдет-салты, күнделікті тіршілігінің ауқымы, адамдардың қалыптасып үйренген мінез-құлқы – бәрі

де кіреді. Олар жинақтала келіп, ұлттық болмысты анықтайды, ұлттық сипатты танытады. Әрине, өмір бір қалпында тұрмайды, жаңарып, жалғасып, жаңғырып жатады. Соған байланысты ой-сана, ұғым-түсінік, талғам да жаңарады. Жаңарып, өзгеріп жатқан қоғам, қоғамдық қатынастар дәстүрге белгілі дәрежеде әсер етеді. Оны өзгертуге, әлемдік көзқарастардың ырқына бағындыруға тырысады. Әр халықтың бойында жаңаны қабылдау қасиетімен бірге консервативтік көзқарастар да болады. Ол, ең алдымен, дәстүрге қатысты. Біз жаңаны қабылдай тұрып, ескі әдетті, мінез-құлықты, яғни дәстүрді сақтауға тырысамыз. Ұлттың ұлттық қасиетін сақтау үшін дәстүрдің озық үлгілерін тұрақтандырып, ол үшін күресу қажеттігі де осыдан туындайды.

Мәселен, қазақтың салтындағы ұлдың төбе шашын ұзарта өсіріп, моншақ араластыра өріп қою. Оның аты – айдар. Бұл ғұрып негізінен, тіл – көзден сақтау үшін ер балаларға жасалады. Кенесарының інісі Наурызбай батырдың ұзын айдары болғаны тарихтан белгілі. Ақсарбас атау. Адамдар қауіп-қатерге ұшырағанында «Аллаһ Тағала мені осы қиындықтан құтқара гөр! Ақсарбас!» деп құдайы атайтын болған. Мұндай жағдайда «Ақсарбас!» деп үш рет айқайлаған. Сосын қауіп-қатерден аман қалғанында әлгі адам ауыл аймағын шақырып құдайы берген. Ақсарбасқа шалынатын малдар: бозқасқа (қой), көкқасқа (жылқы), қызыл-қасқа (сиыр). Адам ақсар-бас атағанда қай малын айтса, соны құдайыға союға тиіс.

Ақ құйып шығару. Халқымызда: «Үйге кірген жыланға да ақ құйып шығарады» деген мәтел бар. Қазақтың ақ деп атайтыны: сүт, қымыз, шұбат, айран. Қалың өрт келіп қалғанында алдынан ақ шашады, үйге жылан кіріп кеткенінде басына сүт не айран құйып үйден шығарып барып өлтіреді. Бұл қазақтың үйіне келген жауына да жамандық жасамайтын ұлттық мінезінен шыққан әдет.

Ат тергеу. Ол – адамды сыйлауға арналған ізеттілік әдет-ғұрып. Ұлттық болмыс бойынша әйелдер атасына, қайнағасына, қайнысына, қайын-сіңілісіне атын атамау үшін қо-

сымша ат қояды. Мұны ат тергеу деп атайды. Мұндайда қойылатын аттардың кейбірі мынандай: «Мырза қайнаға», «бай атам», «би аға», «тентегім», «еркежан», «шебер шешей», «ақ әже», «сырғалым», «шашбаулым». Жөңгелері қайныларына әзілдеп, бойлары тапал болса «сұңғақтым», жайбасар болса «жүйрігім» деп те ат қояды. Ер адамдар да өзінен үлкендерді Мәке, Сәке деп құрметтейді.

Анттасу. Жаудан кек қайтару үшін, адамдар бір-біріне деген адалдықтан айнымау үшін, еларалық тату келісімді сақтау үшін ант айтатын салт-дәстүр бар. Халық антын бұзған адамды «Ант атқан» деп жек көріп, «Уа, айтылған ант, серттескен уәде, алысқан қол қайда?» - деп, кінәласады.

Қазақ мемлекетінің ұлттық идеологиясы да, менің ойымша, халқымыздың осындай жолмен қалыптасқан әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тілін, дінін сақтап дамытуға, осы жолда жаңа заман ұсынып отырған қажеттіліктерді өз сараптауымыздан өткізе отырып, қабылдауға құрылуы керек. Дәстүр әр халықтың өмірі мен сол кезеңдегі қоғамның өзіндік ерекшеліктері негізінде қалыптасады. Ол да дәстүрге кіреді. Қазақ халқы адам санының аздығына қарамастан, Еуразияның дәл орталығында ұлан-байтақ жерді иемденген. Тереңдеп зерделесек, осының түп тамырында отаншылдық, елін қорғау жолындағы ерлік істерінің іздері жатыр. Кең даланы мекендеген халық өз ұрпағын жауласса – найза ұстайтын батыр, дауласса – сөзден есе жібермейтін шешен етіп баулыған.

Шешендік – ұшқыр ойдың қас қағымда тілге оралымдылығы, байламы; дер кезінде дәл мағынасын дөп басар бейнелілігі; мәнді, ойлы сөздердің мәйекті мақал мен мәтелге айналуы; дау-дамайда қазылық, мәмілегерлік; ара қатыста елшілік, жаугершілікте бітімгерлік; ұрпаққа, қалың қауымға өсиет. «Алажағым кетсе де, айтажағым кетпесін» дейтін қазақтың сөзге қонақ беруі.

Шешендік сөз өнері. Байырғы салалары: бейнелі сөз, шешендік сын, шешендік өсиет, шешендік нақыл, шешендік дау, шешендік толғау. Әр қайсының әсерлі өңі, сұлулығы,

татымдығы, дуалылығы, зерделігі адам ой жүйесіне, жан-дүниесіне, сезіміне мықты қозғау салады, жүрек тебірентеді. Тыңдаушының еркі мен сезімін билейді, толғандырады. Шешендік сөздер ағып тұрған поэзия, тұнып тұрған философия. Ақ өлеңмен өрілген сөз тұнығы: сырлы теңеу, астарлы сын, жинақы ой, жұмбақты меңзеу, қисынды толғам, тылсымды талай. Бәрі тіл құдіретінің, пікір түйінділігінің, таңғажайып ой толғағының әмбебап туындысы. Өмір құбылыстарына байламды шешендік сөздер орны-орнына қойылса шебер шендістіріледі. Сырланып, әрленіп, татымы нәрленсе ойды шалқытып, сезімді тербеп адам көңілін ұйытады.

Сұлу, өрнекті әр шешендік сөздің өзіне тән терең мағыналы және астарлы жүктемесі бар. Жүйелі, байыпты айтылса досқа пір, дұшпанға зіл, шат көңілге шабыт, қам көңілге демеу, батырға айбынды ұран болар әрі тәтті, әрі қатты, әрі майда, әрі өткір алмас тіл болатыны анық. Яғни, оқу құралындағы салт-дәстүрдің, ондағы шешендік өнердің қалыптасуына жол салар рухани дүниенің мол болуы қуантарлық жайт.

Халықтың осы мінезін заманы, өмір сүрген ортасы туғызған, ол жақсы дәстүрге айналып, жалғасын тапқан. Сол кең байтақ даланы мекендеген халықта бір тіл, бір әдет-салт, бауырмалдық, қонақжайлылық қалыптасқан. Қалтасына құмалақтай бір құрт салмай, ұзақ жолға шығып, жолшыбай түскен ауыл адамдары оны танымаса да құдасындай күткен. Жердің кеңдігі мен шаруашылығын, кәсібін даралайтын ерекшеліктердің бәрі де ғасырлар бойы сұрыпталып дәстүрге енген. Әдеп-иба-қазақы дәстүрлі ортада тұрақтанып қалыптасқан моральдық нормалар мен ережелерден туындайтын қауым мүшелерінің мінез-құлқына қойылатын этикалық талап. Ол бағзыдағы адамдардың дүниетанымдық пайымдаулары мен дәстүрлі ортадағы рухани, моральдік құндылықтарынан туындап, тарихи-мәдени даму барысында орныққан қоғам мүшелері арасындағы (түрлі деңгейдегі - жеке адам, ата, ру, қауым, этнос) қатынас нормаларын

реттеу қызметін атқарады, яғни, тіршілік қамы мәдениетінде өзіндік реттеуші «тетік» ретінде қарастырылады.

Қазақы түсінікте әдеп-иба сақтау адамның жеке басының моральдік қасиеттерін таныта білуі ғана емес, оның қоғамдағы орнын, абыройы мен беделінің көрінісі. Әсіресе әдептілік, ибалық қасиет қазақ әйелінің, жастардың табиғатына тән, олардың санасында берік қалыптасуы, оның ізгі, яғни, жағымды деп қабылданған дәстүрлі құндылықтарға сай болуы талап етіледі. Қазақ әйелдері үлкеннің алдын кесіп өтпеу, дауыс көтеріп сөйлемей, қайын жұртындағы үлкен, әрі сыйлы адамдардың атын атамау, ат тергеу сияқты әдептілікке қатысты ережелерді қатаң сақтаған.


Менің ойымша, осы дәстүрлер халықтың идеологиясының негізін құрайды. Ендеше, қазақтың ғасырлар бойы жинақтаған осы жақсы дәстүрлерін сақтау керек. Оны жаңарта отырып, ұлт сана-сезімінде бекіту қажет. Жасыратыны жоқ, ғасырлар бойы қазақ жерінде орыс тілінің үстем болуы, біздің ой-санамыздың соларға бағынышты болуы әлі де жалғасын тауып келе жатыр. Бұл қазақ тілінің аясының тарылуына, дәстүр мен ұлттық тәрбиенің өзгерісіне әкеліп отыр. Қазіргі тәрбиенің барлығы да болашақ

ұрпақты ұлттық салт-санаға, дәстүрге қиғаш жолдарды ұстануға құрылған. Сөйтіп, қазіргі жаһандануға еліктеп, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпына қауіп төндіріп отырмыз. Бұғанасы қатпаған, өмірлік көзқарастары әлі қалыптаспаған жас ұрпақтың сана-сезіміне батпандап кіріп, мысқалдап шығатын бұл усойқы үрдістің алдын тек қазақи салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты дәріптеп, халықтық педагогиканы тәрбие жұмысына кеңінен пайдалану арқылы ғана қол жеткізе аламыз.

Халқымыздың ауыз әдебиетінен, аңыз, дастан-киссаларынан, қазақ этносының салт-дәстүр, әдет-ғұрып, этнографиялық ерекшеліктерін саралаған зерттеулерден инемен құдық қазғандай құрастырылған бұл еңбектің мектепке дейінгі, мектеп, лицей, гимназия, колледж және ұстаздар тәрбиелейтін жоғары оқу орындары үшін құндылығы меніңше өте зор.

Кітап Дарина Есенқызының және Дінмұхамед Есенұлының қолтума суреттері заман талғамына сай безендірілгені де құптарлық жай.

Сондықтан бұл еңбектің қалың оқырманға жол тартып, біздіңше, өз ұлтын сүйетін әрбір зиялы азаматтың рухани өресін биіктетуге бағытталған сенімді серігіне айналатынына сенімдеміз.



Салт-дәстүрім – таусылмайтын байлығым

Халық даналығы.

УДК 372.4

Д.М.Советканова., А.Е.Садыкова
Магистры педагогических наук

ПООЩРЕНИЕ В ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПРАКТИКЕ

В настоящее время, вопрос о применении поощрения является очень актуальным, поскольку значение поощрений в системе воспитательных воздействий весьма локально, хотя оно и не принадлежит к числу воспитательных средств, которое нужно повседневно и на каждом шагу. Однако большинство педагогов употребляют его, в качестве доминирующих, не учитывая тот факт, что на сегодняшний день теория и практика воспитания располагает богатейшим арсеналом различных методов и приемов. В данной статье под методами стимулирования деятельности и поведения понимаются методы воздействия на мотивационную сферу личности, направленные на побуждение воспитанников к улучшению своего поведения, развития у них положительной мотивации поведения.

Ключевые слова: поощрение, метод, обучение, развитие, учитель, оценка, отношение, поступок.

Мақалада оқу үдерісіндегі мақтау арқылы оқушылардың таландырудың жалпы әдіс-тәсілдері жан-жақты ашылған. Бүгінгі таңдағы мақтау әдісінің оқыту мен тәрбие процесінде алатын орны мен қолдану рөлі сипатталады. Мақтау әдісінің педагогикалық-психологиялық аспектілері берілген. Оқушының оқу және қабылдау қабілеттері ерекшеліктеріне байланысты сабақты түрлі формада өткізу жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: мақтау, әдіс, оқу, даму, мұғалім, бағалау, қарым-қатынас, іс-әрекет.

Now, the question of application of encouragement is very actual, as value of encouragement in system of educational influences very locally though it and don't belong to number of educational means which is necessary daily and continually. However the majority of teachers use it, as dominating, disregarding that fact that today the theory and practice of education has the richest arsenal of various methods and receptions. In this article under methods of stimulation of activity and behavior methods of impact on the motivational sphere the persons directed on motivation of pupils to improvement of the behavior, development in them positive motivation of behavior are understood.

Keywords: *encouragement, method, training, development, uchiyetel, assessment, relation, act.*

В педагогике обучения и воспитания есть много сложных проблем, но одной из ключевых и наиболее важных является проблема стимулирования, т.е. того, как воздействовать на ребёнка, чтобы добиться от него желаемого поведения. Действенными способами воздействия учителя на учеников являются поощрения. Нужно ли вообще поощрять ребёнка? Разве он должен хорошо учиться, быть послушным, трудолюбивым, вежливым ради подарка? В наши дни среди педагогов и широкой общественности быту-

ют самые разные взгляды на использование поощрений в воспитании детей. Одни считают, что надо как можно чаще наказывать и как можно реже поощрять, другие наоборот, советуют чаще использовать поощрения, наказывать же лишь изредка. Некоторые думают, что следует только поощрять, а наказывать не надо совсем. А есть и такие, кто убежден, что истинное воспитание – это воспитание вообще без каких бы то ни было поощрений и наказаний. Проблемой использования методов поощрения и наказания

занимались К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, В.А.Сухомлинский, А.С.Макаренко и другие. В настоящее время этой проблемой занимаются Л.Ю.Гордин, Н.Е.Щуркова, В.Ю.Питюков. Но нетрудно заметить, что работы этих и многих других учёных полны самых противоречивых утверждений – от непомерно расширительного толкования поощрений и наказаний, попыток выдать их за какие-то «универсальные» воспитательные средства до почти полного отрицания их педагогического значения. Поощрение это метод, который представляет собой особый случай сложных психолого-педагогических ситуаций, характеризующиеся необходимостью регуляции отношений, внесения в них определенных точно дозированных изменений, иными словами – его педагогической коррекции. В школе используются разнообразные виды поощрений. Наиболее распространенными являются похвала, благодарность, различные виды наград (похвальная грамота, награждение медалью по окончании школы). В практике работы используются и такие поощрения, как почетное право открыть соревнование, вести программу утренника и др. Поощрение окажет большое воспитательное воздействие на детей, если учитель учтет при оценке их деятельности не только результат, но и пути, способы, при помощи которых ученики достигли этих результатов. Если способный ученик быстрее добился результатов, а другой – медленнее, но более упорным трудом, то особого поощрения заслуживает труд второго ученика. В использовании поощрений важно учитывать особенности характера ученика. В поощрении особенно нуждаются дети несмелые, неуверенные. Положительная оценка труда, поведения, поступков укрепляет у них веру в свои силы, поднимает на новую ступень нравственного развития. В классе всегда есть учащиеся, которые любят поощрения. В отношении их нужно быть особенно осторожными. Всей своей работой учитель стремится показать таким учащимся, что сделанное ими доступно многим. Однако он не может не отмечать

их. Важно иметь в виду, что к поощрениям очень чувствительны учащиеся начальных и средних классов. Поэтому в работе с ними приходится чаще прибегать к поощрениям. Но лучше, если это будут коллективные поощрения. Поощрять учащихся можно лишь за действительные успехи, обычные дела школьники должны выполнять как сами собой разумеющиеся. В школе могут встретиться такие учащиеся, которых не за что поощрять. Опытные учителя не ждут, когда ученик в чем-то отличится, чтобы его отметить. Они организуют его поведение и отмечают первые успехи. Поощрение направлено на совершенствование ребенка. Отмечая успехи в деятельности и поведении детей, воспитатели, коллектив учащихся вызывают у них стремление сделать еще больше. Поэтому формы поощрения должны быть максимально подвижными, динамичными. Рассмотрим вначале основные меры поощрения в воспитании детей. В числе наиболее употребительных мер индивидуального и коллективного поощрения следует назвать, прежде всего, поручение почетных обязанностей.

Школьная оценка непосредственно влияет на становление самооценки. Дети, ориентируясь на оценку учителя, сами считают себя и своих сверстников «хорошими» или «плохими» учениками, наделяя представителей каждой группы набором соответствующих качеств. Оценка успеваемости в начале школьного обучения, по существу, является оценкой личности в целом и определяет социальный статус ребенка. Для того, чтобы ориентироваться в этом мире, ребёнку нужна оценка его действий. То есть без системы поощрений в любом случае не обойтись. Педагог должен грамотно и своевременно применять методы стимулирования, с учетом индивидуальных особенностей каждого ребёнка.

Ведь школьные оценки делают из ребенка, способного в математике и физически слабого на физкультуре, середнячка, уравнивают его со всеми. Но ведь каждый ребенок чем-то одарен, в чем-то гений, а система оце-

То есть можно сказать, что этическое содержание поощрений в воспитании детей лежит не в самих формах воздействия, точнее, не в них главным образом, а в тех отношениях, которые возникают в процессе их применения в конкретных условиях воспитания. Какой-то раз и навсегда данной этики наказания и поощрения нет. Однако отсюда совсем, не следует, что все средства хороши и все дозволено педагогу, если он руководствуется благой целью. Так как что важной специфической особенностью поощрения как средств педагогического стимулирования деятельности школьников является, то, что их следует применять значительно реже, чем другие средства педагогического воздействия, в связи с тем, что длительный опыт показывает: поощрения как и лекарственные средства, в медицине, требуют четкой дозировки и режима приема, неумение или избыточное применение этих методов может привести не только к отрицательным результатам, но и к не исправимой ошибке.

ӘОЖ 9.93

С.Д.Ізтілеуова

*филология ғылымдарының докторы, ҚазҰПУ – дың
«Тұлғатану» орталығының жетекші ғылыми қызметкері*

АЛАШТЫҢ АТАЛЫҒЫ – НИЯЗ БАТЫР

Мақалада Алаштың аталығы – Нияз батыр жайлы жазылған. Ондағы, «аталық» сөзі қазақ хандығындағы өте мәртебелі қызмет болғаны ақиқат. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында «аталық» ұғымына қысқаша ғана анықтама беріліпті. Онда «аталық» хан ордасында тақ мұрагеріне әскери тәрбие беретін және оқытатын жоғары мәртебелі адам. Өзі тәрбиелеген ханзада билікке жеткен соң оның кеңесшісі қызметін атқарған. Осы және батырдың басқа да қырынан зерттеп жазылған мақала.

Түйін сөздер: *батыр, хан, ел билеуші, тәрбие, әскери өнер.*

В статье написано о великом Алаша – Нияз батыре. Известно, что слово «ақиқат» было очень авторитетной деятельностью в казахском ханстве. В национальной энциклопедии «Қазақстан» дано краткое разъяснение слову «ақиқат». Там «ақиқат» человек высшего чина воспитывающий и обучающий наследника престола военному делу в ханской орде. При достижении власти воспитанника он выполнял должность советчика. Написано об этих и других качествах батыра.

Ключевые слова: *батыр, хан, правитель, воспитание, военное искусство.*

The article is written about the great of Alash - Niyaz Batyr. It is known that the word “akikat” was very authoritative work in the Kazakh Khanate. The national encyclopedia “Kazakhstan” give brief explanation to the word “akikat” There “akikat” person of higher rank who educate and train the heir military affairs in the khan’s horde. Upon reaching power of his pupil he performed a post advisor. Written about these and other qualities of warrior.

Keywords: *warrior, Khan, ruler, education, military, art.*

Қазақ хандығы заманында ел билеген хандар Шыңғыс хан тұқымынан болғаны белгілі. Олар, яғни Шыңғыс ұрпақтары (чингизиды) ақсүйектер болып саналған. Қазақ қоғамының саяси иерархиясының ең жоғарғы сатысында тұрған чингизидтер саны тым аз ғана әлеуметтік топ болды. Билікке талас барысында, түрлі соғыстарда міне сол басқарушы элита өкілдері бірінші кезекте құрбан болатын. Өздерінің осындай әлсіздік тұсын білген Шыңғыс тұқымдары қазақ руларының арасынан ең білімді, білікті және жаужүрек өкілдерді өздеріне жақындатты. Оларға басқарушы элитаның жаңа, жас ұрпағын дайындап, тәрбиелеу жұмыстарын және мемлекеттің түрлі өзекті мәселелерін шешуді сеніп тапсырды. Міне ханға өте жақын, қарадан шыққан басшылар институ-

тын қазақ хандығы кезінде «аталық» деп атаған. Қазақ хандығының саяси – әлеуметтік дамуындағы «аталық институты» рөлі осы уақытқа дейін арнайы зерттеу зерттеу объектісі болған жоқ. Аталықтардың тарихы қазақ тарих ғылымындағы «ақтаңдақтар» қатарында. Мәселе терең зерттеуді талап етеді.

Сонымен «аталық» хан ордасында мұрагерге және ханның басқа да ұлдарына тәрбие беретін, әскери өнерге үйрететін, мемлекетті басқарудың қыр-сырларын ұғындыратын, хан шешетін мәселелер мен қоғамдық қатынастардың түрлі қайшылықтары мен қиыншылықтарын түсіндіріп беретін тәрбиеші және кеңесші адам. Сондықтан хан ордасында оның статусы өте жоғары. Мәртебелі Аталықтың тәрбиелеген ханзадасы хан болып сайланғанда, аталық оның бірін-

ші кеңесшісіне және оның атынан билік жүргізетін орынбасарына айналған. Хан аталыққа өзінің нағашы туысынан, немесе ең жақын ағайынның арасынан шыққан озық тұлғаларды таңдаған. Ханмен ешқандай туыстық жақындығы жоқ адамның аталық болуы өте сирек құбылыс болған. Аталықтар хан ордасында қоғамдық өмірдің әр саласының дамуына жауап беретін уәзірлерден биік тұрған. Уәзірлер негізінен аталықтардың тапсырмасын, шаруаларын шешіп отырған. Аталықтарды ханнан кейінгі басшы ретінде қабылдаған. Хан өз сенімін ақтаған аталықтарды өзіне қарасты ірі аймақтарды билейтін әкім- әмірші ретінде жіберіп отырған. Әсіресе, орталықтан тыс тұрған, алыстағы аймақтарды хан құзырынан шығармай ұстап тұру осындай беделді аталықтарға тапсырылған. Аймақтарда әмірші қызметін атқарған аталықтар және ханның кеңесші аталықтары түрлі жарлықтар шығарып, оларға өз мөрін басуға құқы болған.

Демек, аталық қазақ хандығындағы өте мәртебелі қызмет болғаны ақиқат. Бірақ та, қазақ хандығы тарихына қатысты зерттеулерде аталықтар және олардың қызметтері туралы деректер тым мардымсыз. Бұл тақырып қазақ хандығы жайында еңбек жазған тарихшылар мен әдебиетшілер назарынан тыс қалып қойған. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында «аталық» ұғымына қысқаша ғана анықтама беріліпті. Онда «аталық» хан ордасында тақ мұрагеріне әскери тәрбие беретін және оқытатын жоғары мәртебелі адам. Өзі тәрбиелеген ханзада билікке жеткен соң оның кеңесшісі қызметін атқарған. Ерте ғасырларда (7-8ғ, одан кейінгі 15-19ғ.) Түрік, Батыс Түрік, Қимақ-Қыпшақ, Оғыз, «Тоғыз Оғыз», Қырғыз, бертінгі Хиуа, Бұқар, Қокан, Қазақ хандықтарында Аталық лауазымын алған адамдар аз болмаған. Орта Азия халықтары ішіндегі ең аты мәшһүрі – Әлімқұл аталық. Аталық сөзінің бұдан басқа да ұғымдары бар: 1) Ханның ақылшы қариясы; қазақ ауылының батагөй ақсақалы; 3) ізгі қасиеттерді білдіретін ұғым, мысалы аталық борыш, аталық қамқорлық т.б.

Қазаққа белгілі аталық болған, танымал тұлға - Барқы ұлы Нияз батыр. Нияз батыр

түрлі деректерге қарағанда шамамен 1685 жылы туылып, 1785 жылы қайтыс болған. Кейбір деректерде 1782 жылы қайтыс болған делінеді. Барлық деректерде Нияз батыр жүз жастан асып ұзақ өмір сүрген деп айтылады. Оның арғы аталары Арғын – Алтай – Сайдалы – Арыстан – Барқы болып таралады. Нияз батыр XVIII ғасырдағы қазақ тарихында маңызды оқиғаларда белсенді қызмет атқарған ірі мемлекет қайраткері. Ол Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Әбілпейіз хандары тәрбиелеген және осы хандарға кеңесші болған, саяси- әлеуметтік, мәселелерді шешуде басшылық рөл атқарған. 30 жылдай уақыт Ташкент пен Түркістан өңірлерінің әміршісі болып, осы жерлерді қазақ хандығы құрамында ұстап тұрған да Нияз батыр.

Нияз батырдың ата- тегі туралы айтсақ, Нияздың арғы атасы Қуандықтың екінші әйелінен Алтай, Қарпық туған. Ал, Алтайдан Сайдалы, Момын, Нұрбай, Әпке, Байдалы, Кенжеқара тарайды. Сайдалыдан Арыстан мен Сүгірәлі, Арыстаннан Барқы, Мамадайыр, Мамашық, Тоғызық тарайды. Барқының балалары: Мөңке, Нияз, Итқара және Құлқара. Барқының аттары аталған төрт ұлы да қазаққа еңбек сіңген қол бастаған батырлар, ел билеген қайраткерлер болғаны белгілі. Нияздың әкесі Барқы да елге танымал батыр және аталық болған. Барқы батыр Әз – Тәуке ханның заманында өмір сүріп, өз заманындағы қазақтың хандарымен, билерімен қарым-қатынаста болған «Жеті жарғы» заңдарын жазуға қатынасқан. Әз Тәуке хан Қазақ хандығын билеген кезеңде Ташкент, Бұқара, Самарқан, Ферғана аймақтары қазақтың игілігінде болған. Барқы батыр мен оның ұлдары Нияз, Итқара, Құлғара батырлар қазақ хандарының тапсырмасымен осы өңірлерде әмірлік жүргізеді.

Көптеген деректерде Нияз батыр Ташкент аймағында 25 жылдай билік құрғандығы айтылады. Сондықтан болар Барқы батыр ұлдарының арасында Нияз батырдың есімі халық жадында және тарихи деректерде көбірек сақталған. Мысалы, белгілі халық ақыны Нұрпейіс Байғаниннің «Нарқыз» поэмасында Нияз батыр туралы айтылады. Онда батыр

туралы былай делінген:

Орта жүздің Ниязы,
Азамат жиып алыпты.
Көңілді жігіт бар болса,
Мәмбет ханды шабам деп
Түгел хабар салыпты.
Ер көңілді жігіттер,
Нияз тілін алыпты,
Көңілдерін күйлепті.
Нияз да ердің назы еді,
Өзі жарлы болса да,
Киген киім, мінген ат,
Жүрісі артық сән еді.
Домбырашы өлеңші,
Түрлеп салған ән еді.
Барын беріп айттырған,
Аппақ сұлу жары еді.
Сескенбейтін ер Нияз,
Шалқайып атта тұрады.
Аты шыққан ер Нарқыз,
Адамның алып қыраны.
Көтеріп алып Мәмбетті
Алдына әкеп ұрады.

Бұл дастан жолдары Нияз батырдың өз заманында өте ықпалды тұлға болғандығын көрсетелі. Кіші жүздің батыры Нарқызбен біріккен Нияз батырдың жасақтары Мәмбет ханды бас игізгені айтылады. Нияздың өмірі мен қызметінің қазақ хандарының билік үшін күресіне байланысты болғандығын көптеген тарихи деректер дәлелдейді. Осы күрестер барысында Нияз батыр үнемі қазақ халқының тәуелсіздігін, оның жерінің біртұтастығын бірінші кезекке қояды. Хандармен қоян-қолтық араласа жүре Нияз батыр Қазақ жерінің жоңғар басқаншыларынан азат етілуі, қазақ хандығының күшеюіне байланысты мәселелерді шешуге мұрындық болады. Әсіресе қазақ жұртының ішкі бөліну, өзара жауласуы сияқты зиянды құбылыстармен күресуге, халықты біртұтас әлеуметтік күш ретінде біріктіруде, достастыруда Нияз батыр үлкен еңбек сіңіреді. Бұл туралы Н.Байғанин «Нарқыз» жырында былай дейді:

Бір сұңқар мен аққуды,
Балаби мен Шоқай би,
Тауып қосқан жер еді.
Кімге тимес жақсының,

Сондай күнде себебі.
Орта жүз бен Кіші жүз,
Көп жауласқан ел еді,
Нарқыз бен Нияздың .
Елге тиіп себебі,
Жаушылықтан достасып .
Орта жүзбен Кіші жүз,
Татуласқан жер еді.

Аталықтарға және олардың ұлдарына Қазақ хандары түрлі тапсырмалар беріп отырған. Олар көбіне елшілік қызмет атқарған. Алыс аймақтарда хан билігінің орындалуын іске асырып отыратын әміршілері болған. Мысалы, Нияз батырдың атасы Арыстан батыр Хақназар, Тәуекел, Есім хандардың атлығы болған. Ал әкесі Барқы батыр Салқам Жәңгір мен Өз Тәуке хан тұсында аталық болған. Сондықтан Арыстан, Барқы, Нияз сияқты Арғын тайпасының Алтай руынан шыққан аталықтар әулеті де кең байтақ қазақ жерінің әр түпкірінде хан билігін жүргізген. Қазақ хандығының алтын ғасыры атанған Өз Тәуке хан заманында бір мемлекетке үш жүзбен қоса, қырғыз, қарақалпақ халықтары біріккен. Міне осы кезеңде Нияздың әкесі Барқы аталық Өз Тәуке ханнан кейінгі хандықтағы екінші тұлғаға айналады. Барқы аталықтың елде төрт ұлы ғана Мөңке би, Нияз аталық, Итқара батыр, Құлғара батыр қалады. Қалған ұлдары хан Кеңесі тапсырмасымен Қытайға, Ресейге, Қап тауы елдеріне, Иранға елшілік қызметтермен аттанады. Аталықтар ұрпақтарының өздері барған жерлеріне сіңісіп, елге қайтуға мүмкіндіктері болмай қалғандығы тарихи шындық. Мысалы, Әбілпейіз сұлтанның Қытайдағы абақ-керейлер төре қылуға сұрап алған баласы Көгедай ұрпақтарымен бірге барған Барқы аталық ұрпақтары, яғни Нияз батырдың бауырлары Жантекей руына сіңді деген дерек бар.

Сондай-ақ аталықтар әулетінің қазақтың түрлі руларына, сонымен бірге төліңгіттерге сіңумен қатар басқа халықтар арасында сіңісуі орын алған. Бұл үрдіс Өз Тәуке хан заманындағы мемлекеттік билік құрылымынан басталып Қазақ хандығымен бірге жалғасқан.

Билік иесі Хан болса, одан кейін Аталық, одан соң Орда (хан билігінің аппараты) болған. Ордаға сардарлар, елшілер, кеңсе, дін

басы-қожалар, жасауылдар, күзет қызметі, қала шаруашылығын басқаратын әкімдер кірген. Ал жалпы мемлекеттік мәселелер Жеті жарғы кеңесінде талқыланды. Оған қазақтың үш жүзінің атынан сөйлейтін Орда билері, Қарақалпақ, Қырғыз, Қатаған, Жайма сияқты қонсы елдер өкілдері, ұлыс сұлтандары мен кіші хандар, шариғат заңының білгірлері хазіреттер мен қарилар кірген. Биліктің үшінші сатысы Қаз деп аталатын жалпыхалықтық жиын болған. Қазға Орда билері батырлары, жауынгер жасақтар өкілдері, сардарлар, ірі ру басшылары кірген. Қаз жиыны жылында бір рет шақырылып онда елдің даулары мен өзара қатынастары мәселелері шешілген.

Міне осындай Әз Тәуке хан заманында қалыптасқан мемлекеттік билік жүйесі Қазақ хандығында ішкі алауыздыққа жол бермей мемлекеттің біртұтастығын нығайтты. Ал Қазақ хандығының негізгі бәсекелесі Жоңғария 1745 жылы ұлы қонтайшы Қалдан Серен қайтыс болғаннан кейін терең дағдарысқа ұшырады. Оның негізгі себебі билік үшін өзара қырқысу болды. Бас аяғы он жылда Жоңғарияда 5 ұлы қонтайшы ауысты. Жоңғариядағы азамат соғысы және Қытайдың іріту әрекеті Қазақ хандығының көз алдында көршілес елдің халқын босқынға айналдырды. Жоңғарияның соңғы қонтайшысы Әмірсана 1756 жылы Абылай ханнан көмек сұрады. 1757 жылы Жоңғарияны басып алған Қытай әскерін Қазақ батырлары тоқтатты. Қазақ пен Қытайды бөліп тұрған Жоңғария келмеске кетті. Қазақ хандығы енді шығыста тікелей Қытаймен шектесетін болды. Бұл жағдай Қазақ хандығының геосаяси ахуалын күрделендіріп жіберді. Қазақ хандары, аталықтары мен билері Қазақ халқын сақтау, жерін басқыншыларға бермеу жолында шын мәніндегі ерлік пен пара-пар мемлекеттік істерді атқарды.

Қазақ хандығының күшеюіне еңбегі сіңген мемлекет қайраткерлерінің арасында аталық Нияз батыр Барқы ұлы жүрді. Ол Сәмеке ханның тікелей тапсырмасымен Сырдың сол жағалауы, Қарқаралы дала-сы, Торғай, Есіл, Елек өзендері бойындағы елді басқарып Арғын, Найман тайпаларына

басшылық жасайды. Сол жылдардағы тарихи кезеңді зерттеуші И.В. Ерофееваның пікірі де Нияз батыр туралы осы айтылғандарды қостайды. Ол «... авторитетного в те годы среди казахов Среднего Жуза батыра Нияза, входившего в ближайшее окружение хана...» деп жазады. Шамамен 1724-1725 жылдардан бастап Нияз батыр бірер жыл Түркістанды билейді. Ал, Сәмеке хан өлгеннен кейін Нияз батыр өзінің тәрбиесінде болған Әбілмәмбет сұлтанды хандыққа лайықты санайды. Бұл туралы тарихшы В.А.Моисеев: «После кончина Сәмеке в Туркестане некоторые время правил батыр Нияз, активно поддерживавший притязание султана Абулмамета на ханский трон в Среднем Жузе», - дейді.

Бұл кезеңде Жоңғардың күшейіп Орта Жүз бен Қазақ хандығының оңтүстігіндегі Түркістан, Ташкент қалаларына алым – салық төлетіп тұрған кезеңі болатын. Осындай қысылтаяң уақытта Нияз батыр Орта Жүзде хан сайлауының өтуі үшін мал-жанын аямай, зор ұйымдастырушылық жұмыс атқарады. Шамамен XVIII ғасырдың 30-шы жылдарында Әбілмәмбет Орта Жүзге хан сайланады. Бұл іске Нияз батыр өзінің ықпалы жүретін Арғын руының басшыларын және Оңтүстік Қазақстанның ру, тайпа басшыларын жұмылдырады.

Нияз батыр өзінің аталық қызметін абыроймен атқара отыра қазақ хандарының тағдырына үлкен әсерін тигізеді. Көптеген деректерде Нияз батыр 1742 жылы Абылай хан Қалдан Сереннің тұтқынына түскенде оны жоңғарлардан құтқарып алуда шешуші рөл атқарған делінеді. 1743 жылы қазақ елшілігі Жоңғар қонтайшысына келеді. Бұл елшілікте Нияз батыр және оның қосынына ерген батыр інілері Құлқара мен Мөңке сонымен бірге інілерінің балалары Итқара, Ақтайлақ, Қыдырәлі сияқты сол кезде таныла бастаған батырлар болған. Бұл деректің дұрыстығын аталықтар тарихын зерттеген тарихшы Жамбыл Омари да растайды. Ол: «Әбілпейіз Нияз аталықтың өзінің қолында өскен, тәрбие алған шәкірті. 1742 жылы Абылай сұлтанды қапастан босатамыз деп Нияз аталық осы Әбілпейізды «жігіттікте жаннан кеш те іс қыл, өлсең өлерсің, өлмесең кісі

ӘОЖ 37.2.8

Д.Б.Сауранбаева

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру FЗИ инспекторы

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ МАТЕМАТИКА ПӘНІН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ

Мақалада бастауыш мектептегі математика пәнін халықтық педагогика негізінде оқыту әдістері қарастырылған. Математика пәнін оқыту үрдісінде сабақты қазақ халқының ерекше тәрбиелік мәні бар баға жетпес асыл қазынасы – салт-дәстүрі, әдет-ғұрып, аңыз-ертегілері, жұмбақ, мақал-мәтелдері, өлең-жырлары, ұлттық ойын элементтерімен өрнектеу баланың интеллектуалды дамуына септігін тигізері сөзсіз.

Түйін сөздер: қазақ халқының есептері, санамақ, халықтық педагогика, ұлттық нақыш, логикалық даму.

В статье рассмотрены методы обучения математики в начальной школе на основе народной педагогики. Внесение элементов сокровища казахского народа, имеющее особое воспитательное значение – традиции, обычаев, легенды-сказок, загадок, пословиц и поговорок, песен, национальных игр в процесс обучения математики содействует интеллектуальному развитию ребенка.

Ключевые слова: казахские народные задачи, считалка, народная педагогика, национальный колорит, логическое развитие.

The article describes the methods of teaching mathematics in primary school based on traditional pedagogy. Adding elements treasures Kazakh people having special educational value - the traditions, customs, legends, fairy tales, riddles, proverbs, songs, national games in the learning of mathematics promotes intellectual development of the child.

Keywords: kazakh national tasks, rhymes, folk pedagogy, national character, the logical development.

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік, саяси және жаңа технологиялық өзгерістерден, ұрпақ тәрбиесіндегі бетбұрыстардан білім мен тәрбие беру жүйесінің ісін жаңа сатыға көтеру қажеттілігі туындап отырғандығы мәлім. Осыған орай, бүгінгі таңда қоғамның ұлттық мәдени тұрғыдан кемелденуі жас ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлерімен тереңірек таныстыру, соның негізінде жеке тұлғаны қалыптастырып, оның шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамыту көзделеді. Өйткені, егемен еліміздің болашағы, оның рухани және материалдық дамуы жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесінің деңгейіне байланысты.

Әр жасөспірімнің қалыптасып дамуында өзі күнбе - күн сезінетін, еститін, көретін заттары құбылыстары, оқиғалары үлкен ор-

ын алады. Соның ең негізгісі - қазақтың халық педагогикасы.

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесі, танымдық мұрасы, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, аңыз-ертегілері, жұмбақ, мақал-мәтелдері, өлең-жырлары, ұлттық ойындары ерекше тәрбиелік мәні бар баға жетпес асыл қазына.

Мектепте бірқатар пәндерді оқытуға байланысты бұл мәселе жан-жақты талданған. Кейбір пәндерде – математика, әдебиет, биология, еңбек сабақтарында халықтық педагогика ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр тиімді пайдаланылуда. Бұл математиканы оқыту үрдісінің нәтижелі болатындығының кепілі.

Халықтық педагогика мәселесіне байланысты ой қозғағанда Қорқыттың ұлттық педагогикаға байланысты қағидаларын, Абайдың дана сөздерін, Ы.Алтынсарин

мен А.Байтұрсынұлының педагогикалық идеяларына сүйенбей өте алмаймыз. М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығында оқытудың білімділік және тәрбиелік мақсатын ұлттық тәрбиеге негізделгенде ғана оның сапалы білім беріп, жастардың санасын көтеруге жәрдемі тиетіндігі айтылады.

А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде, кемеңгер де ойшыл ақын Құдайбердиев Шәкәрімнің шығармаларында халықтың бай дәстүрі жете сипатталады. Д.Әшімхановтың «Бес арыс» еңбегіне шолу жасағанда кемеңгер ойшылдарымыздың қай-қайсысы да балаға тәрбие беруде, олардың білімін кеңейтіп көзқарасын қалыптастыруда ұлттық тәлім-тәрбиенің, әдет-ғұрыптың алатын орнын баса көрсеткен.

Бұл ғалымдар қазақ халқының болашағы – жастарды жан-жақты дамыту үшін нені оқыту, қалай оқыту керектігін айта келіп, берілетін білімді ұлттық педагогикаға негіздеу арқылы олардың бойында халықтың рухани байлығын сіңіруге болатынын дәйектейді.

Халықтық педагогика элементтерін сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда жүйелі түрде оқытудың дәстүрлі емес жаңа әдіс-тәсілдерімен ұштастыра пайдалану математиканы оқытудың тиімділігін арттырып, оқушылардың математикалық білімді игеруін қамтамасыз етеді және олардың тіл байлығының, ойлау қабілетінің дамуына, адамгершілік, ұлтжандылық, ұлттық мәдениетті дәріптеу дағдыларының жетіле түсуіне жол ашады. Ең бастысы, оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыруға септігін тигізеді. Демек, халықтық педагогика элементтерін пайдалану - мазмұндық тұрғыдан білім көздерінің бірі. Сондықтан, ол ғылыми негізде жасалған оқытудың құралы және мектептердің іс-тәжірибесінде сыналған әдістемені қажет етеді.

Қазіргі таңда бастауыш сыныпта математика пәнін оқытудың халықтық педагогика негізінде дайындалған бірнеше әдістемесі қолданыста. Солардың ішінен ұлттық нақышқа лайықтап дайындалған «математикалық есептер», «қазақ халқының есептері», «халықтық мақал-мәтелдер», т.б. түрлерін атап көрсетуге болады.

Математикалық ертегілер.

Қазіргі кездегі мектептің маңызды міндеттерінің бірі – баланың қисынды (логикалық) ойлауы мен шығармашылық қабілетін дамытып, өз бетімен ізденушілігін қалыптастыру болып табылады. Осы бағытта жұмыс істеу барысында, математика сабақтарында математикалық ертегілерді қолданудың тиімді жақтары бар екендігіне көзіміз жетеді.

Ертегі – баланың тақырыпқа деген қызығушылығын арттырады, қиялын дамытады. Математика сабағында ертегіне қолдану оқушының оқу материалдарын терең түсінуін жеңілдетеді, зейінін тұрақтандырып, есте сақтау қабілетін дамытады.

Мысалы, 1-сыныпта геометриялы ұғымдары: нүкте, кесінді, сызық түрлері, т.б. туралы өткенде, сабақты ертегі түрінде түсіндіру материалды жақсы игеруге, тапсырманы өз бетімен түсіне отырып орындау мүмкіндігіне қол жеткізеді. 1,2- сыныптарда «Ондықтар» тақырыбын өткенде «Цифрлар айтысы», «Цифрлар және сандар» ертегісін пайдалану - оқушылардың дөңгелек ондықтардың сандық құрылымы мен таңбалануы, разряд бірліктеріне қарай өзгеруі, оның жазылуы мен оқылуын меңгеруге, есте сақтауына көмектеседі. Цифр мен сан ұғымының айырмашылығын түсінуде де бұл ертегілерді қолдану пайдалы. «Туысқандар» ертегісін қолдану барысында шаршы мен тік төртбұрыштың ұқсастығын және айырмашылығын оқушының өзіне айтқызу, оның өз бетімен ойлануына, ізденушілігіне жетелейді.

Тәрбиелік жағынан алсақ - бұл ертегілер бірлік пен достыққа тәрбиелеп, мақтаншақтық сияқты жағымсыз қылықтан алыс жүруге бейімдейді. Яғни, педагогиканы оқыта отырып тәрбиелеу, тәрбиелей отырып оқыту қағидасын жүзеге асырудың ұтымды әдістерінің бірі.

Ал, пәнаралық байланыс мәселесіне келсек, ертегілерді тыңдау, айту арқылы оқушының сөздік қоры молайып, тіл байлығы дамиды.

Қазақ халқының есептері.

Әр ғасырда өмірге келген, атадан балаға мұра болып қалған, ауыздан - ауызға тараған ұлттық мазмұнды есептер - қазақ хал-

қының тыныс-тіршілігін, әл-ауқатын, өмірге араласуын, мақсатқа жеткізуін, аңсаған арманын, философиялық күрмеуін, дүниетанымын, халық тәрбиесінің сыр-сипатын бейнелейді. Осыларда өз үні мен лебі, қыры мен сыры, мазмұны мен көлемі, тілі мен орамы бар. Оларды бүгінгі күннің ой - өрісіне, білім мазмұнына, тәлім тәрбиесіне икемдеп пайдалану – қазіргі күн талаптарының бірі. Ұлттық мазмұнды есептің сырын ашу үшін оның құрылымын да білукерек.

Халықтық математика - біресе жұмбақ, біресе өлең, біресе кара сөз, біресе ертегі, біресе тәжікелесу, ұйқас табу, мақалдап сөйлеу, ұсақ заттармен өнер көрсету, сиқырлы ой айту түрінде ұшырасады. Бұл халық аузындағы есептердің әдеби сипаты. Оны есептің сыртқы түрінен, сондай - ақ ішкі мазмұнынан да байқауға болады. Мына жұмбақты алайық. Бір емен, жеті терек, алты қайын, Бұтағы толып жатыр дайым, дайым. Ішінде шынар терек, үш қарағай, Өңгесін айта беріп не қылайын.

Өлең жазу ережесіне бағындырып, ағаш түрлерімен салыстыру арқылы ең тағылған жұлдыздар: Темірқазық, Жетіқарақшы, Үркер, Шолпан, Үштараз. Өлеңде әр жұлдыз өзіне тән сипат алған. Мәселен, Темірқазықтың емендей берік, жалғыз екендігі айтылған. Еменге теңеу арқылы, оның аспан көгінде қозғалмайтындығы жасырылған. Ұстаздың міндеті әр жұлдыздың аспанда орны бар екендігін, оны табуға болатындығын айтып, әртүрлі әңгімелер қозғайды. Бірде жұлдыздарды есепке алып, оның орнын анықтаған Ұлықбек еңбегі аталса, екіншіде Декарт координаттар жүйісінің маңызына тоқталынады. Үшіншіден жұлдыздардың тууы мен батуы айтылып, олардың өмірдегі маңызына мән беріледі.

Мәселен, мысырлықтар Сүмбіле жұлдызының орнын, тууы мен батуын зерттей отырып, бір жылда 365 күн бар екенін айтқан. Олар мысыр күнтізбесін жасаған. Мұның маңызын қазір бәріміз білеміз. Осыған байланысты халық даналығы, ғылыммен оның астарласуы, тәрбиелік мәні айтылады.

Темірқазықтың орналасуы арқылы дүние

тараптарын айқындауға болады. Қазір пайдаланылып жүрген Декарт осьтері осының негізінде пайда болды. Керуеншілер айсыз түнде Темірқазық арқылы жол тауып, барар жеріне адаспай жеткен. Аспан шырақтары арқылы ауа райын болжаған. Күн мен Айдың жерге, адамға, жәндікке әсерін білген, оны басшылыққа алған.

Осындай әңгімелерді үлкендер балаларға айта отырып, олардың дүниетанымын кеңейтіп, қызықтыру мен табиғат құбылыстарының практикалық маңызы арқылы ілімге бағыттаған, әртүрлі тәрбие берген. Ақ боз, көкбоз - екі жұлдыз, Темірқазық - жалғыз жұлдыз, Жетегенім - жеті жұлдыз, Жеті айтқаны сауап дейді, - ұйқасын алайық.

Бұл жердегі жетеген деп отырғаны жеті қарақшы, оның жеті жұлдыздан тұратындығы және құрамына Ақбоз, Көкбоз сияқты екі жұлдыз және Темірқазық кіретіндігі айтылған. Ақбоз бен Көкбозды таба алсақ, Темірқазықты табуға болады. Ақбоз бен Көкбоз арқылы түзу жүргізіп, екі жұлдыз арақашықтығындай бес өлшем жерден - солтүстіктен Темірқазық ізделінеді. Төрттағанның бір мәнісі - осы болса, екінші мәнісі - мынада. Өлең ұйқасын пайдалана отырып тез жаттықтырып, жеті рет айтса сиқырлы жауабы бар екендігіне бой ұсындыру. Дем алмай өлеңді жеті рет қайталау өкпе жұмысын жақсартып, адамның сергектігіне әсер етеді. Қазіргі тілде бұл биоэнергиялық жаттығуға жатады.

Өлеңді жаттау және қайталау арқылы ес дамытылады.

Үркерлі айдың -бәрі қыс, Сүмбіле туса - су суыр, Ай қораланса арбанды сайла, Күн қораланса - күрегінді сайла, Шолпан таң алдында туады деп бекер айтылмаған. Осы қыр мен сырды ашу - халық тәрбиесі деген осы. Халық тәрбиесінде өмірді білу, табиғатпен тілдесу, құбылыстың, объектінің сырын ашу, яғни таным: салыстыру, нақтылау, топтау және жіктеу, байқау мен ұқсастыру, қолдану арқылы өткен. Осыдан да біз халық аузындағы есептердің таным сипаты бар дейміз.

Заттан санды дербестеу арқылы дерексіз санау туғандығы белгілі. Бала бір десе түсінбейді, бір жылқы десе түсінеді. Мұны қазақ

ерте байқап, баланы дерексіз санға үйрету үшін, мына жолдарды ойлап тапқан:

Бір дегенім - білеу,
Екі дегенім - егеу,
Үш дегенім - үскі,
Төрт дегенім - төсек,
Бес дегенім - бесік,
Алты дегенім - асық,
Жеті дегенім - желке,
Сегіз дегенім - серке,
Тоғыз дегенім - торқа,
Он дегенім - оймақ,
Он бір - қара жұмбақ.

Мұнда бір мен білеудің, екі мен егеудің, сондай-ақ, білеу мен егеудің үндестігін пайдаланып, санды еске түсіру үшін, затты еске алудың керектігіне нұсқай отырып, онға дейінгі санауды үйренеді. Өзі күнбе - күн ұстап - тұтып жүрген затарды пайдаланып, онға дейінгі санауды үйрете, көрнекілік негізінде іске асыру керектік қағидасына тіреледі. Үйретудің көрнекілік қағидасы ұлттық мазмұны бар есептердің барлығына тән. Онан әрі санау (11) шешілмеген (қара) жұмбақ деу арқылы үйрететінім алда дегенге саяды.

Ұғымды меңгеру үшін оның негізгі сипаттарын білу қажеттілігіне баланы баулиды, тілін дамытады. Ол үшін қазақ жұмбақтар шешуге, жаңылтпаштар айтуға қалыптастырады. Мақал мен мәтелдің, шешендік сөздердің сырын білуге тәрбиелейді. Халық аузындағы есептер осындай ауыр жүк арқалайды.

Тәрбие сан қырлы. Ата тегінің табысын айту, халқыңның дәстүрін сақтау, оны өз заманының қағидаларымен шендестіру - тәрбиенің бір көзі деп білеміз.

Қазақ халқының ауыздан - ауызға тараған есептерінің арасында ұлттық идея өтіп, басқа халық даналығымен астарласып жататын есептер де бар. Мұндай ортақтықты мақал - мәтелден де байқауға болады. Ортақ ойлау жүйесінен туған мұндай есептердің мәдени сипаты бар дейміз.

Халықтық мақал - мәтелдер.

Бастауыш қазақ мектебінде математиканы оқыту жөніндегі ғылыми ой - пікірдің қалыптасуының бұлақ - бастауының бірі - халық педагогикасы болып табылады.

Бабаларымыз өзінің барлық асыл сөз, даналықойларын мақал-мәтелдермен нақыл сөз етіп кейінге қалдырып отырған. Осылардағы аса терең педагогикалық пайымдауларда жас жеткіншектерді тәрбиелеу мәселелерімен қатар, білім мен ғылымды игерудің, сондай - ақ математикалық білімнің қажеттілігін насихаттау да кең орын алған. «Саны бардың мәні бар», «Есепсіз дүние жоқ», «Есеп, есеп білмеген есек», «Ескісіз жаңа болмайды, есепсіз дана болмайды» деп халқымыз текке айтпаған.

Сонымен, мақал-мәтелдердің артықшылығы - ойды сығымдап санаулы сөзбен әрі өткір, әрі әсерлі етіп жеткізуінде. Халық өзінің тәлімгерлік нақылдарын мақал-мәтелдерге шебер сыйғыза білген. Мақал-мәтелдерге зер салсақ, қазақ даналығының қаншалықты бай екенділігі айқын білінеді.

Ал енді математика және басқа тәлім-тәрбиеге байланысты мақал-мәтелдерге тоқталайық.

- 1.«Ел құлағы елу»
- 2.«Көп түкірсе көл болады»
- 3.«Адам жүрген жермен адам жүреді, біреу білмегенді біреу біледі»
- 4.«Он адам жүрген жерде із қалады
Жүз адам жүрген жерде - соқпақ,
Мың адам жүрген жерде жол қалады»
- 5.«Дұшпаныңнан бір сақтан, жаман достан мың сақтан»
- 6.«Бір тал кессең - он тал ек»
- 7.«Оқымаған бір бала, оқыса екі бала»

Халық педагогикасындағы ақыл-ой идея қай халықтың болсын тіршілік тынысымен, халық шаруашылық кәсібімен, жанұялық, қоғамдық, ұлттық дәстүрмен тығыз байланыста пайда болып, дамып және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып, жетіп отырғаны сөзсіз. Қазақ халқының берері мол берекелі мұраларының бірі - мақал-мәтелдерді де тиімді қолдансақ нұр үстіне нұр болар еді. Халық мақал-мәтелдері мінез-құлықтың барлық астарларына, атап айтқанда, тіл мәдениетіне, өлең - жырға, ән - күйге, қолданбалы өнерге, еңбекке, ақыл-ойға байланысты айтылған. Ұрпақ тәрбиесінде халық тағылымдық мақал - мәтелдерді кең көлемде пайдалана білген. Олардың ерекшелігі, айтылғалы отырған

ой жанама түрде жеткізіледі. Бұл мәдениеттіліктің, тәрбиеліліктің ең жоғарғы белгісі.

Санамақтар.

Жас балалардың қарапайым математикалық білім – түсініктерін қалыптастыруда санамақтар ерекше рөл атқарған. Жас өспірімдер арасында осынша құрметке ие болған бұл жанрдың тәлімдік мәні де өте зор. Ең алдымен, ұйқасты өлеңдер баланың поэзияға деген құмарлығын арттырып, әдемі сөйлеуге дағдыландырса, санамақты көп жаттауға деген құлшыныс олардың жаттау қабілеттерін, танымдық ой - өрісін дамытады, ал санамақты ырғағымен айта білу мәнерлеп сөйлеуге үйретсе, санамақ тәртібін бұзбай айту баланы сергектікке, байқампаздыққа, турашылдыққа баулиды.

Қазақтың халық санамақтары, ең алдымен, жас балаға сан үйретудің дидактикалық құралы, әсіресе он көлеміндегі сандардың нумерациясын игерудің әдіс - тәсілдері ретінде қолданылған. Қазақ арасында өлең түрінде айтылатын санамақтардың сан алуан түрлері бар. Олардың барлығы дерлік мазмұн жағынан бір-біріне жақын, көпшілігі онға дейін немесе беске дейінгі санау мәселеріне байланысты болып келеді. Сондай-ақ алтыға, жетіге дейінгі сандарды қамтитын санамақтар да бар. Ұйымдастырылу сипатына қарай оларды ойын-санамақтар, айтыс-санамақтар, жұмбақ - санамақтар, т.б. деп те бөлуге болады.

Менің ойымша, қазақтың халық санамақтарын баланың жас ерекшеліктеріне байланысты қолдануына қарай, негізінен, екі топқа бөлуге болады.

1. Жас балаларды санай білуге, жалпы сан және санау ұғымдарын игеруге даярлау мақсатында қолданылатын санамақтар. Бұларды саусақ ойындары деп те атайды.

2. Онға дейінгі санау қабілетін жетілдіріп, дамыта отырып, он көлеміндегі сандардың ауызша және жазбаша нумерациясы туралы білім - түсініктерді қалыптастыру мақсатында пайдаланылатын санамақтар тобы.

Қазақ отбасында жас баланың тілі алғаш шығып, былдырлап сөйлей бастасымен, ата - ана оның алақанын қыттықтап немесе саусақтарын бүгіп -жазып, саусақ ойындарын

ойната бастайды. Мектепке келмей тұрып - ақ бала сандық ұғым туралы мағлұмат ала бастайды. Бірақ оны саналы түсінбейді. Осы құбылысты сезген халық жастарға сан ұғымы туралы мағлұмат берудің алуан жолдарын ойлап тауып, олардың ақыл ойын өте шеберлікпен жетілдіре білген. Сан ұғымын есептер арқылы, ауыз екі әңгіме арқылы немесе нақыл сөздер, мақал-мәтелдер арқылы да жеткізген. Сан ұғымын заттың негізінде, сол заттың бейнелі суреті арқылы беру бала зердесінде өшпес із қалдырып, санасынан мықтап орын тебері сөзсіз. «Аз», «Көп» деген ұғымдарды баланың зердесіне ұялату оңай емес. Ал, оны қарапайым халық ойынының негізінде түсіндіре бастасақ, ол онша қиындық келтірмейді. Халық ойындары арқылы сандардың жиынтық ұғымын да оңай түсіндіруге болады. Осының бәрін қазақ халқының бір ғана ойынының бойынан табуға болады десек артық емес. Мысал ретінде он бірге дейін санайтын санамақты алайық. Осы ғасырдың 30-40 жылдарында бұл ойын баланы мектепке әзірлеу құралы ретінде есептелінді. Ол бүгінде өзінің әуелгі маңызынан айырылып отыр. Бұл оның күні өтіп, тәрбие құралы болуынан қалғандығынан емес, керісінше ұмыт болғандықтан. Бірінші сыныпта математиканы оқып үйрене бастағанда (яғни алғашқы ондықты өткенде) оқушылардың түсінігін жетілдіру үшін санақ ойынын ойнату орынды. Мұғалім пәнаралық байланыс мақсатына санаумен қатар тіл жаттықтыру үшін қайта - қайта естеріне салып қайталап отыруы жөн.

Саусақ ойындары балалардың жас ерекшелігіне қарай, түрліше ұйымдастырылуы мүмкін. Мәселен, балалар тобынан бір бала шығып, бас бармақтан бастап шынашаққа дейінгі саусақтардың аттарын жаңылмай, жылдам атап шығуы тиіс. Немесе, ортаға шыққан бала адымдап жүре отырып, әр аттаған сайын ақындардың, батырлардың немесе т.б. аттарын жаңылмай атап шығуы керек.

Жұмбақтар мен жаңылтпаштар.

Қазақ халық педагогикасында жаңылтпаштар мен жұмбақтардың да алатын орны ерекше.

“Сан және санау мәселеріне байланысты болып келетін жаңылтпаштар” баланың тілін ширатып, оны дұрыс және айқын сөйлеуге үйретумен қатар, сандардың атауларын дұрыс айта білуге қалыптастыруға да игі әсерін тигізеді. Халық жаңылтпаштары тақырыпқа өте бай және мазмұн жағынан әр алуан болып келеді. Қазақ арасында есеп сипатында тұжырымдалатын жаңылтпаштар да көптеп кездеседі.

Мәселен,

Сырық - қырық

Құрық —қырық

Қанша болды,

Құрық, сырық? немесе

Үш кіші ішік піштім,

Бес кіші ішік піштім,

Неше кіші ішік піштім? деген сияқты жаңылтпаштар, бір жағынан балаға сандардың аталуын дұрыс айта білу мақсатымен берілсе, екінші жағынан, есеп шартындағы байланысты аңғара отырып, соның негізінде сәйкес арифметикалық амалды дұрыс таңдап алуды талап етеді.

Қазақ жұмбақтарындағы анық байқалатын бір ерекшелік, олардың көпшілігі сандармен байланысты болып келеді, оларды қандайда бір затты немесе құбылысты оның сандық сипаттамасын тұспалдай отырып жұмбақтау жиі кездеседі. Жұмбақтардың көбіне онға дейінгі сандарды, сондай - ақ үлкен сандарды, кейде аса үлкен сандар мен шексіздік ұғымын қамтып келетіні де бар. Жұмбақтар ақыл - ой тәрбиесінің тамаша құралы болып табылады. Жұмбақтарды қазақ халқы басқа да тапқырлық сөздер қатарында жас жеткіншектің ойын тапқырлыққа баулу үшін, сонымен біге оның сан жөніндегі түсініктерін байытып, онан әрі дамытудың әдістемелік құралы ретінде де қолданып отырған.

Қазақ халқының соңғы ғасырдан бері тәрбие жөніндегі өнегелі істері мен сөздері, тұрмысы, мәдениеті, өнері, өмір

тәжірибесі халық педагогикасының асыл қазынасы болып келеді. Қай заманда болмасын ұрпақ тәрбиесі адамзаттың парызы болды. Әрбір халық өзінің тарихы мен тәжірибесін жалғастыратын жас түлектерді ғасырлар бойы тәрбие әдістері мен тәсілдерін қолданып, өмір тәжірибесі сынынан өткен әдептілік, сыпайылық, адалдық, инабаттылық, іскерлік, мейрімділік, қайырымдылық, еңбек сүйгіштік, үлкенді сыйлау, оған ілтипат көрсету сияқты қабілеттерді олардың бойына екті. Осылардың бәрі адамзат тәрбиесінде халық педагогикасының қандай рөл атқаратындығын көрсетеді.

Әрине жастарға тәлім-тәрбие беруде тек ұлттық дәстүрлермен шектелуге болмайды. Сондықтан тәрбие ісі тиімді және нәтижелі болу үшін халық педагогикасына кешенді қараған жөн.

Сондықтан да, мектепте баларға білім беруде ұлттық тәрбие дәстүрлерін басшылыққа алу - басты талап. Бұл міндетті шешудегі шаралардың қайнар бұлағы, сарқылмас көзі халықтық педагогика.

Қорыта келе:

1.Халықтық педагогика элементтерін оқыту оқушыларды ұлтын, халқын, Отанын қастерлеп қалтқысыз еңбек етуге тәрбиелейді.

2.Халықтық педагогиканың құрамды бөліктері қазақтың ұлттық ойындары, мақал-мәтелдері, жұмбақтар, ертегі есептер, санамақтар т.б. ерте заманнан бастап, жас өспірімдердің ой-өрісін, зеректігін дамыту, тапқырлығы мен шешендікке тәрбиелейді.

3.Халықтық педагогика элементтерін оқыту оқушыларды ұлттық сана сезім ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, этикадық талғамы жоғары, ар - ожданлы мал, еңбекқор етіп тәрбиелейді.

4.Халықтық педагогика элементтерін оқыту балалардың ғасырлар бойы өмір тәжірибесінен өткен әдептілік, сыпайылық, қайырымдылық, еңбек сүйгіштік, ілтипаттыққа тәрбиелейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Алиева К.С. «Математиканы оқыту» әдістемесінен бақылау жұмыстары Шымкент, 2002ж.

2 Ақылбаева М. Қызықты есептер //Бастауыш мектеп/ 2004ж. №1

3 Асарбаева А. Ұлттық ойындар – халық педагогикасының құрамдас бөлігі // Ұлт

4 Әбдіқадырова Г. Халықтық педагогиканың мәні зор// Қазақстан мектебі. 2003ж., №8.
5 Біләлова Ж. Математикалық ұғымды меңгеру. // Бастауыш мектеп. 2001ж. №12.
6 Елубаев С. «Қазақтың байырғы қара есептері» – Алматы: «Қазақстан», 1996ж.
7 Елубаев С. Халық аузындағы есептердің сипаттары // Бастауыш мектеп. 2003ж. №2.
8 Қалиева Г. Математикалық ертегілер //Бастауыш мектеп. 2002ж. №8.



Интеллектуалды ұлт қалыптастыру F3И эксперты

Мақалада қазіргі қоғамдағы мұғалім мәртебесі суреттелген. Ұстаз мәртебесінің бүгінгі күнде төмендігі және де оны шешу жолдары қарастырылған. Бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыруда мұғалімнің атқаратын рөлі зор екендігі сөз етіледі. Бүгінгі күнде заман талабын сай, мұғалім мәртебесін көтеруде біршама жұмыстар атқарылып жатырғаны да айтылған.

В статье рассматривается статус учителя в современном казахстанском обществе, указываются основные причины его понижения, а также приводятся краткие пути решения по повышению статуса учителя в школах. Написанно о значении педагога в формировании конкурентоспособный личности.

In article the status of the teacher in a modern Kazakhstan society is considered, principal causes of its fall are specified, and also short ways of the decision on increase of the status of the teacher at schools are resulted. Teacher written about a value in forming of competitive personality.

«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан басталады» - деп Абай атамыз өсиет еткендей, ертеңгі жас ұрпақтың өрелі боп өсуі жақсы ана, жақсы атамен қатар жақсы ұстазға да тікелей байланысты екендігі бар-шамызға аян.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығына қадам басқан қазақ қоғамының алдында тұрған сара жол – ұлт Көшбасшысы, Елбасы жүргізіп келе жатқан сындарлы саясаттың бірі жас ұрпаққа сапалы білім беруді жүзеге асыру. Ал енді сапалы білім мен саналы тәрбие ұрығын қатар себетін аяулы тұлға – аты алтын әріппен

жазылатын мұғалім, ұстаз екені ақиқат. Осы ретте ағартушы Ы.Алтынсариннің «Мұғалім маған бәрінен де қымбат, өйткені, ол – мектептің жүрегі»[1] деп артынан қалдырған ұлағатты сөзі есімізге бірден келеді.

Білім мен қадір-қасиеті арқылы алдындағы шәкіртінің жұлдызын жағып, мәртебесін биіктететін, тағлымын қалыптастырып, таңымен кеңейтетін мұғалім деген ұлы есімінің алдында кім-кімнің де бас иетіні белгілі. Бірақ, бүгінгі таңда мұғалім беделі төмендеп барады. Оның себебі неде? Мұғалім көтеріп жүрген жүктің салмағы қандай?

Бұл өзекті мәселе қазіргі таңда жиі көте-

ріліп, өзекті сипатқа ие болып отыр. Сайып келгенде, мәселенің мән-жайы көп жағдайда мұғалімнің әлеуметтік жағдайына келіп тіреледі. Десек те, бедел кім көрінген сатып алатын дүние – мүлік емес, керісінше ол мұғалімнің біліміне байланысты. Өз пәнін жетік білетін, қашан да жаңалыққа жаны құмар, кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлуеті мол, оқитудың жаңа технологияларын айналымға енгізуге даяр, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанышыл таныта білетін, шәкірттерін шын жүрекпен сүйе білетін мұғалім өзінің сөйлеген сөзі, жүрісі, тұрысы, істеген ісі, парасат-пайымы арқылы да шәкірттеріне қашанда үлгі болмақ.

Мұғалім шәкіртінің барынша – ықыласын өзіне аударып, сабақты әрдайым қызықты өткізе білу керек. Өтілетін тақырыпты толық меңгермеген мұғалім алдындағы шәкірттеріне не берсін? Өкінішке орай ісіне немқұрайлы қарайтын, келіп-кетіп жүретін, сыртқы бейнесі, киім киісі аудиторияға сай емес, сабаққа дайындығы нашар мұғалімдер де кездесіп жатады. Бұл – бүгінгі қоғамдағы ащы шындық.

Адам баласына материалдық қажеттілермен қатар рухани байлық та өте керек деп санаймын. Атап айтсақ – білім. Демек, оны кез-келген адамның меңгеруі, алып жүруі үшін үлкен жауапкершілік жүктелетіні белгілі. Сонда жоғары оқу орнын сырттай немесе ақылы тұрғыда бітіріп, мұғалім атын иемденіп жүргендер де ойланар еді. Болмаса өзі оқымаған адам, шәкірттеріне қалай «оқы» дейді? Осы жағын ойлаған да жөн! Бұған қоса, мұғалімдер арасында көптің алдында шығып сөйлей алмайтын, ата-аналар жиналыстарын жүргізе алмайтын мұғалімдер кездесіп жатады. Оқушымен, оның ата-анасымен тіл табысудың өзі бір мектеп. Мұғалімнің ата-ананы мектепке тартып, бала тәрбиесіне ортақ ете білуі өте маңызды. Мұғалім мен ата-ана өзара түсінісіп, біріне-бірі көмектессе, тәрбие сәтті болады. Кей мұғалім ата-анамен түсініспеушілігінің қарымын баладан алуға тырысады, ал ата-ана мұғалімді тілдеп, оның бала алдында беде-

лін түсіреді. Мұғалім беделін оқушылар алдында осыншалықты төмендетуден кім ұтты, кім ұтылды?

Мұғалім – үнемі ізденісте, қоғам дамуымен бір жүретін тұлға. Еліміз өркениетті елдер қатарынан орын алып, бәсекелестікке қабілетті болуы үшін – ең алдымен жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие, ғылым жаңалықтарынан сусындату міндеті тұр. Ал оның қайнар көзі мұғалім еңбегінен басталады. Мұғалім еңбегінің әлеуметтік мәніне, елдің мәдени өміріндегі белсенді рөліне кезінде қазақ зиялылары да көп көңіл бөлген.

Қазақ халқының біртуар перзенті Ахмет Байтұрсынұлы былай деген екен: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі – білімді, педагогика, әдістемеден хабардар, оқыта білетін мұғалім» [2].

Білім жүйесіндегі қордаланған мәселенің ұшы бюджеттен ақшаны жырымдап үлестіретін жандарға келіп тіреледі. Жыл сайын Елбасының жолдауында бюджет қызметкерлерінің жалақысын көтерілетіні айтылғанымен, ай өтпей жатып, ел ішінен қымбатшылық иектеп, қосылған мардымсыз ақшаны жұтып қояды. Жалпылай айтар болсақ еліміздегі мектеп мұғалімінің орташа жалақылары шамамен отыз-қырық мың теңгені құрайды. Бұл қаржы күнкөріске жетпейді.

Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында педагогтың дәрежесін көтеруге ерекше көңіл бөлінген екен. Болашақта бұл жұмыс ең маңызды үш бағыт бойынша қолға алынбақшы. Біріншісі – мұғалімдерді лайықтап жалақымен қамтамасыз ету. Екіншісі – мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша батыл шаралар жүргізу. Үшіншісі бағыт – бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мұғалімдердің ең жақсы жетістіктерін насихаттау, педагогикалық шеберлік байқауларын өткізіп, үкіметтік емес ұйымдар, ата-аналар, жү-

мыс берушілермен тығыз байланыс орнату және басқа шаралар арқылы педагогикалық мамандықтың қоғамдық беделін жүйелі түрде көтеруіміз керек делінген. Бұл ізгі бастамалардың бірі деуге болады.

Оқытушы – білім саласындағы басты тұлға. Сондықтан, олардың абыройын асқақтататын да, беделін көтеретін де – қоғам. Мұғалім беделінің артуы оның әлеуметтік жағдайы мен кәсіби біліктілігіне де тікелей байланысты. Мұғалім өз пәнін жетік біліп қана қоймай ата-анамен, оқушылармен тіл табыса білу керектігін жоғарыда айтып өттік. Шәкіртінің жүрегіне жол тапқан мұғалім оны білімнің биік шыңына жетелей алады. Сонымен бірге, әр пәннің ғылыми дәрежесі сақталып, әр оқушыға ғылым негізін мұқият меңгерткен жағдайда және дайындаған дарынды оқушысы ғылыми жобаларға, түрлі сайыстарға қатысып, марапатқа ие болып жатса, мұғалімге абырой сонда келеді.

Мұғалім беделі неден көтеріледі? Осы орайда шетелдіктердің жүргізген сараптамаларына зер салсақ, олардың беделін өсіретін тек айлық жалақының жоғары мөлшері емес, мұғалімдердің өз бетінше білімін көтеруінде. Демек, мұғалімдер әрдайым ізденісте болса, соны сабағына тиімді қолдана білсе, бұл ол үшін жеңіс әкелері хақ.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде: «Білім беру мен ғылымның дамуы – бұл саяси әрі жалпы ұлттық міндет» [3] деп алдымызға айқын мақсат қойды. Бұл мұғалім бедерін көтерудегі оң қадам. Ал, бедел өздігінен келмейтінін біліп, оны осы жолда өзіміз де көп ізденіп, бала жүрегіне жол тауып, кәсіби шеберлік шыңынан көрінуге ұмтылғанымыз абзал.

Тағы бір ойланатын жайт, бүгінгі күні мұғалімдердің 82% пайызы – әйел қауымы. Ал келешек жас ұрпаққа білім беруде ер мұғалімнің алар орны айрықша. Мұғалім мәртебесін көтерудің бір жолы – мектепке ер мұғалімдерді көбірек тарту. Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде ерлердің атқаратын рөлі ерекше.

Мұғалім беделінің өсуіне ұжымның, білім саласы басышыларының ауызбірлігі, ынтымағы керек. Жоғары басшылыққа атақтарға, түрлі төс белгілерге лайықты жандарды жүрексінбей, ешкімге жалтақтамай батыл ұсыну көп түйіннің шешілуіне негіз қалайды. Өзімізді-өзіміз көтермесек, бір-бірімізді ұлық тұтпасақ, бізге атақты да, басқаны да ешкім алып бермейді.

Мұғалім беделінің төмендеуінің тағы бір себебі, қазіргі уақытта балаға көп мүмкіндік пен артықшылық беріп отырғанда. Батысқа еліктеп, бала тәрбиесіндегі «демократиялық үрдісті» шамадан тыс ұлғайтылып берілді. «Балаға ұрсуға болмайды, іс-әрекетін шектеуге болмайды» дейтін талаптар күшейді. Сондықтан, оған басы артық құқық беру, түзелуіне емес, керісінше бұзылуына әкеп соғады. Әрине, бала құқығының аяққа тапталуына қарсымыз, бірақ, дәстүрлі тәрбиені де қатар қолданған жөн. Оның үстіне, қит етсе мұғалімге жетіп барудан тайынбайтын, мәселенің мән-жайын қанықпай тұрып мұғалімге тарпа бас салатын ата-аналар да кездесіп жатады. Сондықтан мұндай келеңсіздіктердің алдын алу жөн. Ата-анамен қарым-қатынаста әдептілік сақтай отырып, баланы тәрбиелей отырып, оқытқан жағдайда мұғалім мәртебесі артпақ.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жетілдірудің бағдарламалық міндетін шешу жас мамандардың кәсіби біліктілігіне, мәдениетіне, рухани кемелдігіне де тікелей байланысты.

Мұғалім сыртқы келбетімен, өзін-өзі басқару шеберлігімен, мимика, сөйлеу шеберлігімен, шешендік қасиетімен және дауыс дикциясымен де кез келген аудиторияны бағындыра алады. Сондықтан мұғалім сөйлеу мәдениетіне ерекше көңіл бөлген жөн. Оқушылар мұғалім сөзінен оның ерік жігерін, мәдениетін, жеке ерекшелігін сезіне алатындай болуы керек. Сөйлеу кезінде адамның адамгершілік қасиеттері, ерік жігері мен қажыр – қайраты немесе жалжақтық, жағымпаздығы да айқын аңғарылып тұрады. Өз сабағына жан-тәнімен берілген мұғалім шын жүректен шыққан жалында сөзі арқылы

оқушыларды еліктіре баурап әкетеді. Егер ол өз сөзіне немқұрайлы, қалай болса солай қарайтын болса, оқушылар мұны бірден байқап қояды әрі оқушы алдында беделі де түседі.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Сіздер мен біздер тек болашақ буынды ғана емес, жалпы адамзаттық қадір қасиеттердің мән-маңызын түсінетін жаны да, тәні де таза, білімді, жан-жақты мәдениетті, патриот азаматтар тәрбиелеуге міндеттіміз»[4]-деп қадап айтқан болатын. Ендеше осы ұлы істе жеке тұлғаның жан-жақты өсуі мен дамуына, жеке тұлғаның қалыптасуына бір кісідей ат

салыссақ, еңбегіміздің еш кетпейтініне кәміл сенімдімін. Қоғамның алға жылжуы білімді жандардың қолында.

Қорыта келе, ұлы педагог К.Ушинский сөзімен айтқанда: «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» [6;35] деген қағида-сын жадымызда ұстасақ, мұғалімде тоқыраушылықтан аман болары сөзсіз. Өскелең ұрпаққа сапалы білім беретін ұстаздарымызды қадірлейік ағайын!

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Сыр бойы». 12 наурыз 2010ж
- 2 «Сыр бойы». 1 ақпан 2011ж
- 3 Мұғалім беделі – білім сапасының кепілі // «Ана тілі», 28 сәуір – 4 мамыр 2011ж.
- 4 Шайынғазы С. Беделі жоқ ұстаздың берері де жоқ. Мұғалім еңбегі қалай бағаланады деген сауал төңірегіндегі ой // «Егемен қазақстан» 9 қараша -2004ж
- 5 Жұмаева А.Шығармашыл ұстаз шынға жетелейді // мұғалім және қоғам. 2010ж
- 6 Дәуқабак Д.Мәдениеттің бір нышаны // Мұғалім және қоғам.-2010.-№4



Адамның адамшылдығы... жақсы ұстаздан болады

А.Құнанбаев.

ӘОЖ 8.2.14

Б.Ж.Сағиева.

*Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ
«Ұлттық тәрбие» журналының жауапты хатшысы*

АҚЫНДАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КЕЙШКЕР БЕЙНЕСІН ЖАСАУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада қазақ поэзиясының шыңында жүрген ақындардың өлеңдеріне талдау жасалынған. Ақын Қ.Мұқашевтің жырларын басқа ақындар жырларымен салыстыра қарап, айырмашылығы мен ерекшелігін ашып көрсеткен. Ақын шығармашылығының өзі сынды өзге ақындармен салыстырғанда, өзіндік ерекшелігі бар екендігіне көзімізді анық жетекізеді. Құдаш ақынның өзінің негізгі өзегіне түскендей боламыз.

Түйін сөздер: *ақын, поэзия, лирика, сезім, әдебиет, қаһарман.*

В статье проанализированы стихи поэтов вершины казахской поэзии. Сравнительно рассмотрены стихи К.Мукашева с стихами других поэтов, раскрыты отличие и особенности. При сравнении творчество поэта с такими же поэтами как он, можно убедиться в личной особенности поэта. Будто мы попали во внутренний мир поэта Кудаша.

Ключевые слова: *поэт, поэзия, лирика, чувства, литература, герой.*

The article analyzes the verses of poets tops Kazakh poetry. Considered relatively poems K.Mukasheva pump verses of other poets, and especially unlike disclosed. When comparing a poet with the same poets as it can be seen in the personal characteristics of the poet. If we got into the inner world of the poet Kudash.

Keywords: *poet, poetry, lyrics, feelings, literature, hero.*

Әдебиеттану ғылымындағы айтылып жатқан ой – тұжырымдар әр кезеңде өмір кешкен қаламгерлердің өзіндік палитрасын, ішкі психологиясын ашып, кең өріс беріп жатқанының куәсі болып отырмыз. Айталық, көркем әдебиеттің бейнелеу объектісі адам десек, мұның лирикаға да қатысы бар. Эпостық қаһарманды лирикалық қаһарманмен бір қоюға болмайды. Лирикалық қаһарман сезім толғанысы эпостағыдай кең бейнеленбейді. Лирикада сезім де, тартыс та, өсу жолы да болады, тек ол эпостағыдай кең емес, өзіндік ерекшелігі мол екені бесенеден белгілі жайт.

«Қазақ поэзиясының кешегісі мен бүгінгісін шола қарасак, лирикалық қаһарман жасаудағы кең ізденістер мен жетістіктердің куәсі боламыз...

...Қ. Аманжоловтың сүйсе, құлай берілетін, жек көрсе бойын ала қашатын отты да адал,

батыл да жарқын «менін», Тәжібаевтың күнделікті қарапайым оқиғалардан да үлкен ой білетін сыршыл да, сезімтал «менін» көрдік...

...Алдымен, біздің көп ақындарда өзіндік арна, өмірді өз көзімен көре білу басқаға ұқсамай, өзінше сезіне білу жетіспейді» [1] – деген. Қ.М.Жүсіповтің пікірі кейінгіге айтар ой-пікірімізге жақын келетін сияқты. Ал, енді әр кезеңдердегі өмір кешкен ақындардың жазған ортақ «Дауыл» деген өлеңдерін оқып көрейікші:

Ғали Орманов:

Боран сокса дүрілдеп,
Жер тар бала байғұста...

Торғайларда дірілдеп,

Қонақтайды қуыста [2] - десе,

Қ. Аманжоловта: Дауыл! Дауыл! Дегенге,
Шықтық үйден дүркіреп,

Аспан тұрды төбемде,
Аласұрып, күркіреп [3]
Ал, Қ. Мұқашев:
Шөлі қанып таза құм,
Тершіп жатыр тас-тағы
Дауыл жанның тозаңын
Қағып -сілкіп тастады.

Ортаймайды жан қанша,
Өткенге жол ауырын,
Жүрегінді шаң қапса,
Дауыл ізде бауырым. [4] - деген жолдар бар.

Бірінде лирикалық қаһарман боранда тонып сыртқа шықпаса, екіншісінде дауыл кезінде далаға асығып, желмен жарысады. Бұл бәріне белгілі әрекет. Бұнда күнделікті, әдеттегі ісін қызықтау басым. Ал Құдашта мүлдем басқаша, лирикалық қаһарман көңілі ашық, жүрегі таза мөлдір, тұнық, сол дауылдың өзін аласұрған шаң, тозаң емес, жүрегіңе көңіліңе жабысқан шер, мұңды шайып, ұшырып әкететін дауылды сөз етеді.

Алғашқыда табиғат картинасын, адам көңіл күйін барынша қарапайым қалпында нақты беру.

Қ.Аманжолов өлеңіндегі қаһарманның ерекше сезіміне, тынымсыздығына, асқақтығына ден қою болса, Құдаштың лирикалық қаһарманы салмақты, жаны таза.

Көп ақын туындыларын оқып отырсақ өзіндік ізденудің куәсі боласың. «Ана» туралы жазылған өлендерді оқып көрсек:

Ө. Тәжібаевта:

Ауырып қалса баласы,
Есінен дем де адасып.
Қоюға жанын жер таппай,
Ілмейтін көзін анасы. [5]

Қ. Мұқашевта:

Армысың тірлік, тынысым,
Аяулы анам, апашым.
Білемін кейде мен үшін
Тұңғиық ойға батасың

Даулы түннің бұрқаса,
Ұйқыңды шайдай ашасың.
Көзіңнен қылмай бір таса,

Бір болсам дейсің апашым [4]

Бұл жерде әйтеуір ананы мадақтау, ананы жақсы көрем деу емес, әр суреткер, қаламгердің ананы өзінше сүйіп, өзінше тебіреніп, ешкімге ұқсамай өзінше жырлауы.

Бұнда да баланың анасын елестетуінде де нақтылық, дәлдік басым. Ол анасының бала үшін «түн ұйқысын төрт бөлуін» ойға шомуын, «көзінен таса қылмауын» көз алдына әкеледі. Лирикалық қаһарман сезімін бейнелеу әйтеуір дара мақсатқа айналмай, ол ақынның өмірді өзінше танып, өзінше бейнелеу міндетіне бағындырып қана жеміс бермек.

Қай ақынды алмайық, ол қанша жерден келісті баламалар келтірсін, соның бәрі өзіндік жүрек қойнауында шындалмаса, бәрібір оқырман ұмыта алмайтындай тың жарқын бейне тумайды.

Өмір, иә бұл өмірді әр Адам баласы өзінше түсінеді, өзінше сүйеді, оның қасиеттерін өзінше сезінеді.

Енді ақындардың «Өмір» жайлы өлеңдеріне шолу жасасақ:

Құдаш Мұқашевта:

«Қайсы бір күндер ағымнан,
Жарылып кеткім келеді,
Түңіліп кейде жанымнан,
Тарылып кеткім келеді.

Тұтатып албырт сезімді,

От өріп кеткім келеді.

Ей, өмір сенің өзіңді,

Көтеріп кеткім келеді» [4]

М. Мақатаевта:

«Дүниенің ағында, қарасын да,
Мыңқ етпейсің қабылдап аласың да
Қарасымен шамаң жоқ таласуға,
Ей өмірім зымырап барасың ба? [6]

М. Жұмабаевта: «Өмір-көпір от үстінде салынған, Дінгектері зәндем отқа малынған. Қорқу білме, аяқтарың таймасын, Ойнап қана өт, шарпу көрме жолыңнан... Өмір-өзен, сылқ-сылқ күлер, сылдырар, Қайда ағады, оның жөнін кім сұрар? Аққан сумен біз де ағармыз, кетерміз, Ағынға ермей, жағасында кім тұрар?» [7]- дейді.

Ақындардың лирикалық қаһармандары-

ның мінез ерекшелігін беруі, өз мінезіне сай өзіндік сезімін нақты да шынайы бейнелей білуі өте ұтымды, анық берілген. Лирикалық қаһарман өмірді терең түсінген. Бәрінің де өмірге келмегі, дүниенің қызығына елігіп ермегі, ақыры алжып өлмегі жоқ,- дейді емес пе?! Адам баласы өз мақсатына түсініп ойлана ақылмен өмір сүруге тиісті.

«Поезд» өлеңіне мән берсек:
Т.Айбергенов:

«Көк поезд ирелеңдеп бұралып та,
Қанатын қағады алыс аралық
Аттанып кеттім бүгін қалаңнан мен,
Салмадың ең болмаса шығарып та,- [8]

десе Құдаш:

«Талас, тоқтау жоқ онда,
Бөгет емес құм, қарың.
Оннан астам вагонда,
Білесің бе кім барын?

Жасырмайық жоқ емес,
Айырылысу бораны.
Кейбір көзді көп елесі,
Жасауратып барады. [4]

Төмендегі лирикалық қаһарман көк поездбен алысқа аттанып, ғашығының шығарып салмағанына қатты налыса, Құдаш өлеңінде түрлі тағдырды тиеп алған поезд ішіндегі адамның адамға деген сағынышын әсерлі де, бейнелі тілмен жеткізеді. Махаббат барда сағыныш бар, сағыныш барда махаббат бар екенін дәлелдеп береді. Ал лирикалық қаһарманы біреулермен құшақ жая амандасып, жолға шыққан жолаушы өмірін көз алдына нақты суреттеп береді.

Иә, жалпы ақындар қай тақырып болмасын қаламын сілтеуден жалыққан емес. Бірақ ақындардың өздерінің жанына жақын бір тақырыптары болады. Олар әсіресе соған құштар келеді. Сондай тақырып Т.Айбергенов пен Қ. Мұқашевта да кездеседі. Бұл екі ақында «Жол» туралы өлеңдері кең ауқымда жазылған екен.

Т. Айбергеновте:

«Жолдар, жолдар мені алыс апарыңдар,
Апарыңдар ұзаққа сапарым бар;

Қаламдаймын әлі мен ұшталмаған,
Өткізіндер шөлдерден құс қонбаған,
Сын тақпасын дос, түгіл дұшпан маған... [8]

Қ. Мұқашевта:

«Жол пейілі жолаушы үшін дархан –ақ,
Жол үстінде шыңдалады нар талап.
Сондай бір жол ауылымнан шығады,
Күні –түні адамдарды арқалап...
Кейде жолмен аттаймын да бір адым,
Ту алысқа ұзақ қарап тұрамын.
Содан кейін бір-ақ сілтеп қолымды,
Көкрегімді ауыл жаққа бұрамын...[4]-деп
жырлайды.

Міне бұл екі өлеңді оқысақ, Төлегеннің лирикалық қаһарманы жолдардан алысқа апаруын, кетіп оралмаса досқа да дұшпанға да сын тақпауын өтінеді. Жол хикаяларының бір ғажабы, оның көзімен көргізетіні бар, жолда кездесетін адамдар мен көзбен көргенкөріністердің адамға берер ләззаты, әрбірден соң жол азабының өзі де кейбір тағылымның таралғы-жоралғысын көрсетеді. Құдаш поэзиясында жол атауы бекер айтылмаған «Поезд», «Жол туралы ой», «Жолдар», «Оралу», «Дала соқпақтары». Қысқасы ақынның қай өлеңінен болмасын, жолдың үстінде жырын термелеп жатады. Құдаштың кейіпкері Төлегендегі қаһарманға мүлдем қарама- қайшы. Құдашта ол жол пейілін, дархандығын айта отырып, Төлеген кейіпкері кеткен ту алысқа қарап қана қойып, өз ауылын, туған жерінен еш қайда ұзамайтындығын айтады. Міне әр ақында тақырып ортақ болғанмен әркімде ойлау, сезіну, тебірену басқа. Ақын шығармашылығының өзі сынды өзге ақындармен салыстырғанда, өзіндік ерекшелігі бар екендігіне көзіміз анық жетеді. Құдаш ақынның өзінің негізгі өзегіне түскендей боламыз.

Міне, лирикалық қаһарманның әрі көпке тән ортақ сипаттары болумен қатар, өзіндік тағдыр, өзіндік күрес жолы, мінезі тағы басқа қасиеттердің танылуымен өлеңге өзгеше таныс, қайталанбас сипат береді.

- 1 Қ.М.Жүсіпов «Өлең сөздің патшасы» – А., 1977ж.
- 2 Ғ.Орманов шығармашылығы. 4 томдық – А., 1982-84жж
- 3 Қ.Аманжолов шығармашылығы. 4 томдық – А.,1977ж
- 4 Қ.Мұқашев «Сүттіген сазы» – А., 1969ж
- 5 Ә.Тәжібаев шығармашылығы – А., 1977ж
- 6 М.Мақатаев шығармашылығы. – А., «Жалын» баспасы 1984ж.
- 7 М.Жұмабаев шығармашылығы. – А., 1989ж.
- 8 Т.Айбергенов «Бір тойым болатыны сөзсіз менің» – А., 1967ж



А.Е.Манкеш
Магистратура және PhD докторантура институты
Алматы қаласы.

Қазіргі қоғамдағы болып жатқан әртүрлі дағдарыстар отбасына, ондағы бала тәрбиесіне үлкен әсерін тигізіп жатқаны белгілі. Мақалада әр халықтың отбасында берілетін тәрбиесінен дәлелдер келтіріліп жазылған. Ұлы Абайдың және басқада ғалымдардың бала тәрбиесіне байланысты ойлары айтылған. Сонымен қатар, отбасында баланы қарапайым еңбек түрлеріне араластыру арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу жолдарын көрсеткен.

Известно, что различные кризисы которые происходят сегодня в обществе оказывают огромное влияние на семью, на воспитание детей. В статье фактами доведено о воспитании в семье разных народов. Сказаны мысли о воспитании детей великого Абая и других ученых. А также, указаны пути воспитания у детей трудолюбивости способом привлечения к простым видам труда в семье.

It is known that various crises that occur in society today have a huge impact on the family, the education of children. The article about the facts brought up in a family of different nations. Told thought about parenting of great Abay and other scientists. And also, shown ways of bringing up children hardworking by the attracting to the simple types of labor in the family.

Қазіргі қоғамдағы болып жатқан әртүрлі дағдарыстар отбасына, ондағы бала тәрбиесіне үлкен әсерін тигізіп отыр. Отбасының әл-ауқатының төменділігі; психологиялық тұрғыдан болашаққа сенімсіздігі; рухани байлықтарға қарағанда ата-аналардың материалдық игіліктерге көбірек көңіл бөлуі; мектеп пен отбасы арасындағы өзара бай-

ланыстың жеткіліксіздігінен отбасы тәрбиесіндегі олқылықтардың орын алып отырғанын байқаймыз. Сол себепті баланы қазақ халқының өмірлік ұстанымына айналған обал мен сауаптың, ынсап пен қанағаттың мағынасын, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дағдыларын баланың санасына жеткізіп отыру әрбір ата-ананың міндеті. Баланың жеке

басының мінез-құлқын қалыптастырып, оның бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіре білуде отбасының атқаратын қызметі ерекше.

Ұлттық ерекшелік пен ұлттық құндылықтарды сақтай білетін, рухани-адамгершілік ұстанымы негізінде қалыптасқан отбасы қандай қиын кезеңде де мемлекеттің тірегі болып саналған. Ендеше, отбасы – рухани дәстүрлер мен ұлттық құндылықтарды үйрететін – тәрбие бесігі, баланың Отанға, елге, жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыратын орын. Қазіргі күн санап дамып отырған ақпараттық технологиялар заманында, қоғамға саналы да тәрбиелі, рухы биік, парасаты жоғары ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеудегі ұлтымыздың ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесін отбасы тәжірибесінде пайдалану ауқымды мәселенің бірі болып отыр.

Хакім Абай отбасындағы бала тәрбиесі туралы, баланың бірінші, әрі негізгі тәрбиелеушісі – ата-анасы болуы тиіс дей келіп, бала алдымен ата-анасына, екінші ұстазына, үшінші құрбыларына қарап өседі десе, жетінші қара сөзінде «бала анасынан екі түрлі мінезбен туады, бірі ішсем, жесем – бұл тән құмарлығы, екіншісі не көрсе соған талпынып «ол немене, бұл не?» деп үлкендердің мазасын алады, бұл жан құмарлығы, сәби кезінде баланың білгісі келген, үйренгісі келгенін ата-ана өз басының үлгі - өнеге көрсетуі арқылы баланың сұрағына жауап беріп, оның білгісі келіп тұрған тән құмарын қанағаттандырып баланың дұрыс тәрбиесіне жол ашқаны дұрыс деген болатын.

М.Әуезов отбасындағы тәрбиеде ананың орнының маңыздылығына назар аудара келіп, тәрбие түзелу үшін ең алдымен сол тәрбиені беретін аналардың моральдық та, материалдық жағдайының дұрыс болуын, аналардың сол тәрбиеге лайықты болуына мән берген.

Отбасындағы бала тәрбиесін чех педагогы Я.А.Коменский «Ағайынды чехтарды» тәрбиелеудегі халықтық дәстүрдің озық үлгілеріне сүйене отырып, баланы жастайынан жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсетеді.

Ал, қазақ халқының отбасындағы бала тәрбиесі туралы академик М.Ғабдуллин өзінің «Ата аналарға тәрбие туралы кеңес» деген еңбегінде «...қазақ халқының өмірлік ұстанымынан, тыныс тіршілігінен орын алған отбасы тәрбиесінің тарихын бүгінгі ұрпаққа жеткізе білу-өз алдына бір мәселе деген. Қазақ ұғымында отбасы – тәрбие бесігі, оттың басы, ошақтың қасы – ырыстың ұйытқысы, береке-бірліктің бастауы. Өйткені адам баласының ой-санасы өсіп, ақыл-ойының кемелденуі үшін де тіршілік нәрі санаға отбасынан кіреді, отбасында көрген жақсы-жаман қылықтардың бәрі бала сезіміне әсер етеді. Ана мен әке және әже мен ата – отбасының басты тәлімгерлері, себебі ана балаға өмір сыйлаумен қатар, ол өзінің бойындағы бар мейірімін, жүрегінің жылуын баланың бойына сіңіріп, халықтық салт-дәстүрлер негізінде тәрбиелеуші және оны өмір сүруге даярлаушы. Қазақ отбасындағы бала тәрбиесінде әкенің алатын орны мен рөлі ерекше, себебі әке – отбасын асыраушы, оның мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері, білімі – баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Әке мен ананың балаға қоятын ең бірінші талап-тілектері – «әдепті, адал бала» болып өсуі, сол себепті «әдепті бол, тәрбиесіздік көрсетпе, көргенсіз болма» - деген сөздерді бала санасына жеткізіп отыру арқылы өзара түсіністікке, сыйластыққа, бірлікке тәрбиелеген. Отбасындағы әжелер мен аталардың бойындағы жағымды қасиеттер: олардың көрегендігі, даналығы, балаға ерекше әсер етеді. Әжелер мен аталар балаларды отбасында түрлі өнер мен еңбекке үйретіп, балалардың бойына адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу үшін оларға аңыз-әңгімелер, ертегілер, мақал-мәтелдер, жыр-дастандар мен жұмбақтарды және т.б. ауыз әдебиетінің үлгілерін кеңінен пайдалана білген.

Академик М.Ғабдуллин қазақ халқының бесік жырларының тәрбиелік маңызы мен мәні туралы: «Бесік жырларынан» халықтың бала тәрбиесі жайындағы арман-тілегі, өмірге көзқарасы, мақсат-мүддесі айқын көрінеді. Онда баланы жас кезінен еңбекке бейім етіп,

адал кәсіпке, халыққа қызмет етуге даярлау ата-ананың ең басты борышы делінеді. Мұның өзі қазақ халқының отбасындағы бала тәрбиесін баланың есейген шағынан емес, тіпті оның бесікте жатқан кезінен-ақ қолға алғанын, баланы еңбекке баулу ісін кіші жастан бастағанын аңғартады».

Француз ағартушысы Ж.Ж.Руссо «бала тәрбиесінің көзі еңбекте, сол себепті баланы жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеуді отбасында еңбекке үйретуден бастау керек» - дейді. Демек, еңбек – өмірдің негізі, адамның басты міндеті, баланы ұқыптылыққа, іскерлікке даярлаудың басты құралы. Баланы кішкентайынан еңбекке баулу, адамдардың еңбек арқылы биік жетістіктерге жеткенін әңгімелеп отыру, баланы еңбек іс-әрекетіне бейімдеу арқылы, өзгенің еңбегін бағалауға ықпал етеді.

Бұл күндері Жапонияның экономикалық, әлеуметтік және рухани жағынан әлемдік бедел алуын отбасы тәрбиесімен тікелей байланыстыруға болады. Жапондықтар ұлттықсалт-дәстүрінәлікүнгедейінқатаңсақтап, оған ұлттық байлық ретінде қарап отырған ел. Ұлттық дәстүрді сақтауға, жастардың бойына ұлттық мінез-құлық пен салт-дәстүрдің озық үлгілерін қалыптастыруға ерекше мән береді. Отбасында да, қоғамдық орындарда да – үлкенді сыйлап, құрметтеу, жапондардың басты ұстанымы мен парыз пайымының бірі болып саналады.

Жапон халқы, отбасындағы бала тәрбиесінде өздерінің ата дәстүрін сақтай білуге ерекше мән беретіні белгілі, ойын арқылы балаға салт-дәстүрлерімен қатар әдет-ғұрыптарын да, тілін де үйретеді. Мәселен, жапондардың бала тәрбиелеу үрдісінде «*Карута тори*» деген ойынның шарты бойынша, ойынға қатысушы әрбір балаға, байырғы әдебиеттен жүз жырды жаттап айтып беру міндеттеледі, мұны жаттағанда баланың танымы өсіп, сөздік қоры дамып түседі. Сол үшін де олар өздерінің ұлттық тілдерін отбасынан баланың бойына сіңіріп, содан кейін өзге тілді үйретеді, ал бұл баланың өз ана тілінің жүрегінің түбінде мәңгі сақталып, өшпес із қалдыруының ең тиімді тәсілі болып саналады екен. Мұндай ұстаным еліміз-

дегі «Үш тұғырлы тіл» мәселесі көтеріліп жатқанқазіргідей кезеңде, бала он жасқа дейін өзінің ана тілінде еркін сөйлеуі тиіс деген, жапон тәжірибесінен ұрпағының жандүниесі мен дүниетанымының өзінің ұлттық тілінде қалыптасуына ерекше мән беретіндігін аңғаруға болады.

Осы орайда, дана халқымыздың «ана сүті – бойды өсіреді, ана тілі – ойды өсіреді» болмаса, «бала тілін білмегеннің бір ноқаты жетпейді, ана тілін білмегеннің мың ноқаты жетпейді» деген ой-тұжырымы тілдің маңығынасын түсіндіру қағидасы болып табылады. Күнделікті бала тәрбиесінде, ана тіліміздегі өлең жолдары мен жаңылтпаштарды қайталатып, әңгіме, ертегі айтқызу, жұмбақ шешу баланың ұлттық тілде ойлай білу дағдысын жетілдіріп, сөздік қорын дамытудың бірден-бір құралы болып есептеледі. Қазіргі балалар тілін шұбарлап, анық сөйлей алмайды, өз ойын жеткізе алмау жайттары кездеседі, әр сөзге тоқтап-тоқтап түсініксіз ұғымдарды қайталайтын болады. Мұндай жағдайда бала жасқаншақтап, көпшіліктің алдында сөйлеуге батылы жетпей, өз пікірін бөлісуден бас тартып күннен-күнге шетке ысырылып, білгенінен білмегені көбейе береді.

Халықтық мұңмен, ұлттық гимнге айналған «Елім-ай» жырының авторы Қожаберген жыраудың:

Асан қайғы Жиренше,
Сөйлеп өткен қазақ тіл.
Ер-Жәнібек, Әз-Тәуке,
Сыйлап өткен ғажап тіл.
Осы тілді жек көрген
Дүнеден қалар құр.
Бағаласаң шынымен,

Бабаң тілі асыл дүр, - деп өз тілін құрметтеуге үндеген осы бір жыр жолдарын жырау баба бүгінгі ұрпағына ұран етіп қалдырғандай. Осы тұста, ұлт зиялысы А.Байтұрсынұлының тілге қатысты мына пікірін есте ұстаған жөн сияқты: «Бала ең алдымен, өз ана тілінде ойлауы, сөйлеуі, білім алуы шарт» - десе, көрнекті педагог И.Г.Песталоцци тәрбиені ана тілінде оқытатын халықтық мектептердің бай тәжірибесіне негіздеп жүргізуді ұсына келіп, баланың ақыл-ойының қалыптасуы, дұрыс дамуы

ұлттық тілде оқудың мазмұны мен оқыту әдісін дұрыс ұйымдастыруға байланысты деген болатын. Бала ана тілінде сөйлеу арқылы, сол тілдің грамматикалық формаларын ажыратады, белгілі сөздік қоры пайда болады; сөйлеушінің сөзін тыңдау және тыңдаушының сөзінің дұрыс болуы сияқты сөйлеу формалары қалыптасады. Тіл тазалығы, тілдің дұрыстығы, баланың отбасында ауызекі сөйлеуіндегі әдеби тіл ережелері мен белгілеріне сәйкес келуі мен сөздерді орынды қолдана білуі бала үшін тәрбие құралы, білім мен мәдениет бастауы.

Жоғарыда келтіргеніміздей перзентінің саналы да тәрбиелі, еңбек етуге бейім, өз ұлтының, тілінің жанашыры болып өсуі жолында әрбір ата-ананың белсенділік танытуы оның азаматтық борышы, ұрпақ алдындағы міндеті. Қорыта келе, болашақ ұрпақтың бойына халықтың ғасырлар бойы жинақтап, адамгершілікке негізделген тәрбие тағылымын отбасы тәрбиесінің өзегі,

өмір заңдылығы ретінде пайдаланып отыру қажет деп білеміз. Мәселен: отбасы бала тәрбиесінде ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты жалғастырушы;

- өркениетті, зайырлы, құқықты қоғамның азаматын тәрбиелеуде отбасы мемлекеттің негізгі буыны, тірегі;

- бала тәрбиесінің өткенімен үндестігін, сабақтастығын одан әрі тереңдетіп, дамыта түсу;

- отбасында баланы қарапайым еңбек түрлеріне араластыру арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу;

- отбасында баланың тілін дамыту бағытындағы ұлттық бағдарламалар мен ана тіліндегі суретті кітаптар сериясын көбейту;

- отбасындағы баланың өз алдына бір әлем екендігін, өзінің дербестігін, даралығын танытудағы «Мен» ұғымын адамгершілік тұрғыда дамытып жүзеге асырып отыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қалиев С., Жарықбаев Қ. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен демократ-ағартушылары. – Алматы: РБК, 1993, -48.

2 Абайдың тәлімгерлік тағылымы. Құрастырғандар: Дайырова Ә., Құрманбаева Г. – Алматы: Рауан, 1996, 136.

3 Әуезов М. Адамның негізі – әйел. 20 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 15-том, 1984ж.

4 Коменский Я.А. Материнская школа. // Избр. пед. соч.: – М.: В2т 1994

5 Қоянбаев Ж. Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі. – Алматы: Рауан, 1990. – 234

6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Рауан, 1991. 330

7. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995 232.



ӘОЖ 34.034

М.О.Өрісбаева

Бастауыш сынып мұғалімі

*«Қарашілік орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі*

БАЛА ТӘРБИЕСІ – АБАЙ ҚАЛАМЫНДА

Мақалада Абай Құнанбаевтың бала тәрбиесі жайлы айтылған ойларын талқылып, талдап берген. Дана Абайдың қара сөздерінің мәнін, мағынасын ашып көрсеткен. «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады дей келіп бала мінезінің қыр-сырына мән бере, талдап жазылған.

Қазақ халқының қамын ойлап, қайғы жұтқан, қасірет шеккен ұлы ақынымыз Абайдың жалпы тәрбие, бала тәрбиесі туралы біздерге қалдырған ұлы өсиеттерімен таныстырып кеткен.

Түйін сөздер: *Абай, бала, тәрбие, ақын, дана, мінез.*

В статье обсуждены и проанализированы мысли Абая Кунанбаева о воспитании ребенка. Обширно показаны суть и содержание слов назиданий мудрого Абая. Как говорится «ребенок рождается с двумя различными характерами», произведения поэта написаны уделяя значение характерам детей.

В целом ознакомлено с великими заветами о воспитании в общем, о воспитании детей великого поэта Абая, который заботился о казахском народе, печалился и испытывал горе народа.

Ключевые слова: *Абай, ребенок, воспитание, поэт, мудрый, характер.*

The article discussed and analyzed thoughts Abay about the child's upbringing. Extensively shows the essence and content of the wise words of edification Abai. As they say «the child is born with two different characters,» the poet's works written paying meaning children's characters.

In general, acquainted with the great precepts of education in general, about the education of children of the great poet Abai, who took care of Kazakh people, sadness and grief experienced people.

Keywords: *Abay, child, education, poet, wise, character.*

Халқымызда «қайырымдылықты халықтан, пайымдылықты қариядан үйрен» деген нақыл сөз бар. Жұртымыздың тал бесіктен жер бесікке енгенге дейінгі адам өмірінің мәнін басарлық салт-дәстүр, әдет-ғұрпын «жанында нұры бар ұстаз» тап келіп үйретсе, көкірегінде сәулесі бар шәкірт соның тарыдайын болса да, көкейіне түйіп қалары сөзсіз. Сол себепті, қазақ халқының қамын ойлап, қайғы жұтқан, қасірет шеккен ұлы ақынымыз Абайдың жалпы тәрбие, бала тәрбиесі туралы біздерге қалдырған ұлы өсиеттері.

Абай жан жүрегімен халықтың рухани күшіне, оның бақытты болашағына сеніп, ұстаздық, ағартушылық қызмет атқарды. Абай

шыншылдығы халықтың арындай таза, тұнық, мөлдір. Ол ақылы, білгені мол, білімі терең дана ақын.

Енді Абайдың дана сөздеріне терең бойлап көрейік.

«Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, кисем, ұйықтасам деп туады. Біреуі – білсем екен демектік... «ол немене?», «бұл немене?», «бұл неге бүйтеді?» деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді».

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып- осылар арқылы дүниедегі жақсы мен жаманды таниды. Көр-

гені көп, білгені көп адам – білімді болады» - дейді Абай.

Сонымен бірге ақыл тек адамға ғана тән жоғары қасиет екенін де айтады.

Адамның 3 артықшылық қасиетін: ерік, сезім, ақыл екендігін атай келе өзі былай түсіндіреді: ерік-қайраттың ісі, ақыл-сананың ісі. Осы 3 қасиетті бойына жиған адамды Абай «толық адам» деп санайды.

Ал 38-қара сөзінде «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», - дейді. Және адам болудың басты шарттары ретінде 5 нәрсені көрсетеді. Олар: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым. Бұларға қарсы 5 нәрсені адамдықтың дұшпаны деп көрсетеді. Олар: өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашу. Абай жастарға «алдыңғы бесеуіне ғашық бол, соңғы бесеуінен қашық бол» деп насихат айтады.

Ол 3 мәселені: бірінші, надандықты, екінші, еріншектікті, үшінші, залымдықты ең қауіпті кеселге санайды. Адам еріншектікті-күллі өнердің дұшпаны деп санайды. Еріншектіктен талапсыздық, жігерсіздік, жалқаулық, ұятсыздық секілді нәрсенің бәрі шығатынын, еріншектердің арсыз болатындығын айтады.

Ал «ғылым-білімі жоқ адам – надан. Ғылымы-білімі болмағандықтан ол- нарықсыз. Дүниеден еш нәрсені білмейді. Бар ойлайтыны құлқыны ғана болады. Білімсіздікті Абай хайуанға теңейді. Ал хайуанға ұқсаған кісінің жүрегінде ешқандай мейірімді сезім болмайды», - дейді.

«Залымдық-адам баласының дұшпаны. Алдау, арбау, қулық, екіжүзділік, жалақорлық, күншілдік мінездерді – залымдық» деп қатаң сынайды.

Ұлы ақын «күллі адам баласын қорқылатын» кеселдерді өткір тілмен түйреп, айыптап, әшкерелеумен қатар, адамгершілікке жат сол ұнамсыз мінездердің қайдан шығатынын, яғни түпкі төркінін де көрсетеді. Бұл туралы былай дейді: «Адам баласының туысы, өсуі, тоюы, ашығуы, шыққан жері, дене бітімі, бармақ жері – бәрі бірдей. Яғни, табиғаты, қоршаған орта бір болғанымен, алған тәлім-тәрбие түрлі-түрлі бол-

ғандықтан, олардың ақыл-ойы, мінез-құлқы да алуан түрлі болып келеді. Осының бәрі тәрбиеге байланысты. Адам мінезін тәрбие арқылы түзеуге болады» деген қорытындыға келеді.

Абай өзінің бірнеше өлеңдері мен қара сөздерінде «Дүниенің кілті өнер мен білімде тұр. Бар малыңды сарып қылып, ғылым табу керек. Өзің таба алмасаң, балаң тапсын. Ғылымсыз ахирет те, дүние де жоқ. Білім, ғылым іздегенге оңайлықпен табылмас. Оны дүние табу үшін емес, білмегенді білу үшін құмарта іздеу керек» - дегенді айтады.

Адам деген атты ала отырып, надан болуға хақың жоқ, бойыңдағы барыңды халқыңның қажетіне жұмса, сонда ғана елің сүйген адал ұл боласың, қайрат пен ақылды, әділет пен имандылықты бірдей ұстасаң өнер де, білім де қонады, - дейді. Осы айтылған сөздер қазіргі ұрпағымызға қаншалықты жетіп жатқаны бізді қатты алаңдатады. «Бойыңдағы барыңды халқыңның қажетіне жұмса, сонда ғана елің сүйген адал ұл боласың» деген сөзін алайықшы, ия, қазір кім бойыңдағы барын халқының қажетіне жаратып отыр? Жоғары жақта отырған ағаларымыздың істеп отырғаны анау. Мемлекеттің мектеп салуға, халыққа уй салып беруге бөлген қаражатын жымқырып алып отырғаны. Осындай азаматтарымыздың саны азайса дейміз.

Сонымен қатар, Абай адамның дұрыс болып қалыптасуында еңбек зор рөл атқаратынын да ескертеді. Ғылымға, өнерге, бақытқа – бәріне адам тек еңбекпен жететіндігін, бұлардың бәрі құдайдан келген сый емес екендігін, еңбекті сүймеушілік адамды теріс жолға түсіріп, бұзатындығын дәлелдейді.

«Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық, аздырар адам баласын» деп терең ой түйеді.

Абай өзінің 3 және 42-қара сөздерінде «Қазақтың бірінің тілеуін бірі тілемейінің, рас сөзі аз болатындығының, жаманшылдыққа үйір бола беретіндігінің, бірін-бірі көре алмайтындығының себебі – жұмысының жоқтығы, төрт аяқты малды көбейтеміннен басқа ойының жоқтығынан, өзге егін, сауда, өнер, ғылым секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді», - дейді.

Осы жоғарыда аталған «кеселдерді» жою-дың 3 түрін айқын көрсете отырып,

1) «еңбек», 2) «билік жүргізетін үкімет», 3) «адамның жүрген ортасы» екендігіне де ерекше мән береді.

Абай сөзімен қорыта айтсақ:

«...адам мінезін түзетуге болмайды деген кісінің тілін кесер едім», немесе «Адам баласын замана өсіреді. Кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі кінәлі», - дейді.

Абайдың педагогикалық көзқарасы инабаттылыққа, парасаттылыққа, имандылыққа тәрбиелейтін сүре жол.

Ендеше, құрметті ата-аналар! Осындай тәрбиесі мен тәлімі мол сүре жолдан таймайық!

Өз ұрпағымыздың болашағы жолындағы ата-аналық парызымызды дұрыс түсініп, жақсы ұрпақ тәрбиелей білейік!

Абай атамыз:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ер жеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім,


Қолымды дөп сермесем өстер ме едім!?- дегеніндей, білімге, тәрбиеге мән бермей, кейін өкініште болмайық! Және Руссоның айтқанын естеріңізге сақтасаңыздар екен! «Бала ер жетпей тұрғанда бала болсын. Бұл табиғаттың талабы. Егер біз бұл тәртіпті бұзуға ниеттенсек, онда шала піскен, оңай бұзылуға бейім, дәм-татуы жоқ жеміске ие боламыз», - деген.

Ендеше, жемісіміз мықты, дәмді, дұрыс болсын десек, мектеп пен жанұя тығыз байланыста, яғни бірін-бірі түсіне, бір мақсатта еңбек етіп, тәрбие жұмысын жүргізуі қажет деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әл-Фараби. Әлеуметтік – этикалық трактаттар. – А., 1975, – 106б.

2 Құнанбаев Абай. Шығармалары. – А., 1961, – 444б.



«Қашан бір бала ғылым білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана, оның аты адам болады»

А.Құнанбаев.

ӘОЖ 372.3/4

М.А.Нуриев

*Қазақстан Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры*

А.Е.Садыкова

*Педагогика ғылымдарының магистрі
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЫНТАЛАНДЫРУ АРҚЫЛЫ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Бұл мақалада қазіргі мектептерде бастауыш сынып оқушыларын ынталандыру арқылы танымдық белсенділігін арттырудың жолдары берілген. Жас жеткіншектің рухани жандүниесі мен ой-қиялын дамыту мен алғаш рет білімге жол сілтеп, ілгері жетелеудің педагогикалық шарттары жан-жақты қарастырылған. Оқушыларды оқыту, тәрбиелеу міндеттерін кешенді жолмен шешу талабы және бастауыш мектеп оқушысының жас ерекшелігін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын іздеудің амалдары көрсетілген.

Түйін сөздер: *мұғалім, мектеп, бастауыш сынып, оқушы, оқыту әдістері.*

В данной статье качестве благоприятных черт мотивации отмечается общее положительное отношение ребенка к школе, широта его интересов, любознательность. Широта интересов младших школьников проявляется в том, что их интересуют многие явления окружающей жизни, которые не входят в программу даже средней школы. На развитие учебной мотивации оказывают влияние несколько факторов, среди которых можно выделить образовательную систему и образовательное учреждение, организацию образовательного процесса, субъектные особенности обучающихся (возраст, пол, интеллектуальное развитие, способности, уровень притязаний, самооценка, взаимодействие с другими учениками). К факторам, влияющим на формирование учебной мотивации, можно отнести и субъектные особенности учителя, его систему отношений к ученику и к делу, специфику учебного предмета.

Ключевые слова: *учитель, школа, начальный класс, ученик, методы обучения.*

In this article quality of favorable lines of motivation the general positive relation of the child to school, width of his interests, inquisitiveness is noted. Width of interests of younger school students is shown that them many phenomena of surrounding life which aren't included in the program even high school interest. Some factors from which it is possible to distinguish educational system and educational institution, the organization of educational process, subject features being trained (age, sex, intellectual development, abilities, level of claims, a self-assessment, interaction with other pupils) have impact on development of educational motivation. To the factors influencing formation of educational motivation, it is possible to carry and subject features of the teacher, his system of the relations to the pupil and to business, specifics of a subject.

Keywords: *teacher, school, beginner class, pupil, methods of training.*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағида атап көрсетілген. Бұл білім беру мекемелерінің мұғалімдеріне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануына, педагогикалық үр-

дісті кез келген үлгімен құра беруіне мүмкіндік береді. Қазіргі уақыттағы оқу-тәрбие үрдісінің ерекшелігі баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқу технологияларын ұтымды қолданысқа алуы.

Білім алу – адамзат әрекетінің ең ма-

ңызды бір түрі. Ол білім мен тәрбиенің негізін қалайды. Білім алуда адамның ішкі мүмкіндігі мен қабілетінің дамуы, қалыптасу үрдісі байқалады. Қабілет, бір жағынан, адамның білім, дағды, іскерлікті қалыптастырудағы саналы әрекетінің нәтижесі болса, екінші жағынан, адамның табиғи-генетикалық ерекшелігімен тікелей байланысты. Осыған орай, қазіргі білім беру парадигмасында білім алушыға тұлғалық-әрекеттік тұрғыдан қарауға үлкен мән беріп отыр. Өйткені, әрекет дегеніміз – саналы мақсатқа тәуелді үрдіс. Демек, мақсатқа жетудің басты шарты – жалпы білім беруші мен білім алушының бірлескен іс-әрекеті болып табылады. Осыған орай оқытуды екі жақты әрекетке, субъект-субъектілік, диалогтық қарым-қатынасқа құру мәселесі шешімін табуда.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев: «XXI ғасырда білімді дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғарғы технологиялық және ғылыми қамтылған өндірістері үшін кадрлар қорын жасауымыз қажет. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз», - деп атап көрсетті. Бұл талаптар білім саласы қызметкерлеріне үлкен міндеттер жүктейді. Себебі, білім беру жүйесі – әр елдің даму болашағын айқындайтын, әлемдік өркениетке жетудің негізгі бағыттарын көрсететін біртұтас құрылым. Әрбір мемлекеттің болашағы мектебінде шындалады дейтін болсақ. Мектептегі берілетін білім сапасы жоғары болуы тиіс. Ол үшін, білім алушы жас өркенді тәрбиелейтін мұғалімдердің біліктілігі мен білімі өте жоғары деңгейде болуы шарт.

Жас жеткіншектің рухани жан дүниесі мен ой-қиялын дамытып, алғаш рет білімге жол сілтеп, ілгері жетелейтін негізгі тұлға – бастауыш сынып мұғалімі. Сондықтан, мұғалімдер алдында, бүгінгі өткізілетін сабаққа аса маңызды талаптар қойылады. Ол – оқушыларды оқыту, тәрбиелеу міндеттерін кешенді жолмен шешу талабын және бастауыш мектеп оқушысының жас ерекше-

лігін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын іздеу.

Осыдан дамыта оқытудың жетекші бір ұстанымы – оқушының оқу әрекетінің субъектісі деп қарастыру келіп шығады. Давыдов В.В. өзінің дамыта оқыту идеясын «Оқу әрекетінің субъективті теориясы» деп атауы да осыдан туындаған болуы керек.

Бастауыш мектеп жасының (7-11 жастың) өзінше жас кезеңіне бөлінуі оқудың (әсіресе орта оқу мектебінің) көп елдерде жаппай үстем алып дамып келуінен. Осы жас кезеңін өзінше бөліп алудың себебі – бұларда өтетін оқу материалдарының ұқсас келуінен.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу материалдарын меңгеруге мүмкіншілігі өте көп. Себебі, олардың интеллектісі қарапайым ой операциясы дәрежесінде кездеседі.

Кеңес психологы В.В.Давыдовтың пікірінше, көбіне оқушылардың оқу материалдары олардың ақыл-ой деңгейіне сай келмей отырады. Сондықтан, олардың оқуға мүмкіншілігін толық пайдалану үшін тапсырмаларды одан әрі қиындата түсу керек.

Егер бұл жастағылардың негізгі іс-әрекеті ойын болса, оқуға кіргеннен кейін оқу қызметі шешуші рөл атқарады. Осыдан, оқу әрекеті – бала психикасының дамуына әсер ететін негізгі әрекет болып табылады. Ойынға қарағанда оқуға байланысты талаптар бала үшін күрделі болып келеді. Сонымен қатар, жаңа мектепке келген бала сыныптағы құрбыларымен қатынас жасап, осының нәтижесінде өзінің психикалық өрісін кеңейтеді. Дегенмен, алғашқы уақытта мектептегі жаңа жағдайға бала әлі бейімделе алмағандықтан, мынадай қиындықтар туындауы мүмкін:

- бала мектептің, сыныптағы тәртіп ережелеріне бейімделе алмайды (белгілі уақытта тұрып, мезгілінде жатуға, сабақтан қалмауға, сабақ кезінде үнсіз тыныш отыруға үйрене алмағандықтан) қиналады;

- мұғалімнің өзіне тән мінезіне және құрбыларымен қалай қарым – қатынас жасауға үйрене алмағандықтан бала қиналады, мұғалімнен түсінбеген нәрсесін сұрауға ұялады;

- мектепке дейінгі кезеңдегі оқуға дайындық жеткілікті дәрежеде болмаса, мектептегі оқу материалдарын бала дұрыс меңгере алмайды;

– мектептегі оқытылатын материалдардың тым жеңіл келуі. Тапсырмалардың тым жеңіл келуі қиындықтармен күресуді тежейді, балалардың оқуға деген ынтасы;

– мектептегі оқытылатын материалдардың тым жеңіл келуі. Тапсырмалардың тым жеңіл келуі қиындықтармен күресуді тежейді, балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыра білу керек. Мұндай қиындықтарды ескеріп, назардан тыс қалдырмау керек.

Сонымен алды 1970 жылдарда (Д.Б.Элькмонин, В.В.Давыдов) соңы осы күнге дейін көкейкесті мәселенің бірі болып келе жатқан эксперимент деңгейінде қалыптасқан дамыта оқыту идеясының негізгі ұстанымдар мыналар болды дейміз.

1. Білім мазмұнының теориялық деңгейін көтеру, яғни білім мазмұнын ғылыми ұғымдар жүйесі (Л.В.Занкова) немесе белгілі бір заттың шығу тегін қалыптасуын, дамуын ашатын ұғымдар жүйесі (В.В.Давыдов) түрінде жасау.

2. Мазмұнды – мәдениет жүйесінде қалыптастыру.

3. Оқушының ойлау түрлерінің біртұтастықта дамуы (көрнекі – нақтылы, нақтылы

бейнелік және теориялық ойлаудың бірлігі (А.З.Зак, З.Н.Калмыков, Л.В.Брушлинский).

Танымдық жаттығулардың

- интеллектуалдық деңгейі;

- оқу іс-әрекеті субъектісінің қалыптасуының мазмұны;

- іс-әрекетінің еркіндік деңгейі;

- эмоционалды орталық;


- жеке әлеуметтік даму деңгейі.

Мектеп оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыру мәселелері білім мен тәрбие беру тұжырымдамасында негізгі орын алады. Оқу тәрбие жұмыстарын бүгінгі білім стандартына сай кешенді түрде жүргізу арқылы оқушыларды біртұтас тұлға етіп қалыптастыру. Ұрпақ тәрбиесіндегі көкейкесті мәселелердің бірі – жетілген жеке адамды тәрбиелеу:

а) оқушылардың жеке адам туралы түсініктерін кеңейту, тәрбиенің қоғамдағы маңыздылығын, ғылыми жаңалықтары мен дәйектілігін түсіндіру;


ә) оқушылардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, ұлы педагогтардың ұлағатты, ғибрат сөздерінен үлгі-өнеге алуға баулу.

Жеке адамның дамуына ықпал ететін факторлар




биологиялық фактор
әлеуметтік орта
тәрбие
білім алу, оқу

Баланың дамуындағы заңдылықтар




тілінің дамуы
түсінуі
сөздік қорының молаюы
ынта, қызығушылығы

Тұлғаның оқу барысында, іс-әрекет процесінде қиыншылықтарды жеңу үшін




шешімділік
өзін ұстай білу
батылдық
табандылық
төзімділіктер
қажеттілік

Жеке тұлғаның өзіне тән дербес ерекшеліктері болады, ол оқу барысында көрінеді (келесі схемадан көре аласыздар):



Жеке тұлғаның қалыптасу үлгісі



Бастауыш мектеп оқушыларының білімі психологиялық-танымдық іс-әрекет негізінде ғана бақылауға алынса тиімді болатыны белгілі. Ол үшін танымдық жаттығулар, мағыналы есте сақтау, зейінділік, ішкі әрекет жоспары бейнелік кеңістік байланыстар бағыттарында, жүргізіледі. Оқытуда танымдық іс-әрекет көп жағдайда сабақтармен, практикалық сабақтармен және үй тапсырмасын орындаумен ғана шектеледі. Ал балаларға қойылатын психологиялық

диагностика арқылы танымдық іс-әрекеттің құрылымында оқушының психикалық дамуында қандай да бір ақаулар бар ма? Олардың дамуындағы маңызды мәселеге куә боларлықтай және эмоционалды қиындықтардың туындауына коммуникативтік жоспарды толық қалыптастыру қамтылған, ба?

Көп жағдайда танымдық процестердің өте маңызды мәселелерді, қиындықтарды ескермеу салдарынан таным дұрыс қалыптаспайды. Ол тек сабаққа ғана емес, сонымен

бірге, тұлға дамуында, танымдық іс-әрекетке де кедергісін тигізеді. Мысалы, мұндай балалар үндемегенді қалайды, өзін өте ен-жар ұстайды және сабақ тапсырмаларын жиі орындамайды. Осы себептен баланың жаңа тақырыпты меңгеруі төмен болады да, балада қажетті білімді дұрыс меңгере алмайды. Сонымен қатар, мектептегі оқу процесі ойдағыдай жүргізілмеген жағдайда, мысалы төменгі сынып оқушысы сабақтың мазмұнын жаттап алып, бірақ мағынасын түсінбейтін болса, өз бетімен пікір айтып, қорытынды жасауға қатты қиналатыны сөзсіз. Бұл мәселе жөнінде В.В.Давыдов, В.И.Слободчиков, Г.А.Цукерман еңбектерінде «адам өзін өзгерту үшін оның білім алуы керек, ол біріншіден, өзінің білімді меңгеру шегін білуі қажет, екіншіден, өз мүмкіншілігінің шекараларына өте алуы қажет», - дейді.

Бастауыш мектеп оқушысы үшін дамытын жаттығулардың кешенді орындалуы олардың танымдық іс-әрекетінің барлық түрлерін қамтиды.

Сол себепті де, бала есінде берілген тапсырманың жақсы сақталуы үшін мынадай әрекеттер мен тәсілдер қолдануға болады:

1) Көрнекі құралдарды қолдану. Баланың жасы неғұрлым кіші болса, соғұрлым оның танымдық іс-әрекетінде сезімдік қабылдау зор рөл атқарады. Сондықтан материалды есте қалдыру үшін де, мүмкіндігі бар жерде көрнекі материалға сүйену өте маңызды.

2) Қайталау. Көптеген мұғалімдер оқу материалдарын есте берік сақтаудың ең басты және тиімді құралы бірнеше рет біртекті қайталау деп есептейді. Балалар қайталау арқылы ережелерді жаттап, теориялық білім негізін толықтырып отырады.

3) Өзін-өзі бақылау. Адам өзі істеген істі бекіту үшін, өзі жеткен нәтижені білуі қажет. Берілген кез келген дәрежедегі материалды оқып игерудің кез келген қалыптасуы дәрежесінде өзін-өзі бақылау үлкен рөл атқарады. Өзін-өзі бақылау балаларды өзіне сын көзбен қарап, берілген тапсырманы орындауға жауаптылығын арттыруға үйретіндіктен, әсіресе төменгі сынып оқушылары үшін өте қажет.

4) Себептер мен нұсқау. Адамның кез

келген басқа қызметі сияқты мнемикалық қызметінің жемістілігі де ізденулерге, яғни оны туғызған себептерге, нұсқауда берілген дәрежедегідей оны орындау әзірлігіне байланысты. Бала материалды есте сақтап қалуы үшін есте сақтап қалуға тиісті екенін білуге және оны есте сақтап қалғысы келуі тиіс.

5) Есте сақталған материалдың мағынасын ұғыну. Кішкентай балаларға сөзбен немесе тіпті сезімге әсер етерліктей берілген мазмұнның мағынасын ұғыну өте маңызды. Көптеген тәжірибелер барысында мағыналық жағынан байланыстыруды қалыптастырған жағдайда, материалды еске түсіріп қайталауда оқушылар үлкен жетістіктерге жеткен. Есте сақталғанды ұғыну үшін балаларға әр сөздің, терминнің мәні түсінікті болуы қажет.

6) Есте сақтау және ұмыту. Материалды жаттау, оны қайтадан еске түсіру арасында кететін уақыт жасырын немесе латентті кезең деп атайды.

7) Жаңғырту. Есте сақтау процесінің соңғы сатысы, қайталап еске түсірудің ең жеңіл нысаны тану процесі болып табылады. Бұл арада қабылдау мен есте сақтау процестерінің түйісуі жүзеге асады.

Бастауыш сынып оқушыларымен күнделікті жүргізілетін жұмыстың және көптеген бақылау жұмыстарының қорытынды нәтижелері:

– біріншіден, бұрынғы кезде қажет болғандай ұзақ мерзім ішінде емес, 7-9 жастағы балаларға көлемі жағынан айтарлықтай үлкен материалдарды барынша қысқа мерзімде-ақ есінде ұстау балалардан да, мұғалімдерден де айрықша күш жұмсауды талап етеді;

– екіншіден, төменгі сынып оқушыларының барынша күрделі оқу материалдарын игерудегі осы жетістігі балаларды оқытудың жаңа жүйесінің нәтижесі болып табылады. Балалардың қабылдағандарын ұғынуға мүмкіндіктер бере алатын ақыл-ой белсенділігі мен жатталынған мазмұнды түсінуге негізделген оқыту есте сақталуға тиісті материалдардың барынша толық, ұзақ сақталуына, оны қайталап еске түсірудің дәлдігі және әр түрлі жолдарын барынша еркін пайдалана білуге жетелейді;

– үшіншіден, логикалық есте ұстау баланың жас шамасына қарай пісіп-жетілуінің ғана нәтижесі емес, ең алдымен-оқыту жүйесі мен баланың қысқа өмірінде жинақталған шамалы көрген-түйгенінің нәтижесі екендігін тәжірибе көрсетіп тұр.

Баланың ұғынып жаттаудың тиімді тәсілдерін үйренуге баланы баланы мектеп жасына жетпеген кезінен бастап дәйектілікпен үйрету қажет.

Демек, дамытатын танымдық жаттығулардың мақсаты мектептегі оқытудың интеллектуалдық потенциалын (әлеуетін) көтеру және әр сабақты оқушының танымдық құқықтарын меңгеруге бағыттау тапсырманың шешу жолдарын талдау, тапсырманың орындалуына түрлі тәсілдер іздеу, өзінің шешімін құрбыларының жұмысымен салыстыру, өзінің дәлелдеген шешімін айтуға үйрету болып табылады. Грамматикалық алғашқы мағлұматтардың мазмұны ашылып, дамытылуы жағы қарастырылады. Сонымен қатар оқушының оқып отырған пәнге қызығушылығын, ынтасын, белсенділігін арттырып, сабақты танымдық жаттығулар арқылы арттырып, сабақты танымдық жаттығулар игеру мақсаты көзделеді. Бұл арқылы оқу процесінде тұлғаның сөйлеу тілі, дүние танымы, грамматикасы дамиды.

Қазақ психологы М.Мұқановтың пайымдауынша баланы оқуға итермелейтін күш негізінде мынандай екі түрлі түрткіден құралады. Бірінші – сыртқы түрткіден, бұл жағдайда бала өзгелерден сескенетіндігінен оқитын болады. Бала тікелей талпынбайды, жанама түрде, өзгелердің оған қолданған шарасынан өзін аман сақтап қалудың амалы деп түсіну керек.

Екіншіден, оқуға іштей талпыну түрткісі дегеніміз – баланың өзінің ықыласы мен сан алуан құбылыстардың өзіне тән сырларын білуге ұмтылуынан болады. Сыртқы түрткінің мағынасын өзгертіп, оқуға баланың қызы-

ғушылығын арттырып оқушыда «оқығым келеді», «мен тапсырма орындап көрейінші», «менің жауап бергім келеді» деген сияқты мотивтермен оның іштей оқуға талпынуына үйлестіріп оқыту керек. Ол үшін бастауыш сынып жасындағы балаларды сабақ барысында бағаға тәуелді қылмай, өзіндік бағалау деңгейін көтеріп, ынталандыру бағытында жаңа инновациялық бағалау жүйесін енгізу қажет деп ойлаймыз. Мәселен, дәстүрлі бағалаудың орнына ата-аналары мен мұғалімге ғана түсінікті болатындай, әртүрлі, көз қызықтыратын жапсырмалар (наклейкалар) арқылы бағалауды қолдансақ болады. Әрі балаларды қатаң тәртіпке тәуелді етпей, еркіндікте, бүгінде әлем елдері мойындаған Монтессори, Вальдорф мектептерінің элементтерін енгізу оң нәтиже беретініне күмәніміз жоқ.

Сондай-ақ, оқытудың бұл кезеңі дамытушылық іс-әрекеттің негізгі мақсаты – оқушыларға әлеуметтік-психологиялық жағдайлар туғызу. Бұл мақсатқа жету үшін төмендегідей тапсырмалардың жүзеге асуын қадағалау қажет:

1. Оқушылардың бойында когнитивтік іскерлік пен қабілеттілікті дамыту, бастауыш мектепте оқытудың табысты болуын қамтамасыз ету үшін білімді меңгеру мен дағдылануға психологиялық кешенді түсініктер қалыптастыру.

2. Оқушыларда әлеуметтік және коммуникативтік іскерлікті дамыту арқылы педагогпен, құрбыларымен қарым-қатынас жасауында психологиялық қажеттіліктерді қалыптастыру тапсырмасын орындау.

3. Оқыту мотивациясының тұрақтылығын қалыптастыру, балалардың «мен концепциясы» позитивтік орталығында өзін-өзі бағалау тапсырмаларын дұрыс орындау.

Дамытушы жұмыстарды әртүрлі нысанда (формада) ұйымдастырудың мүмкіндіктері оқушының танымдық іс-әрекетінің тиімді және психологиялық нәтижелі болуына жағдай туғызады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нуриев М.А., Садыкова А.Е., Сейсенбаева Ж.А., Мырзаханова И.А. Теоретические основы формирования интеллектуальной нации в условиях высшей школы как условие

инновационного развития РК. Фундаментальные исследования. №4, 2013. РИНЦ Импакт фактор -0,144.

2 Оспанбаев М. Мемлекеттік психологиялық қызмет жүйесінің мазмұны. – Тараз, 2002.

3 Байдрахманов А.К. Психология подростка раскрепощенное тело и развития. – Алматы, 2003.

4 Аралбаева Р.К. Ахмедиева Г.Н. Кабдолданова К.Д. Бастауыш сынып мұғалімінің бүгінгі тандағы маман тұрғысында кәсіби дайындау. – Бишкек, 2002.

5 Қоянбаев Р.М., Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – Алматы, 2000.

6 Цукерман Г.А. Зачем детям учиться? – Москва: Знание; 1985. - 136 стр.

7 Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология. – Москва, 1996. - 372 б.

8 Сейсенбаева Ж.А., Садыкова А.Е., Советканова Д.М., Курмангали А.К. Психолого-педагогические основы интеллектуального развития школьников в проблемном обучении. (Қырғызстан) 2013.

9 Садыкова А.Е., Мырзаханова И.А., Советканова Д.М. Роль учителя в развитии интеллектуального и творческого потенциала молодежи. «Международный журнал экспериментального образования». // №3 (часть 1), 2014 год. Импакт-фактор РИНЦ = 0,048.



Бала өсіргің келсе, дана жүректі,
Қатты ұста, үйрет білім ізетті

Жүсіп Баласағұн.

ӘОЖ 8.2.14

Ж.Ө.Досқужанова

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

«Шестаков атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Алматы облысы

Ф.ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ

Бұл мақалада ақын Ф.Оңғарсынованың өлеңдеріне талдау жасалынған. Ізденістің шыңырау тереңіне түркі халықтары әдебиеті мен Шығыс поэзиясы арқылы бойлау – Фариза Оңғарсынова ақындығының бір тіні десек, халық ауыз әдебиетінің әсері, сондай-ақ жырау ақындар мұрасының ықпалы мен Махамбет дәстүрінің мектебінен өту-екінші қыры делік. Міне осы жайттарға автор кеңінен тоқталған.

Түйін сөздер: *поэзия, ақын, Махамбет, күрескер, әдебиет.*

В этой статье проанализированы стихи поэта Ф.Онгарсыновой. Если проникновение вершинам поиска через литературу тюркского народа и Восточную поэзию – одна суть искусства Фаризы Онгарсыновой, влияние народной литературы, также влияние наследия акынов жрецов и прохождение школы традиции Махамбета – вторая суть. Над этим автор остановился широко.

Ключевые слова: *поэзия, поэт, Махамбет, борец, литература.*

This article analyzes the poems of F.Ongarsynova. If penetration tops search through the literature of the Turkish people and Eastern poetry - one essence of art Fariza Ongarsynova, the influence of folk literature, the influence of heritage poets priests and the passage of school tradition Makhambet - the second point. Above this, the author stopped widely.

Keywords: *poetry, poet, Makhambet, wrestler, literature.*

Ақындық болмыс, бітім дегеніңіз Фариза Оңғарсынова поэзиясында тақырып таң-

дамайды. Туған жер, өскен орта, табиғат, көңіл күй, махаббат, философия, саяси және әлеуметтік жырлар ақынның айналып соғар қазығы, табан тірер тұғыры – Ұлы Отанға бас иіу миссиясынан түзіледі. Айталық, Махамбеттің Нарындағы найзағай – ғұмыры намысты ерді налытты:

Мен Нарыннан кеткенмін,

Нарынды талақ еткенмін.

Қуатымның барында

Ағыны қатты Жайықты

Тіземмен бұзып өткен мін [1].

(Мен Нарыннан кеткенмін)

Фариза ақын туған жері Нарынның өткен тарихынан сыр шертіп, оны кейінгі ұрпаққа үлгі етіп айтудан жалықпайды. «Бабамның тері тамған топырағыңнан әрқашан жас жаныма сусын алам». Ардақты ердің атын ұмы-

туды, әрдайым естен шығармауды қасиет көрген кейіпкер үні:

Ардагер Махамбеттей ақын ұлын

Шөлдеген құмдарыңды жырға малды

Талай жан сенде азаттық аңсап өтті

Исатай бостандық деп жар сап өтті [1] (Нарын) - деп жар салады. Жырларының желісі Нарынмен мұңды – шерлі көрінер батыр ақын Махамбеттің күрескерлік мүддесі де қалың жұрт – қара орман тағдырына алаңмен, «құсалықпен өтті ғой»...

Алақандай Нарында

Ата менен ана бар,

Іні менен аға бар,

Қатын менен бала бар

Қарындас халқым жана бар [1]. (Нарында)

Нарын жұртының кешелі – бүгінді тарихын баяндау арқылы қоғам дамуының кекін

– келбетін поэзия тілінде жарқ еткізіп, жария етудің эмоцияналды лирика тудыруда стильдік ерекшелігі де бар. Махамбет дәстүрінің екпінді, әуенді мақамын бұзбай, тіпті тақырып, мазмұн барысын да толықтай сақтай отырып, одан әрі дамытқан ақынның бірі – Фариза екенін төмендегі шумақтар тағы да дәлелдей түседі:

Еділдің бойы – ен тоғай-
Жайлаған біздің ел талай
Аймағым десем, кім сенер?
Бытқылда қалған Нарынды,
Қыздары көркем, әні – үлгі,
Жігерін жаудың құм етіп,
Егеулі найза қолға алған

Атаны көріп оқ жонған... [1] (Ей, құм Нарын, құм Нарын) - деп келетін үрдіс үлгісі бүгін де сақталғандығына куә боламыз. Махамбет арман еткен «ел қондыру, мал толтыру» сынды «ұлы арман» мұрагерлерінің шаттық қуанышы, салтанатты тұрмысында әлі де мұң басым. Лирикалық кейіпкердің аруақты ерге айтар назын алаң көңілдің ала бұлты торлаған:

Тазарар түрім жоқ менің
Жанымның кірін жумай бір
Махамбеттің рухымен

Бұл айтылған бірдің емес, мыңның атынан сөз алған лирикалық қаһарманның сөзі деуге толық негіз бар. «Лирикалық герой – ақынның өзі, ақын өмір сүрген ортаның, оның замандастарының жиынтық, типтік бейнесі» [2, 16] деп жазады филолог-ғалым М.Дүйсенов. «Махамбеттің жырлары қазақтың мол өлең қазынасында тек сұлулығымен ғана емес, қызулығымен қиын түсер өткірлігімен ерекше тұрған дүние» [2, 15] екенін ескерсек, дәстүр арнасының тұнығынан қанып ішкен ақынның баба өнегесін сақтай келе, одан әрі түлете дамытқандығына куәміз. Махамбет жырларындағы күрескерлік рух, сөз саптаудағы ерен еркіндік, ерлікке үндер қатулы мінез, сол сықылды аздаған мұң жалатқан қаһарлы ашу т.с.с. ақындық ажыратымды анықтар стиль айқындығының біраз белгілері Фариза ақын поэзиясында молынан ұшырасады. Жалпы жыраулар табиғатының тәлімінен өз соқпағын тауып, жол салған және сол соны

даңғылдың арна-жиегін көне сөз сүлейлерінің әшекей-асылдарымен безендіру – ақын Ф. Оңғарсынова суреткерлігінің бір қыры. Ақынға ақынның еліктеуі бар да, сол еліктеудің ізімен жүре отырып, жаңа бір форма тудыру бір басқа. Фариза лирикасының Махамбет дәстүрін дамытқандығын сөз еткенде, біз осы ерекшелікті ескеруіміз керек. Ақын, жыраулар поэзиясына тән үдемелі екпін Махамбет өлеңдерінде өткен дәуірдің күрес күндеріне сай үгіт-насихат есебінде туындап отырса, Фариза Оңғарсынова жырларында сол жалынды уағызды қажет қылар өсиетті сөз өрнегі сақталған. Төмендегі өлең үзіндісінде Махамбетше толғаған ақын кейіпкердің өз үні, өз дауысы мығымдау шығатыны аңғарылады:

Аруақтарын шақырып,
Арыстандай атылып,
Жауларын қуған ақырып,
Батырлар туған бұл жерді
Әулие тұтсам, шетін бе?
Өмірі өткен желдің өтінде
Исатайдың бір белгі
Қалды ма жердің бетінде?
Қалса, бір барып түнейін,...[3]

Фариза Оңғарсынова өлеңдерінің өріміне ендеген сайын Махамбет мектебінің тәрбиетағылымы барынша биіктей түседі. Өнердің қыран құсы боп қалықтаған мұзбалақ ақын қай бір кезде Фаризаның түсіне кіріп, аян береді. (Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім поэмасы) [1].

Үш кездесуден тұратын ақын түсінде Махамбет – кейіпкерге автор мынаны айтқызады: Үмітім сенсін, жас құсым,
Түлеп ұшатын тұғырдан.
Тек шындық күтем мен сенің
Ақ алмас жүзді жырыңнан!

Бұл – аталған эпикалық туындының соңғы шумағындағы ой түйіні. Жауынгер ақын, сарбаз суреткер, қазақ өлеңінің ақиығы Махамбетке арналған ақ жарқын тілектердің тоғысы батыр баба рухына, аруағына табыну сықылды сипаттармен сараланады. Махамбет салған дәстүр тылсымынан нәр алған ақынның шабыт шақырар бойтұмары да ер бабаның, азаткер санлақтың дәл өзі. Олай деуіміздің себебі мен дәлелі – Махамбет есімі

ақынның көптеген шығармаларында аталып отырады. Ол үшін ақын поэзиясының галереясынан қысқаша ғана үзіктер келтірсек керек:

а) Қиянаттан күрсінсе,
Батыр – уақыт,
Махамбетше турайтын қақыратып
Айбалта –жыр керек-ақ адамдарға [1].

ә) Дауыл екпіні тасыған бойда
Махамбеттердің ерлігі
Революциямен жалғасып [1].

б) Мынау ұрпақ ішінен шығар сонда
Махамбеті, Абайы, Кенендері [1].

в) Өнер десе бір тыным таппай жаны,
Махамбетті жас-кәрі жаттай ма әлі? [2].

г) Әділетсіз дүниенің қабырғасын
Махамбетше сөгер жан кездесер ме...
Ондай жыр-ем кеселге [2].

д) Ойлаумен жерін, сор халқың,
Іздеген түнде жол жарқын
Шам-шырақ еткен жапанға жайдай жыр-
ларын
Махамбет шығар ол бәлкім? [2].

е) ... жайлылық таппай жер-көктен,
өзіңе тұстас бір мұңдық
Махамбет – сынды ер де өткен.
Махамбеттің де өр басын
Ауылдастары қаққан-ды [2].

ж) Далаға кеп Абайлар, Махамбеттер
бүгін кездестіргендей іңкәрларын [2].

Өмірдегі және ең бастысы өнердегі үлгі тұтар ұстазы санаған Махамбет тұлғасының ақын Фариза Оңғарсынова үшін өнеге – ұлағаты ұшан-теңіз. «Шын ақын болсаң тартынба, найзағай болып жарқылда» деп түсінде аян берген батыр бабасының аманатына

қылау түсірмей келе жатқан ақынның ақ алмас жүзді жыр-семсерін абыроймен жоғары ұстары және анық. Фариза Оңғарсынова лирикасында өрнектердің өрім-өрісін салыстыра тексеруді еңбектің алдағы беттерінен таба аласыз.

Ақын, жыраулар мұрасының ақын Ф.Оңғарсынова шығармашылығына ықпал – тәрбиесін өткен дәуір әдебиетінің дәстүр арнасында мейлінше таразыладық. Көшпенділер әдебиетінің көне замандағы жыр-мұрағатынан үлгі теріп, өз өлең –күмбезін көтеруге керекті әшекей - өрнектерді екшеп алып, жарату да шеберлік танымын аңғартса керек. Төл әдебиетіміздің ортақ арнадан тарайтын дәстүр – жәдігерін жана заманға сай жасандырып, жаңғырту, сөйте келе сөз өнерінің өрісін кеңейтіп, өресін биіктету – нағыз талаптарға тән сын болмақ. Қазақ әдебиетінің өткен тарихына терең талдаулар жасап, зерделеген М.Мағауиннің: «Қазақ әдебиеті қазіргі Қазақстан жерін жайлаған тайпалар туғызған бай рухани қазынаның заңды мұрагері. Ол өзіне дейін ғасырлар бойы жасалған мол мұрадан нәр алды, ежелгі дәстүрлерді дамыту, тың тақырыптар игеру, соны соқпақ – сораптар қалыптастыру нәтижесінде кемелденді» [3] - деген тұжырымы баяғы заман мұраларына қаратыла айтылса да, бүгінгі дәуір дидарына әлі де мәнін жоймағаны белгілі, жоймақта емес. Қорыта айтқанда, ақын–жыраулар мұрасының өнеге-үрдісі, жарқын жалғасы Фариза Оңғарсынова лирикасында жемісті желі болып тартылған, өзіндік (стильдік) қолтаңбасын белгілеген.

Ізденістің шыңырау тереңіне түркі халықтары әдебиеті мен Шығыс поэзиясы арқылы бойлау – Фариза Оңғарсынова ақындығының бір тіні десек, халық ауыз әдебиетінің әсері, сондай-ақ жырау ақындар мұрасының ықпалы мен Махамбет дәстүрінің мектебінен өту-екінші қыры делік.

ӘДЕБИЕТТЕР


- 1 Оңғарсынова Ф. Шығармалар жинағы. – Алматы; – Атамұра, – 2002ж
- 2 Оңғарсынова Ф. «Маңғыстау маржандары» өлеңдері – Алматы; «Жазушы» 1972ж
- 3 Қазақ тілі мен әдебиеті 2004ж №2, – 118 бет

жаңаша ойлау дағдысын меңгерген, балалардың талапкерлігі мен қабілетін, өздігінен еркін дамуын ұйымдастыра алатын, әрі шығармашылықпен еңбек ете алатын маман ретінде болуы тиіс.

Мұғалімнің заманауи келбеті туралы Қазақстан Республикасының Жоғары білім беру тұжырымдамасында «Жаңа тұрпатты мұғалім – өз мамандығына қажетті кәсіптік дағдыны, педагогикалық қабілетті жетік меңгерген, үнемі жаңаға ұмтылатын, рухани дамыған шығармашыл тұлға» делінген. Ал, Педагогикалық Білім тұжырымдамасында «мұғалім өз пәнін міндетті түрде терең білуге тиісті, сонымен қатар, оқу үдерісіне қатысатын мүмкіндіктердің өз орнын біліп, оны уақытында бағыттап, нәтижеге жетелеп, дер кезінде түзетулер енгізе алатын құзіретті тұлға болуы керек» деп анықтама берілген. Ендеше, өз ісінің маманы, жаңалықты сыни көзбен қабылдайтын, ұлттық құндылықтардың асылдарын асқақтата отырып,

шәкіртінің рухани білім құятын мұғалімді заман талабына лайықты жаңа тұрпатты тұлға деуге болады.

Заманауи мұғалімнің келбетін сипаттау үшін, педагогика ғылымындағы құзіреттіліктерді анықтау және жіктеу әдіснамасына сүйене отырып, құзіреттілік тұрғысынан мұғалімге бағытталған сипаты айқындалады. Жалпы құзіреттілік дегенге анықтама беретін болсақ, құзіреттілік – жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес, жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі бір мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген белсенді іс-әрекеттен көрінеді. Жалпы мұғалімнің басты құзіреттіліктері заман талабына сай толықтырылып, жаңа



міндеттер қойылып отырады. Соның үлгісі ретінде автор тарапынан төмендегі суретте мұғалімнің өзін жоғары деңгейде қалыптастырудың 3 топқа бөлінген құзіреттіліктері көрсетілген.

Сурет бойынша құзіреттілік үш топқа бөлінген. Бірінші топтың атауы «өзекті құзіреттілік» - бұл қазіргі заман талабынан туындаған, еліміздің алға қойған саясатына негізделген құзіреттіліктерден құралады. Мұғалім болашақ ұрпаққа білім беру барысында біріншіден ақпараттық-коммуникацияны талдай білуі маңызды, өйткені сыни тұрғыдан талданған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға, өз бетінше мақсат қоюға және осы мақсаттарға жету үшін танымдық қызметтерді жүзеге асыруға өз бетінше табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта құруға, сақтауға, түсіндіруге, ақпараттарды тасымалдауды, оның ішінде қазіргі заманға ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға, ақпараттарды қолдануға мүмкіндік береді. Ал, қалған құзіреттіліктер, яғни қазақ елінің әдебиеті мен тілін, тарихын, мәдениетін, философиясын, саясатын білу, ол ұрпаққа қазақ халқының рухын көтермелеу, өткені арқылы болашағына бағдар құруға мүмкіндіктер ашу, ұлттық болмысымызды қайта жаңғыртуға өзіндік үлес қосу, еліміздің ұстанған саясатының бағдары мен бағыттарын жастарға түсіндіру және қолдау көрсетуіне мүмкіндік береді. Бұл құзіреттілік барлық маман иелеріне қатысты.

Негізгі құзіреттілік – бұл мұғалім қызметінің айқындайтын басты құзіреттіліктер.

Менеджементтік құзіреттілік – мұғалім уақытты тиімді ұйымдастыруға, бақылауға, басқаруға, жоспарлауға мүмкіндік береді. Уақытты ұтымды қолдану арқылы білімді ілгерлетуге бірден бір себептің бірі.

Дидактикалық құзіреттілік – мұғалімнің білімді түсінікті тұрғыда жеткізу және

оның техникасын білуге мүмкіндік береді. қолдану Білім алушыларға алған білімін тәжірибеде қолдануға үйрету.

Ізденушілік құзіреттілік - сапалы білім беру үздіксіз ізденумен тығыз байланысты. Үздіксіз іздену бүгінгі таңда мұғалімге қойылып отырған басты талаптардың бірі. Қазіргі және бұрыннан қалыптасып кеткен көзқарас бойынша мұғалім тек өз пәнінің төңірегінде ғана қалып қоймай, қоғамда болып жатқан өзгерістерге құлағы түрік, көзі ашық, жан-жақты талдау жасай білетін маман болуы шарт. Қоғамдағы саяси-экономикалық, құқықтық жағдайларды, әлеуметтік мәселелерді талдай білетін, оны оқушылар игергенде бір саты алда бола білуі керек. Яғни өз пәнінің айналасында ғана қалып қойса, балаға білім мен тәрбие беруде биік мақсаттарға жете алмайды.

Психологиялық құзіреттілік – білім алушымен қарым-қатынас жасауға және білімді жеткізудің негізгі кілті. Білім алушының мінез-құлқын, физикалық және психикалық жағдайын еркін басқарады.

Кеңес беру құзіреттілігі – білім алушының қабілетін бақылап, болашақта белгілі бір маман иесі және тұлға болып қалыптасуына жол көрсету.

Арнайы құзіреттілік – ұстаздың өз саласы немесе мамандығы бойынша жетік меңгеруі. Сонымен қатар, бір деңгейде тұрақталмай, жоғары ғылыми дәрежеге ұмтылуы. Білім беру ісінен тыс, өз саласы бойынша ғылыми еңбекпен шұғылдануы.

Сонымен, қорыта келгенде, мұғалімнің құзіреттілігі жемісті әрекет тәжірибесімен ажырамас бірлікте, үздіксіз іс-тәжірибесінде дамып, қалыптасады. Сондықтан да жоғарыдағы айқындалған құзіреттіліктерге сай өз бойын түзеу, мұғалімдік қызметке сәйкес құзіреттіліктерді игеру, кәсіби құзіреттілігін үздіксіз дамыту үдерісі маңызды болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Андреева Г.М. Психология социального познания. – М., 2000.
- 2 Зязюн И.А. Основы педагогического мастерства. – Киев, 1987.
- 3 Горбунова Л.Зерттеу туралы білімі, білік дағдысының болуы // 2007.
- 4 Жайпатова А.А. Профессиональный рост учителя в системе повышения квалификации. – Алматы, 2006.

ӘОЖ.87.8

Қ.Ә.Қаражанова

*Ж.Мырзағалиев орта мектебінің жоғары санатты кітапхана меңгерушісі,
Атырау облысы.*

**ЖЕКЕ ТҰЛҒА БОЙЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРДІ
АҚПАРАТТЫҚ БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫН
НАСИХАТТАУ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Мақалада кітапхана ісінің маңызы және ұйымдастыру жолдары, оқушы оқырмандарының кітапханамен тығыз байланыстылығы, оқырмандарға қызмет көрсетуді ұйымдастыру жолдары, кітапханада өткізілген көпшілік шараларының жүру барысы айтылады.

Кітапхананың тұлға интеллектісін көтеруде, тұлға қалыптастыруға ықпалы өте зор.

Түйін сөздер: *тұлға, ақпарат, қабілет, кітапхана, білім, кітап.*

В статье говорится о значении библиотечного дела и пути организации, о тесном контакте читателей с библиотекой, о путях организации обслуживания читателей, о ходе общественных мероприятий проведенных в библиотеке.

Библиотека имеет огромное влияние в повышении интеллекта личности, в формировании личности.

Ключевые слова: *личность, информация, способность, библиотека, знание, книга.*

The article says about the importance of library science and the way the organization, have close contact with library readers, about how to organize services to readers, about public events held in the runtime libraries.

The library has a huge impact in improving the intelligence of the person, in the formation of personality.

Keywords: *identity, information, ability, library, knowledge, book.*

*«Кітапханашы өзінің «жалғыз» тақырыбымен емес,
өзгелердің көптеген «бөгде тақырыптарымен жұмыс істейтін ғалым»
Академик. Д.Лихачев.*

Ақпаратпен жан-жақты қамтылған қоғам жағдайындағы қазіргі заманғы кітапханашының бірден-бір міндеті — оқырманның ақыл-ой күшімен уақытын барынша оңтайландыруға жағдай жасау, кітапхананың ақпараттық ортасын ұйымдастыру. Кітапханашы ең алдымен, кітапхана қызметін тиімді ұйымдастыра отырып оқырманның ақпаратқа, білімге қолжетімдігін қамтамасыз етуді, кітапханада ақпаратты табу, онымен танысу, өңдеу мен алу мүмкіндігін беретін орта қалыптастыруды жүзеге асырады. Кітапханашы осы әрекетімен білім беру ісінің насихатшысына айналады. Кітапханашы тұлғаның зияткерлік мәдениеті тарихи мәдени тұғырға

негізделген кең білімдарлық, жалпы кәсіби және арнайы білім, білік және дағдыдан бастау алатын кәсіби құзыреттілік, әдістемелік қолда бар теориялық білімдер мен жаңа білімдер алу шарттылығын түсіну қабілеті, жаңа тәжірибелік біліктер мен дағдылар алу сияқты кәсіби маңызды сапалардың жиынтығынан тұрады.

Басқаға қызмет ете отырып, өзің де өлесің. Жоғары педагогикалық шеберлік — кітапханашының кәсіби сипаты. Педагог ретінде ол адамдарды сүйі, оқырмандарға саралы көзқараспен қарауы, олардың ақпараттық сұраныстарының ерекшеліктерін ескеру, анықтамалық библиографиялық аппаратта бағдар

алуға көмектесуі, материалды меңгеру сапасын ұғынықты түсіндіріп тексеруі тиіс. Ал, бұл кітапханашыдан әдептілікті, сонымен қатар, табандылықты талап етеді.

«Бәрі де оқырман үшін» деген қағида кітапхана үшін ең басты қағида. Кітапханашы маманның айрықша белгісі кітапты дұрыс тани білуі. Ол кітапты оның өзара байланысында қабылдауы керек, ең бастысы, оның кімге арналғандығын ұғына білуі шарт. Сондықтан, кітапханашы өз білімін үнемі жетілдіріп отыруы міндетті.

Бүгінгі таңда оқырмандармен жұмыс маманға талаптар қойып отыр, олар: қарым-қатынасқа түсе білу, тіл табысқыштық, сезімталдық, тыңдай және түсіне білушілік, әңгімеге қажетті дауыс ырғағын таба білу. Оқу залындағы абонементпен жұмыс істеу осы салаларды меңгеруді талап етеді.

Кітапханада жұмыс істейтін кітапханашы қандай сапаларға ие болуы тиіс және ол нені білуі қажет? Ең бастысы, жақсы әдебиетті насихаттай білуі, әр оқырманға жол таба білуі, оның сұранымдары мен қызығуларын түсінуі, кітаптар туралы баяндай білуі, қайнар көздерге сараптама жасай білуі керек. Кітапхана қызметкері түрлі бұқаралық шараларды өткізе білуі, әдебиет ағынында жақсы бағдар ала білуі, библиографиялық іздеулерді жүргізе білуі, қорлар мен каталогтарды білуі, библиографиялық шолулар, ақпарат күнін өткізе білуі, көрме шолулар жасай білуі тиіс. Мұның бәрін жасау үшін маманға үгіт насихат, анықтамалық библиографиялық және ақпараттық жұмыс әдістерін, оқырмандарды зерделеу әдістерін, кітапхана ісін жүргізу әдіснамасын, техникалық құралдармен жұмыс жасауды жетік білген абзал. Жеке дара жұмыстың маңызды нысандарының бірі, кітапханада жұмыс жүргізу ережелері, каталогтарды қолдану, жаңадан келіп түскен кітаптармен жұмыс істеу және т.б. тақырыпта әңгімелесу болып табылады. Оқырман кітап таңдауда бір ғана кітапханашыдан кеңес сұрайтындығы кездейсоқ емес. Маманға деген оң қарым қатынас тек оның кітап қоры ішінде жақсы бағдар алуына ғана емес, оның мейірімділігіне, әңгімені епкін және қызықты жүргізуіне де байланысты туады.

Оқырманмен қарым қатынас – бұл ақпарат алмасу. Ақпараттың 40 пайызы дауыс ырғағымен берілетіндігін көпшілік біле бермейді. Оқырманмен қарым қатынас психологиялық мәдениетті меңгеру дегенді де білдіреді. Ол адамды, оның сезімдері мен ойларын түйсінуден басталады. Бұл білімдер кітапханашыға оқырманның ролдік ұстанымдарын нақты анықтауға және соған сәйкес қарым-қатынас жасауға көмектеседі.

Әр кітапханашы өз бойында қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруы қажет. Адамдармен жұмыс істеуге дайын болмай, қарым-қатынасқа түсу мазмұнсыз болатындығын есте сақтаған жөн. Мазмұнды әңгіме дегеніміз – адамгершілікті және педагогикалық аспектілері қиылысатын, өзара кірігетін шығармашылық.

Оқырмандармен үздіксіз байланыс жасайтын кітапханашылар үшін олармен іскер қарым қатынас жасау өте маңызды ғана емес, сонымен қатар, кәсіби қажетті сапа болып табылады.

Ендеше кітапханашы дегеніміз – оқырман психологиясы негіздерін меңгерген, педагогикалық шеберлігі қалыптасқан, баспа өнімдерінің алуан түрлілігінде бағдар алатын, жұмысында техникалық құралдарды пайдалана алатын, информатика негіздерін білетін, үгітші, ұйымдастырушы білімді маман болуы шартты нәрсе.

Қазір қоғамда болып жатқан кітапханашы ролінің эволюциясы, жаңа ақпараттық технологияны енгізу, кітапханашы қызметкерлердің біліктілігін үздіксіз жетілдіру болып табылады. Кітапхананың өз оқырмандарына ақпарат көздерін ұсыну өзгеріссіз қалуы, алайда оны жүзеге асыру жолдары барынша күрделеніп, алуан түрлі болып кетті. Бұл өзгерістер, негізінен, технологияның дамуымен пайда болған: қазір ақпараттық өнімдер түрлі нысанда және кәпеген түрімен берілуінен болып отыр. Сондықтан да, қазіргі талаптарға сай басқару үшін, жаңа технологияларды меңгеру, білімін үнемі жетілдіріп отыру болып табылады.

Кітапханада өткізілетін көпшілік жұмыс түрлері, оларды ұйымдастыру әдістері. Оқырмандармен жұмыс істеудің көпшілік

нысандарын әзірлеп өткізуде, оқырман мүддесін анықтап дамытуға, кітаптың көмегімен даралықты анықтайтын қасиеттер: ойлау дербестігін, фактілерді салыстырып талдау, өз білімін толықтыра білу қабілетін қалыптастыруға сүйену керек. Басылымдар таңдау, тақырыпқа мәселе тұрғысынан қарау арқылы балаларды ойлауға, өз көзқарастарын табанды түрде қорғап, пікір – таласты дәлелді жүргізуге үйрету керек. Кітапханалық насихатты ұйымдастырғанда қызықтылық ойын элементтерін енгізіп, оқырманды өзіне тарта біліу керек. Бүгінгі оқырманды оның енжар қабылдауына бағытталып жүргізілген шаралар емес керісінше олардың өзі белсенді түрде қатыса алатын шаралар қызықтырады. Сондықтан, кітапхана әрбір нақтылы жағдайға байланысты оқырмандар аудиториясының белсенділігін тудыратын кітаптарды насихаттаудың тиімді түрлері мен әдістерін ұштастыра отырып көпшілік жұмысты өткізгендері жөн. Кітапханалық шаралар – үнемі өсіп, өзгеріп, жетіліп отырады. Қазіргі заман талаптары өмірге жұмыстың көптеген жаңа түрлерін енгізудің қажеттігін қалайды. Кітапханадағы өткізілетін мәдени-көпшілік шаралардың түрлеріне әр түрлі кештер, кездесу кештері, тақырыптық кештер, еске алу кештері, диспут, оқырмандар конференциясы, библиографиялық шолулар, сұрақ және жауап кештері, іскерлік ойындар, дөнгелек үстел, викториналар, кітап талдаулары, кітап презентациясы, пікір алмасулар, ток-шоу және тағы басқалар. Кітапханадағы көпшілік жұмыстың елеулі бөлігі ауызша және жазбаша болып келеді. Мәселен кез – келген пікірталас, оқырман конференциясы, кітап көрмесі библиографиялық шолумен қатар жүреді, немесе әдебиетті талқылаудан бұрын топтық және жеке әңгіме өткізіледі.

Мектеп кітапханасында көпшілік жұмысының жүйесінің үш (3) әдісін атап көрсетуге болады: 1. Ауызша 2. Көрнекі 3. Баспа Олардың әрқайсысы өзінше ерекше болса да өзара тығыз байланысты, бірін – бірі толықтырып отырады. **Оқырманмен жұмыс істеудің өз әдістері мен нысандары бар.** Тәсілдерге әңгімелесу, конференция,

баяндама, танымал адамдармен кездесу және тақырыптық, еске алу кештері жатады. Нысандарға үйірмелер, семинарлармен кітапхана сабақтары, және тағы басқалары жатады. Баспа насихаты нысанына – кітапхана каталогтары, картотекалар, ұсынба тізімдер, көрсеткіштер жатады. Әдебиеттерді ауызша насихаттауға – кештер, оқырман конференциялары, диспуттар жатады. 2. Кітапханадағы көрнекі насихат басылымдары – кітаптың өзін тікелей ашып көрсету көмегімен кітаптарды белсенді ұйымдастыруға болады. Көрнекі насихаттың екі бағыты бар.

– баспа туындыларын тікелей ашып көрсету арқылы (көрмелердің әр алуан алуан түрлері)

– кітапты бейнелеу өнері арқылы арқылы ұсыну (түрлі-түсті қосымшалардың, дәйексөздердің, мұқабалардың әсем безендірілуі, кітапхана плакаты).

Ауызша насихат – сөз көмегімен әдебиеттерді насихаттау жөніндегі кітапхананың көпшілік жұмысы. Ауызша насихаттың түрлеріне дауыстап оқу, әңгіме – кеңес, оқырман бенефистері, кітап тұсаукесерлері, әдеби және тақырыптық кештер, кездесу кештері, портрет кештері тағы басқа көптеген түрлері жатады. Енді ауызша насихаттың бірнеше түріне тоқталсақ; 1. Кеңес: Ауызша насихаттың бір түрі оқырмандардың белгілі-бір тобымен кеңес өткізу. Жеке оқырманмен кеңес өткізу оқырмандар оқуына жетекшілік ету әдістерінің тиімді бір құралы. Кеңестің мынандай түрлері бар; Кітапхана бойынша экскурсия – кеңес; оқырманға кітап ұсыну кеңесі; оқып шыққан кітаптар туралы кеңес – информация; кітапхананың анықтама – аппараты жайлы кеңес – консультация т.б.

Әр түрлі тақырыпқа кеңес өткізуге болады. Бірақ ұсынылатын әдебиеттер бір – бірімен сабақтас және актуальды, тақырыптары нақтылы болуын ескеру қажет. Кітапханашы оқырмандардың назарын аударатын негізгі сұрақтарды белгілеп, керекті әдебиеттерді әзірлеп дайындалуы қажет. Кеңес қызықты әрі пайдалы болуы үшін көркем шығармалардан мысалдар, образдар алынып, келтіріліп, нақтылы фактілер мен сандарды, суретті материалдарды пайдаланған

жөн. Кеңесті судыратып оқып шықпай оқырмандардың ынтасын аударатындай қызықты, тартымды өткізу керек. Әңгіме – кеңестің ұзақтығы шамамен 15-20 минут болуы керек. Енді оқырман конференциясына тоқталсақ: Оқырмандар конференциясы кітапхананың көпшілік шаралары арасында дәстүрлі әрі кең тараған түрлерінің бірі, ол оқырмандардың үлкен аудиториясын қамтиды. **Конференцияның басты мақсаты** ең жақсы басылымдарды насихаттау. Оқырмандарды оқыған кітаптарын талдауға өз көзқарасын айта білуге тәрбиелеу. Конференцияның төмендегідей түрлері бар: тақырыптық белгілі бір кітап немесе бірнеше кітап бойынша, белгілі бір жанрдың кітаптары бойынша т.б. Конференция ұйымдастыру және өткізу әдістемесінде (методикасында) ортақ әдіс – тәсілдер көп: міндетті түрде жоспар құрылады, онда барлық ұйымдық сәттер белгіленеді. Әдетте **конференцияны** әзірлеу және өткізу мынандай жоспар бойынша болады.

I. Әзірлік:

- тақырыпты таңдау және әдебиеттерді іріктеп алу;
- белсенді оқырмандарды тарту (актив оқырмандар);
- конференцияда тоқталатын мәселелер туралы сұрақтарды тұжырымдау;
- оқырмандармен жеке-дара жұмыс, әңгіме – кеңес, кітаптар ұсыну;
- алдағы өтетін конференция туралы хабар, мектепке хабарландыру ілу, шақыру билеттері дайындау, егер бар болса жергілікті радио мен баспасөз арқылы ақпарат (информация) беру.

1. Өткізу:

- кіріспе сөз (5 – 7 мин.)
- оқырмандардың шығып сөйлеуі, бір оқырман (5 – 7 мин.)
- көркемдік бөлім (көрініс, талқыланған шығармалардан үзінділер оқу (15-20 мин.)
- қорытынды сөз. Жүргізуші сөйлеген сөздерге қорытынды жасайды, осы тақырып бойынша бұдан әрі қарай оқылатын әдебиеттер ұсынады (10 – 15 мин).

Конференцияның ұзақтығы оқырмандардың жас ерекшеліктеріне байланысты болуы

керек (1сағ.1м сағ.30м.). Конференцияға дайындық кезінде кітаптар көрмесін ұйымдастырып, әңгіме – кеңестер, шолулар, дауыстап оқулар өткізу керек. Өткізілген конференция және талқылануға алынған кітаптар туралы оқырмандардың пікірін, рецензияларын жинау ұйымдастыру өте пайдалы, ол үшін пікірлер жазатын кітап ашып немесе оқырмандар бюллетенін шығаруға болады.

Енді кештерге тоқталсақ: **Кеш** – әдебиеттерді насихаттаудың пәрменді құралы, ол оқырмандардың ынтасын оятып әдебиетке деген талғамын қалыптастырады. Кешті пән мұғалімдерімен және ауылдық клубпен бірігіп өткізуге болады. Өзінің мазмұны мен тақырыбы жағынан кештер мейілінше сан алуан. Мыс: кездесу кеші, портрет – кеші, сұрақтар мен жауаптар кеші, кітаптар кеші, қызықты ғылымдар кеші, әдеби және сазды кештер. Ал кітап мерекелері кештердің ерекше түріне жатады. Ол белгілі бір кітапқа немесе белгілі бір тақырыпқа арналған бірнеше кітап авторына арналуы мүмкін. Кешке даярлану кезінде оның тақырыбына орай кітап көрмесі ұйымдастырылады, әдебиеттердің ұсыныс тізімі жасалады. Дауыстап оқулар өткізу арқылы әдебиеттер кеңінен ұсынылады.

Кітап көрмесі – әдебиетті көрнекі насихаттаудың негізгі нысаны. Бұл оқырмандарға шолу және танысу үшін ұсынылатын арнайы іріктеліп, жүйеленген баспа туындысы. Ол кітапхана қорын ашып көрсетуге мүмкіндік береді

Көрмелер саясаттың маңызды мәселелері бойынша ұйымдастырылып, экономикадағы, мәдениет, ғылымдағы жетістіктермен таныстырады. Әрбір көрмеге бас тақырып, бөлімдер атауы, дәйексөздер іріктеледі.

Кітаптардан басқа мерзімді баспасөз материалдары, түрлі-түсті құжаттар, библиографиялық құралдар ұсынылуы қажет. Жаңа басылымдар көрнекі орын алуы тиіс. Көптеген көрмелер қандайда бір шараларға (кешке, ауызша журналға, оқырман конференцияларына, диспутқа) қосымша ұйымдастырылады. Жұмыс істеу уақыты бойынша көрмелер тұрақты жұмыс істейтін және эпизоттық болуы мүмкін. Тұрақты жұмыс

істейтін көрмелер қатарына өз маңызын ұзақ мерзім ішінде сақтайтын көрмелер жатады. Эпизоттық көрмелер қысқаша сипат алып, мерейтой күніне, көпшілік шараларға байланысты ұйымдастырылады. Тақырыптық көрмелер – саяси өмірдің экономика мен мәдениеттің көкейтесті мәселелеріне арналады. Олар қорды ашып көрсетуде зор роль атқарады. Олар тұрақты жұмыс істейтін немесе қандайда бір оқиғаға орайлас болуы мүмкін (мыс: Бізді қоршаған орта). Жанрлық көрмелер – тақырыптық көрмелерге жақын көрме. Онда белгілі бір көркем жанр: поэзия, ғылыми фантастика, тарихироман әдебиеті қойылады. Мыс: «Қазақстан жас ақындары». Ұмыт болған кітаптар көрмесі – оның мақсаты сол кезде сұранысқа ие болмай тұрған, дегенмен қызықты басылымдар туралы ескерту. Айтулы күндер мен мерейтойға орайлас көрмелер. Онда сол тарихи оқиғаға қатысты әдебиетті барынша толығы-

мен қамтып, оны бүгінгі күнмен байланысты көрсету керек. Мерейтой көрмелері оқырманды жазушының немесе қоғам қайраткерінің өмірлік жәнешығармашылық жолымен, еңбегімен, сын материалдарымен және оның шығармашылығын зерттеумен ол туралы естеліктермен таныстырады.

Оқу процесіне көмек ретінде көрмелер – емтиханға, жалпы мектеп конференцияларына орай ұйымдастырылады. Онда оқушыға бір оқулықпен шектеліп қалмай, қосымша әдебиетті кеңінен қолдана отырып, тақырыпты оқып үйренуге мүмкіндік беретін оқу бағдарламасы ұсынылған материалдар қамтылады. Бір кітап көрмесін – ғылым мен көркем әдебиет шығармалары бойынша рәсімдеуге болады. Мұндай көрмелер түрлі түсті материалдармен, бағажаттармен, сынмен, кітапқа берілген аннотациямен, библиографиялық құралдармен безендірілуі тиіс. Оқу залында қандай көрмелер міндетті түрде тұруы тиіс?

Көркем әдебиет	Ақпараттандыру	Насихаттау	Игеру
Көркем әдебиетті оқытуға үйрету	Хабарлама	Көрме, библиографиялық шолу	Кітап оқушылар конференциясы



Жаңа түсімдер көрмесі мен ұсынба тақырып көрмелері міндетті түрде тұруы тиіс.

Кітапхананың барлық ақпарат құралдары ішіндегі ең тиімдісі Жаңа түсімдер көрмесі. Бұл жаңа әдебиетті еркін пайдаланумен қатар оқырмандарға оны оқуға бірден алуға мүмкіндік береді. Әдебиеттердің түсу мүмкіндігіне қарай толығымен емес, іші-

нараалмастырылып тұруы мүмкін. Мұндай көрмелер тұрақты жұмыс істейтін көрмелерге жатады (Жаңа әдебиеттер әлемі). Сондай-ақ, күннің аса маңызды оқиғаларына арналған көрме де тұрақты жұмыс істейтін көрме ретінде рәсімделуі тиіс. Оқу процесіне көмек ретінде көрмелер «Оқулық беттерінен тыс» секілді көрмелер рәсімделіп отырылуы тиіс.

Бүлдіршін оқырмандар үшін аса қызықты көрмелер мыналарболуы мүмкін «Ертегі дегеніміз қандай ғажап», «Біздің өлкенің тарихы» т.б.

4-7 сынып оқушыларын «Сенің бос уақытын» көрмесі қызықтырады. Онда демалыс, спорт, коллекциялау, тігін тігу т.б. әдебиеттер ұсынылады.

Кітапхананың аға оқырмандары 8-11 сынып арасында жаратылыстану, әдебиет, өнер, табиғаттың жұмбақ құбылыстары туралы тақырыптық көрмелер ұсынылады. Салауатты өмір салтына байланысты тұрақты кітап көрмесі тұрғаны дұрыс.

1 Көрмелер кітапхананың өзіндік жарнама-сы. Кітапхана жарнамасының міндеті кітапхананың, кітаптың адамдарға қандай қуаныш сыйлайтынын түсіндіру.

Тақырыптық сөрелер. Оны қор ішінде ұйымдастыруға болады.

Ол үшін бос сөре немесе жарты сөре бөлінуі керек. Оған оқырманназарын тарту үшін 5-10 кітап қою керек. Тақырыптық сөрелер үшін бөлім атауларын іріктеудің қажеті жоқ, тек бір бас тақырып жеткілікті. Тақырыптық сөрелердің үлгілері мыналар болуы мүмкін: жануарлар туралы әңгімелер, ертегілер, соғыс туралы әдебиеттер. Сонымен қазір ақпараттық жаңа технология заманы десекте қоғамның рухани және материалдық өмірінің барлық саласында кітаптың құны ешқашан жойылмайды екендігін білеміз.

Мектеп кітапханасы мектептің міндеттері құрылымдық бөлімшесі болып, табылады; мектепте кітаппен жұмыс істеуді қолға ала отырып, оқу және арнаулы кітапханалардың функцияларын ұштастырады. Кітапхана өз қызметінде Қазақстан Республикасы үкіметінің кітапхана ісінің мәселелері жөніндегі шешімдерін, Білім Министрлігі мен Мәдениет Министрлігінің бұйрықтарын, сондай-ақ Ережені басшылыққа алады. Осы ереже кітапханаға қойылатын жалпы талаптардың деңгейін белгілейді. Әрбір мектептің,

кітапхананың міндеттері мен жұмыс мазмұнының ерекшеліктерін ескере отырып нақтылайды. Кітапхана ісін басқару мәселесінде кітапхана жұмысын ұйымдастырудың негізгі жолдарын анықтау.

«Кітапхана – білім, ғылым кемесі»

1. Кітапхана ісі мақсаты мен міндеті

2. Жалпы кітапхана, кітап ережелері

3. Кітапхананың жауапты құжаты мен есебі

4. Кітапхананың құрылымы.

5. Кітапхана жоспары.

Сыртқы және ішкі қызметінің негізгі түрлері бөлініп қарастырылады. Құрылымдық түрге жалпы кітапхана оқырмандары мұғалім оқушы, басқа топтағылар, ішкі қызмет түрлері, бұл диагностикалық талдау, мақсат қою мен нәтижеге жету бағытын анықтау. Кітапхананың мақсаты, мазмұны, жүргізілетін жұмыс түрлері, әдіс-тәсілі т.с.

Кітаптан көп нәрсені білген адам – **ғалым**, өз уақытында ең көп тараған білім мен әдістердің бәрін үйренген адам – **білімді**, өз өмірінің мағынасын, мәнін түсінген адам – **ізгі**. Бүгінгі өмір оқушыдан ұдайы құбылып отыратын әлемде өз бағыт-бағдарын таба білуді талап етеді. Компьютерлендіру заманында жеке тұлғаның руханилылығы мен жалпы адамзаттың мәдениетін сақтап қалу маңызды. Осы білім беру саласында сыныптан тыс жұмыста жүзеге асуы мүмкін. Сонымен бірге, ол оқушы оқырмандардың оқу әрекетін олардың қабілеттерінің жан-жақты дамуына, шығармашылық тұлғаның қалыптасуына бағыттайды. Кітапхана – тәрбие көмекшісі. Кітапхана қашанда және қай уақытта болмасын, ең ғажайып керемет кітап мекендейтін, адам ақыл-ойының, парасатының қоймасы болып қалады! Мектеп кітапханасы – балалар санасына оқу мен жазудың, әр кездегі мәдениеттің негізгі құралы болып қалатыны туралы ойды қалыптастыру тиіс.

ӘОЖ 82-14

Б.М.Найманбаева

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Әл-Фараби атындағы №145 жалпы білім беретін мектеп
Алматы қ.*

М.ЖҰМАБАЕВ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҮРДІСТЕР

Мағжан поэзиясының көркі мен сұлулығы, сыршылдығы мен жыршылдығы, суреткерлігі мен ойшылдығы талай рет оқырманын тамсандырып, талай дуалы ауыздардың ілтипатын иелендіріп, өзіне тәнті еткен. Автор өз мақаласында М.Жұмабаевтың сыршыл лирикасынан дәм татқызады. Ондағы ұлттық образдар жүйесіне тоқталған. Ақын өлеңдеріндегі ұлттық қасиеттерімізді талдап, ашып берген.

Түйін сөз: ақын, өлең, образ, лирика, ұлттық дәстүр.

Красота, таинственность и лиризм, художество и мысленность поэзии Магжана неоднократно удивило читателя, имело любезность многих, приковывая к себе. В своей статье автор знакомит с таинственной лирикой М.Жумабаева. Остановился над системой национальных образов. Раскрыл национальные черты в произведениях поэта.

Ключевые слова: поэт, стих, образ, лирика, национальная традиция.

Beauty, mystery and lyricism, arts and mind of Magzhan's poetry is repeatedly surprised reader, had the courtesy of many, hugging to himself. In his article the author introduces the mysterious lyrics of M.Zhumabayev. Stopped on a system of national images. Revealed national traits in the works of the poet.

Keywords: poet, poem, image, lyrics, national tradition.

М.Жұмабаевтың алмастай құбылған өрнекті өлеңдерінің құпиясын тану үшін оның жүрек лүпілін сезе білу қажет. Сонда ғана біз, ақын әлеміне бойлай аламыз.

Ақын тау туралы толғансын, дархан даланың кеңдігін жырласын, тіпті көл, немесе қысқы кешті, жазғы танды, орманды жырласа да ұлттық образдар жүйесін пайдаланады. Ұлттық ерекшелік тек әдебиетке ғана тән құбылыс емес, дәстүр, әдет, салт үрдіс, тіпті дағды, ғұрып адам мінезі мен тіршілігіне тікелей байланысты. Демек, ұлттық дәстүр тез өзгеріп немесе жоғалып кететін құбылыс емес. «Дәстүр» дегеніміз ғасырлар бойы әр түрлі қоғамда сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа өтетін мәдени мұра.

Болмыс тағдыры бөлек ақын М.Жұмабаевтың сонау 1913 жылы жарық көрген «Өткен күн» деген өлеңі бар:

«Жоқ асынан тартыну
Жылы жүзді бәйбіше

Ұстата саумал береді». Осы бір өлең жолдарынан халқымыздың қонақжайлылығын

көруге болады. Қазақтағы «қуыс үйден құршықпа» - деген мақал осының тағы бір айнымас айғағы. Ақын осы бір ұлттық қасиеттерімізді өлең-жырға айналдырған.

Ал, Шыға қалса бір жұмыс

Ұзап кетпес артық іс,

Бітімге биге келеді – деген жолдардан атамыз қызықтың қашанда сөзге жүгініп, тоқтамға келген әдет-салтын көреміз. Ақын қаламынан енді бірде:

Шілдеде самал ескенде

Жайлауға ауыл көшкенде

Ат-айғырға мінгесіп

Қыз-бозбала жарысып, - деген жыр жолдары төгіледі. Өлең өлкесінен қазақ елінің көшпенді тұрмысы көз алдымызға келеді. Ата-бабаларымыздың мал жайын ойлап жаз жайлауға, қыс қыстауға көшіп, сонда тіршілік етуі ақын өлеңінде айқын суреттеледі.

Жас келіншек, жас қыздар

Кереге жайып, уық байлар

Үйден үйге жүрісіп, - деп қазақ елінің тұрмыс тіршілігінен, оқырмандарын тағы бір

сусындырады. Осы өлең жолдарында үлкен бір картина бар. Қаймағы әлі бұзылмаған қазақ халқының тұрмыс тіршілігі ақын суреттеуінде ерекше көрініс тапқан. Кезінде Абай жырлаған қазақ өмірі Мағжан дәуірінде де әлі сол қалпында. Ұлттық уызға бөккен осындай өлеңдер Мағжанда көптеп кездеседі. Ол ақын танымының айғағы.

Ақынның 1925 жылы Астрахань қаласында қағаз бетіне түсірген «Еділде» деген өлеңі бар.

Бүктеліп жатқан бел,
Сүтке тойған марқадай.
Бұйра қою қарағай,
Белге біткен шалқалай.
Су жеп қойған жұмыр тас,
Түйір-түйір малтадай.
Тайызға біткен құба тал,
Мойындағы алқадай.
Жер еркесі жер мынау

Шер қалар ма тарқамай. Ашық бояулы пейзаж – өзенді өлке, орман тоғай жасыл бел, жасанған дала. Басқаша бағалау мүмкін де емес. Барі етене ыстық, көз жауын алар шырайлы, өмір-тірлік үзіктері. «Сүтке тойған марқа», «түйір-түйір малта», «мойындағы алқа». Автордың ақындық танымының ерекшелігі сонда ол белгілі тіркестерді өзінше құбылтып, оларға өзгеше рең беріп пайдаланған. Жоғарыда айтылып кеткен сөздер халықтық сөздер арқылы жанымызға жылылық себеді.

Ақын мұнымен тоқтамайды,
Түсте толқын еліріп,
Абыржып еді ойнақтай.
Кешке толқын тып-тыныш,
Қабыржыған қаймақтай.
Түсте толқын тулап еді,
Ойнақтаған тайлақтай.

Сағат санап біртін-біртін өзгерген құбылыстар. Кешкісін байыз тапқан толқынды «қабыржыған қаймаққа» балау арқылы жаңа бір көркем әлем түзеді. Түсте тулаған толқынның еліре-абыржи аласұруын «ойнақтаған тайлаққа» ұқсатуы да қаршадайынан көзі қаныққан ауыл тірлігінен алған әсері екенін көреміз.

Келесі бір:
«Шұбырған толқын шуымен,

Ағытқан қойдай ағылып», - деген жолдары да ұлттық ұғымымызға жақын дүниелер.

«Ата бата» деген өлеңінде оқудан қасына әліпесін ұстап қуанышы қойнына симай арсалаңдап келген немересіне атасының берген ақ батасы туралы айтылады.

«Бата» десең қарт атаң,
Айналсын сендей ботасын
Оқы, құлыным, ғалым бол,
Атаң берді батасын! – дейді.

«Бата» – бұл алғыс ризашылық, тілек деген ұғымды білдіреді. Бізді сонау ата-бабамыздан келе жатқан мұра. Осынау салт-дәстүріміздің сәнін келтіріп, мәнін арттыра түсетін өміршең жырларының бірі. Өз топырағымыздан жаралып, өз жеріміздің ауасы мен суынан нәр алып, шынайы халықтық сипатқа бөленіп салтымызға сіңісті боп кеткен, бірақ кез келген жайға арналып айтыла бермейтін батаның қарапайым тәрбиелік, тағылымдық мәнін орасан зор екендігін ешкім жоққа шығара алмас.

М.Жұмабаев халқымыздың ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан мұрасын, халық өсиетін бере білген.

Ақынның «Ана» деген өлеңінде де қазақтың ұлттық дәстүрін, әдет-ғұрпын байқауға болады:

Үйдің іші ұйқыда
Түн ортасы шамасы,
Көзін алмай бесіктен
Бөбек жатыр албырап
Үнсіз меңіреу ұзақ түн
Шөккен қара бір нардай
Сарғайып, ана сарылып,
Демігіп, қызып, қысылып
Ауық-ауық селк етед,

Әлденеден шошынып, - деген өлең жолдарында түн ұйқысын төрт бөліп, бесіктегі ауырып жатқан бөбегін көз ілмей сарыла күтіп отырған ана жүрегінің қайғы-наласын, шөккен қара нардай меңіреу ұзақ түнмен қатарластыра суреттеп, психологиялық параллелизм әдісін көрсетеді. Бұл ақынның сөз саптау әдісін көрсетеді.

Мағжанның жан түпкіріндегі жүрек сөзі боямасыз ақтық сөзі болып ақтарылады. Ақын «Жел» деген өлеңінде:

Мазасы жок жел ерке,
Оянып ап тым ерте.

ҰЛТТЫҚ ПОЭЗИЯ

Жорғалай басып кетеді,
Тыныш жатқан түс көріп.
Көлдің бетін кестелеп,
Оны әуре етеді, - деп отырып, желдің, «ер-
келігін», ешкімге мойынсұнбау еркіндігін

баса жырлайды. Өйткені ақын жаны да сол
еркіндікті аңсайды.

Біз Мағжан поэзиясының дархан дастар-
ханының дәмін ғана таттық. Артында әлі де,
талай татуға жететін мұра қалды.


ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жұмабаев М. Шығармалар. 3-томдық, 1-т. – А., Білім, 1995.

2 Шапаев Т. Ой түбінде жатқан сөз. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 192б.

3 Әбдешев Б.М. Мағжан Жұмабаевтың прозасы.- Астана, 2002.- 28 б.

4 Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті.- Алматы: Қазақ университеті, 2002.- 430 б.



Ақылмен ойлап білген сөз,
Бойына жұқпас, сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз,
Бар тамырды қуалар

А.Құнанбаев.

ӘОЖ 82-1/-9

Б.Ж.Сағиева

Абай атындағы ҚазҰПУ

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ

Б.Қ.Ахметова., А.Қ.Ахметова

Алматы облысы, Көксу ауданы, «Ақын Қабан Жырау атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімдері

БАТЫРЛАР ЖЫРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Қазақтың батырлар жырының қайсысын алсақ та, батырлар қалмақ батырларына қарсы күреседі. Бұл жырлардың көпшілігінде, қазақтардың жерін қалмақтың жаулап алмақшы болуына байланысты, ел намысын қорғауға байланысты үлкен оқиғалар суреттеліп отырады. Мысалы, Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Қамбар батырлардың өмірі өздерінің жеке басының емес, қалың елінің қамы үшін қанды шайқаста өтеді. Елі де батырларды сол үшін ардақтаған. Мақалада сол батырлар жыры арқылы мектеп оқушыларын тәрбиелеу мәселесі қарастырылған. Сабақ барысында қолданылған әдіс-тәсілдерімен бөліскен.

Түйін сөздер: *батыр, жыр, ертегі, тәрбие, оқушы, мектеп*

В любом из повестей о героях они борются против калмаков. Во многих из них, в связи с тем, что калмаки хотели завоевать казахскую землю, описываются большие события, где защищается гордость народа. Например, жизнь Кобыланды, Алпамыса, Ер Таргына, Камбара прошла в битве за благо народа, не за личное благо. За это чтит их народ. В статье рассматривается вопрос воспитания школьников через эти повести о героях. Делятся с методами используемыми в ходе урока.

Ключевые слова: *герой, повесть, сказка, воспитание, ученик, школа.*

In any of the stories about the heroes they fight against Kalmaks. In many of them, due to the fact that wanted to conquer Kalmak Kazakh land, describes the big events where protected pride of the people. For example, life Kobylandy, Alpamys, Er Targyn, Kambar took place in the battle for the benefit of the people, not for personal benefit. During that honored their people. The article discusses the education of pupils through these stories about heroes. Share with the methods used during the lesson.

Keywords: *hero, story, tale, upbringing, student, school.*

Батырлық жырлар, батырлар жыры – ауыз әдебиетіндегі ең бай да көне жанрлардың бірі. Қаһармандық эпос деп те аталады. Батырлар жыры халық өмірінің тұтас бір дәуірін жан-жақты қамти отырып, сол тарихи кезеңдегі батырлардың сыртқы жауларға қарсы ерлік күресін, ел ішіндегі әлеуметтік қайшылықтар мен тартыстарды бейнелейді.

Осы батырлар жырын оқыту, сабақ мақсатын және онда жүзеге асатын, шешілетін басты мәселелерді ғылыми түрде нақты жоспарлау мұғалімдер жұмысындағы, оқу процесіндегі ең негізгі, ең күрделі мәселелердің бірі екені белгілі.

Ал сабақ – күрделі құбылыс. Мектептегі барлық оқу – тәрбие жұмысы осы сабақтың өтілу барысында басталып, сонда жүзеге асып жатады. Сабақта мұғалім оқушыға қандай білім негіздерін меңгертеді, олардың көзқарастарын, дүниетанымын қандай мәселелер бойынша арттыруға болады, тәрбиелеуде қандай жұмыстар атқарылады, міне, мұның барлығының да сапалы, әрі тиімді болуы мұғалімнің сабақ мақсатын нақты, айқын белгілеп алуына байланысты болып келеді. Сабақ сапасы, нәтижесі, тиімділігі, мұғалімнің оқу – тәрбие жұмысын дұрыс айқындай,

сабақ мақсаты мен мазмұнын дәл белгілей білуінен туындайды.

Сабақтың мақсатын жоспарлау үшін, өтілгелі отырған оқу материалының тақырыбын, мазмұнын мұғалім толық игеру керек. Әрине сабақ жүретін сынып, ондағы оқушылардың жеке ерекшеліктері, яғни білімді игеру мүмкіндіктері, тәрбиесі, ойлау белсенділіктері де сабақ мақсатын айқындауда зор рөл атқарады. Сабақ мақсатын жоспарлауда білім беру мен тәрбие беру бірлікте қарастырылу қажет деп ойлаймын. Сабақ процесінде тәрбие беру – өте күрделі процесс болып табылады. Мұғалімнің сабақта беретін тәрбиесі, тәрбиенің қай саласы бойынша жұмыс істейтіні тақырып мазмұнынан туындауы керек. Сонда сабақ тиімді және нәтижелі болып келеді. Негізі тәрбиенің мына салаларына ерекше көңіл бөлінген дұрыс деп ойлаймыз:

- Ұлттық тәрбиенің ең тиімді тәсілдеріне;
- Адамгершілікке, имандылыққа, инабаттылыққа;
- Еңбекті құрметтеуге, нанды қадірлеуге;
- Отан, ата-ана, туған-туыс, ұрпақ алдындағы борыш пен қарызды түсінуге, ақтауға;
- Елін, жерін, Отанын, ұлтын, адам баласын сыйлай, құрметтей білуге;
- Жақсы әдет пен әдепті бойына сіңіруге;
- Өнердің барлық саласын түсіне білуге;
- Дене тәрбиесіне, жеке бас гигиенасына т.с.с. тәрбиелеу.

Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларының бойына тәрбиенің тамырын егу мұғалім шеберлігін қажет етеді. Себебі олар жас шыбық іспеттес. Қалай исең солай өседі. Балаларға тәрбие беруде «Батырлар жырының» беретін тәрбиелік мәні зор. Ол халық арасында ауызша шығарылып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен шығарма. Батырлар жырының тақырыбы, идеясы негізінде оқушылардың туған еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін, қадір-құрметін арттыру. Отаншылдық сезімін одан әрі қалыптастыру, оларға аға ұрпақтың ерлік өмірі мен үлгісінде тәрбиелеу ісін жалғастыру, ерлікті, батырлықты, жүректілікті үлгі ету, қайсарлық, бауырмалдық, қайырымдылық, кешірімділікке баулу. Ананы, баланы, жарды сүйеу,

халықты, адамды құрметтеуге тәрбиелеу. Достықты, ынтымақты, бірлікті үндеу. Батырлар жыры халық ауыз әдебиетінің бір түрі.

Қазақтың батырлар жырының қайсысын алсақ та, батырлар қалмақ батырларына қарсы күреседі. Бұл жырлардың көпшілігінде, қазақтардың жерін қалмақтың жаулап алмақшы болуына байланысты, ел намысын қорғауға байланысты үлкен оқиғалар суреттеліп отырады. Мысалы, Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Қамбар батырлардың өмірі өздерінің жеке басының емес, қалың елінің қамы үшін қанды шайқаста өтеді. Елі де батырларды сол үшін ардақтаған.

Бала әрқашан да өзін күштімін деп есептейді. Әсіресе бастауыш сынып оқушылары батырлар жырын оқыған сайын ерлікке қызығып, өзін сол батырдың орнына қойып, өзі сол батырдың күйін кешеді.

«Қобыланды батыр» жырына келсек, жырдың негізгі тақырыбы - өз елін, өз жерін сыртқы жаудан қорғау. Жырдағы өзекті ой – «ел намысы- ер намысы». Қобыланды өз басының қамы емес, бүкіл елдің бүтіндігін, тәуелсіздігін ойлайды. Қолына сол үшін қару алады, жауға қарсы аттанады.

Жырдың идеялық-көркемдік мазмұны, негізінен, Қобыланды бейнесі арқылы көрсетілген. Халықтың арманы да осы арқылы берілген. Оның арманы – «Қарааспан тауын жайлаған қалың қыпшақ қамы», ел қамы. Сондықтан да «Қобыландының тілегін бүкіл қыпшақ тілейді». Ол жауға аттанарда «жіберуге қимай, жиылып жұрты жылайды». Артында қалып бара жатқан ата-анасын, қарындасы Қарлығаш пен өмірлік жары Құртқаны «Сендерді мұнда жылатпас, қалың қыпшақ қарындас» деп жұбатады. Мұғалім бұның бәрін жырға сүйене отырып баяндаса балаларға қызықты да, әсерлі болады.

Сонымен қатар, мұғалім Қобыланды батыр бойындағы жақсы қасиеттерді – оның адамгершілік, ерлік мінездерін жырдың нақты оқиғасына ене отырып, баяндаса, оқушылар елі үшін еңіреген ер мінезіне сүйсінер еді. Бұл тақырып бойынша мұғалім төмендегідей сұрақтар мен тапсырмалар беруге болады:

- Қобыландының балалық шағы.

- Бойына жинаған жақсы қасиеттердің қалыптасуына өскен ортасының әсері қандай болды.

- Жауға аттанарда ата-анасымен, қарындасы Қарлығашпен, сүйікті жары Құртқамен қоштасқан жерінде Қобыланды мінезінің қандай жақсы жақтары ашылған?

- Жыр халықтың қандай арманынан туған?

- Қобыландының ерлік, батырлық сипаттары жырдың қандай оқиғалары үстінде ашылады?

«Қобыланды батыр» жырында әдеби шығарманың тіл көркемдігін ұштай түсетін көркемдегіш сөздермен бірге адамның көңіл – күйін, оның өзгелермен қарым-қатынасын білдіретін монолог, диалог, портрет, мінездеулердің үлгілері бар. Оған жырдағы батырдың Тайбурылға айтқан арнауы, Қобыландының Қалмақ батырларымен кездескендегі сөздері, екі жақ батырларының күш сынасу картинасы дәлел. Бұлар оқышылардың әдеби, көркем тілде сөйлеп әрі жазып дағдылануларына үлгі бола алса, «Қамбар батыр» жырындағы мына жолдар балалардың қиялына қанат бітіріп, тұлпарға деген сенімдерін арттыра түседі.

Қанатты туған пырағым,

Аға-іні сен едің.

Тар жерде жолдас, шырағым,

Қара қасқа ат, қалтырап,

Осынша неге қорқасың?

Қазақ халқы жылқы малын құрметтеп, қашанда өзіне сенімді серік, жолдас санаған. Батырлар жырының қайсысын алып қарасақта, тұяқты тұлпарлар ер қанаты болып, қиын ардың жауды жеңуіне себепші болады. Яғни балалардың осы картинаны ой елегінен өткізе отырып, жеті қазынаның бірі жылқы малына деген құрметі, ризашылығы арта түседі.

Батыр ешқашан жеке басының камын ойламайды. Ол елі үшін, жері үшін түтеген отқа қарсы шабады. Айлап, жылдап елінен жырақта жүріп ел намысын қорғайды. Бұл балаларды өзімшіл болмауға, халқының, елінің патриоты болуға тәрбиелейді. Жырды балаларға тек оқып бергеннен гөрі батырлар жырына байланысты түрлі суреттер, көрнекі құралдарды пайдаланған ма-

ңызды. Балаларға батырлардың сұлу тұлғасы, теңдессіз күші, ерлігіне сүйсіну, ал басқыншылардың іс – әрекетіне, олардың бейшаралық бейнесіне деген жек көру, жиіркенішті сезімдеріне әсер етуге болады.

«Қобыланды батыр» жырында шындықтан гөрі әсірелеу басым. Мысалы, Тайбурылдың қырық күндік қазанға бір күнде жетуі, қысылған кезде тұлпарға тіл бітуі, Құртқаның оны тұлпарынан танып, тәрбиелеп өсіруінің өзі тым әсірелеп айту десек, жасыл жапырақтай жамырасқан бөбектердің де дамып, өрбіп, өсіп – өнуіне әсер етіп, биік шынардай болуына талпынтады.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінің «Алпамыс батыр» жыры жастардың рухани байлығын арттыруда үлкен рөл ойнайтыны белгілі. Алпамыс – батыр. Ол өз халқының жоғалып кеткен бір бөлігін іздеп тауып, өз еліне қосу үшін шыбын жанын шүберекке түйіп аттанады. Жырдың көтерген бір идеясы – елдік пен бірлік. Бұл жөнінде М.Ғабдулин былай деп жазады: «... Алпамыстың батырлық іске бел байлаған сапары Гүлбаршынды іздеп шығуынан басталады. Өзіне- жар- жолдас- қалыңдық іздеп шығу, бұл жолда әр түрлі ерлік істер жасап, батырлық сыннан өту- дүние жүзіндегі эпостық шығармалардың көбінде кездесетін жай. Ондағы батырлардың Алпамыстан үлкен бір айырмашылығы бар: Алпамыс батырдың іске тек Гүлбаршын үшін ғана аттанбайды. Ол бір кезде Байбөріге өкпелеп бөліне көшкен, қалмақ еліне кеткен қоңырат руының бір бөлігін іздеп те шығады. Өзіне туыс болған рудың бір бөлігі жат жұртқа көшіп кетуі, қалмақ ханына қоңсы болуы, оның зорлық-зомбылығын көруі, Алпамысқа қатты бататын сияқты...» [1]

Жырда Алпамыс өз халқының жанашыры, қамқоршысы. Ел бірлігін сақтаушы батыр. Оның ойы мен мақсаты бөлінген елді біріктіру. «Бөлінгенді бөрі жер» деген ұлағатты сөзден қорытынды шығару. «Төртеу түгел болса төбедегі келеді» деген аталы сөздің қадір – қасиетін ұғыну. Осы тұрғыдан қарағанда Алпамыс батыр ғана емес, ірі қайраткер, көсем. Сондықтан М.Ғабдулин: «... ол өкпелеп көшіп кеткен ел-жұртының бір

бөлегін қайтару, оны қоңыраттарға қайта табыстыру, татуластыру мақсатын көздейді, ру бірлігін қарастырады. Жыр ру арасында бірлік болса, елдік бар екендігін аңғартады. Байсарының қалмақ ханына көшіп кетуін, ол жерде жат жұрттан қорлық көруін суреттеу арқылы жыр бірсыпыра жайды елестеткендей болады. Ру бірлігін бұзып бөліне көшкен адамдар осындай өкінішті күйге ұшырайды, сондықтан бірлік сақтау керек деген қорытынды жасайды. Осы ретте ру бірліген қорғаушы батыр болуы керек деп таниды. Батыр ру бірлігін қорғаушы ғана емес, ол сонымен қатар, батыры болмаған ру бытырап, тозып кетеді деп көрсетеді...-деп жазды. [1]

«Алпамыс батыр» жыры елдігіміз бен ерлігімізді бүкіл әлемге білдіретін аса көрнекі, халқымыздың салт-дәстүрін сақтаған жыр. Жырды оқыту арқылы мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеу – қазіргі таңдағы кезек күттірмейтін мәселе. Жырды оқыту барысында, жырдың көркемдік ерекшелігіне талдау жасау қажет. Оқушы батырлар жырымен танысып қана қоймай ондағы көркемдегіш құралдардың пайдаланылуын білуі қажет. Сонымен қатар, сөздікпен жұмыс жасата кету қажет. Себебі, оқушылар кейбір сөздердің мағыналарын түсінбей жатуы мүмкін. Көнерген сөздер, архаизмдер сияқты.

Теңеу	Эпитет	Гипербола	Аллитерация	Ассонанс
Кепедей, төбедей, ошақтай, пышақтай, зындандай, жыландай, т.б.	Қанды жас, Жас берен, Көк даңғыл.	Ауыздықпен алысып, Ұшқан құспен жарысып... Бір күн шапса Шұбар ат Айлық жер алып береді.	Тозып кеткен ел-жұртын, Тегіс жиып алады. Тентегі мен телісін, Түзетіп жөнге салады.	Алпамыс атты жас берен, Атқа мінген бола ма?! Алдынан шығып сол ердің Жылқысын берсем ала ма?

Тағыда сабақты қызықтыра түсу үшін, Жырдағы кейіпкерлерге мінездеме беріп, әр оқушының ойларын сұрап дебат жүргізуге болады. Бұл бөлімді «Кейіпкерлер әлемі» деп алса болады. Екі топқа бөліп беру. Бірінші жақ – Мадақтайды. Екінші жақ – даттайды.

Жағымды – жағымсыз кейіпкерлер.

Достары – жаулары

Істеген істері, ерліктері.

Міне, осындай әдістерді пайдалану арқылы батырлар жырын оқыту қызық болар еді деген ойымыз бар. Батырлар жырында Отанына, еліне, халқына деген сүйіспеншілік сарын басым келеді. Елін шапқан Алшағырды кирата жеңіп, торғауыттың тоғыз қабат қамалын бұзған Тарғын, Бар өмірін қалың қыпшақ қамы үшінқанды шайқаста өткізген Қобыланды сияқты батырлар – өз халқын шын сүйген, елі үшін еңіреп өткен ерлер. Олар Отанын жаудан қорғап қалу үшін кез-келген қиыншылыққа төзе біледі. Сондықтан да, олар өз

елінің шын патриоттары ретінде суреттеледі. Жас ұрпақтарды өз Отанын шын сүйетін патриот етіп тәрбиелеуде батырлар жырының күні бүгін де мәні зор.

Батырлардың ерлігінен, бабалардың даналығынан үйреніп, ұлы қасиеттерін ұғынып, асыл істерінен өнеге алып өскен әрбір ұлт өрені келешекке кемел көз тастайды, елдік дәстүр-салтты ерлік даңқын қастерлеп, құрметтейді. Отанының патриоты, саналы, күрескер азаматы болып тәрбиеленеді.

Халқымыздың басынан кешкен тарихи-әлеуметтік оқиғалар, халықтың әдет-ғұрып салт-санасы рухани тіршілігі, арман-мұраты көрініс береді. Батырлар жырын оқытудың маңызы зор. Себебі, батырлардың ерлік бейнелері арқылы оқушыларды батылдыққа, ерлікке тәрбиелеп, олардың өз еліне деген патриоттық сезімдерін оятуға болады. Батырлар жырын оқыту кезінде дәстүрлі және дәстүрлі емес сабақтардың тиімділігі көрінеді.

- 1 Ғабдулин М. «Қазақ халқының ауыз әдебиеті». – Алматы: «Мектеп» баспасы. 1974. – 172б.
- 2 Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: «Рауан». 1997. – 131б.
- 3 Икапова Д. Оқушыларға батырлар жырын оқыту. //Қазақ тілі мен әдебиеті. 2004. – №7. – 122б.



Педагогика ғылымдарының магистрі

Keywords: *requirement, motive, supervision, interest, perception, belief, education, education.*

Жеке адамды қандай болмасын әрекетке итермелейтін негізгі қозғаушысы мотив оның түрлі қажеттіліктері, яғни бір нәрсеге мұқтаждануы. Адамның қажеттіліктері қоғамдық еңбекте, еңбек ету процесінде қалыптасады. Сыртқы ортамен байланыс жасауда адамның өмір сүруі үшін ең алдымен ерекше маңыз алған материалдық қажеттіліктер (тамақ, баспана, киім, еңбек құралдары т.б.) болып саналады. Адам баласының тарихи даму жағдайында туған еңбек әрекеті еңбек құралдарымен пайдалану негізгі материалдық қажеттіліктері біртіндеп дами келе, қажеттіліктердің жаңа тобын – рухани қажеттіліктерді (білім, көркемөнер т.б.) туғызады. Рухани қажеттіліктердің дамуы – материалдық қажеттіліктің қанағаттандырылуына байланысты. Адам қажеттіліктерінің дамуы – тарихи дамудың елеулі бір кезеңі. Олар адамның алдына әр түрлі мақсаттар қойып отыруына себепші болатын негізгі түрткілер. Адам өзінің қажеттіліктерін өтеу үшін бар мүмкіндігін пайдаланады. Бұл оны белсенді түрде іс-әрекет істеуге талпындырады. Оның қажеттіліктері саналы әрекетінің нәтижесінде біртіндеп өтеліп отарады. Адам өз қажеттілігін өтеу жолында сыртқы ортаны, табиғатты өзгертуге дейін барады. Қажеттіліктердің өтелуі, өтелмеуі адам психологиясына, оның күйініш – сүйінішіне әсер етеді. Қажеттіліктер орындалу тәсіліне қарай кісіде мазасыздану, не тынышталу, рахат, ләззаттану, не азап шегу сезімдерін туғызады. Қажеттіліктерді өтеу арқылы адам тиісті құралдарды іздестіріп солардың күшімен, түрлі теориялық, практикалық сипаттағы мәселелерді шешуге мүмкіндік алады. Өйткені, қажеттілік – адамның ойлау қызметін тудыратын негізгі себептердің бірі болып табылады, білдіріп қана қоймай, ол заттарды өз қажетіне байланысты өзгертуге, қайтадан жасауға әрекет етеді. Олай болса, адамдардың қажеттіліктері – іс-әрекеттің негізгі мотивтері, яғни оның психологиясының қайнар көзі, бастамасы болып табылады. Қажеттілік – (әсіресе, табиғи қажеттіліктер) өмір сүрудің, тіршілік етудің арқауы. Егер, табиғи қажеттілік өтелмесе,

өмір сүру үшін тиісті жағдайлар болмаса, адам да, жануарлар да тіршілік ете алмайды. Адам өмірі үшін рухани қажеттіліктерді өтеп отырудың да маңызы зор. Осындай қажеттіліктердің өтелмеуінен адам көп қиыншылық көреді, өйткені бұл оның сана – сезімінің өсуіне кедергі келтіреді. Қажеттілік жануарларда да бар, бірақ, бұл – биологиялық сипаттағы қажеттіліктер. Жануарлардың қажеттіліктері олардың қоректенетін заттарын іздестіруінен жақсы байқалады. Мәселен, тауық жерден дән іздеп зыр жүгіреді. Ит қожасын көргенде тілін салақтатып, ауызынан сілекей шұбыртады. Мысық мұрнына еттің иісі келгенде елең ете түседі де, сол жерден мияулап шықпайды. Сөйтіп, аң біткеннің бәрі өз қажетін өтеу үшін әрекеттенеді. Мұндай қажеттілік аңдарға туа бітеді, олар шартсыз рефлекстік сипатта болады.

Адам объектіге түрлі мақсат көздеп қызығады. Қызығу – шындықтағы заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып, білуге бағытталған адамның біршама тұрақты жеке ерекшелігінің бір көрінісі. Сонымен қатар, қызығуда бір нәрсені ерекше тандап, соған зейін қойылады. Адамды еліктіріп, өзіне тартқан нәрсенің бәрі қызығудың объектісі болып табылады. Қызығудың физиологиялық негізі – «Бұл не?» дейтін рефлекс. Мәселен, біреуді «футболға қызығады» десек, ол адамның футбол ойынына үнемі баратынын, футбол жөніндегі кітаптарды оқып, отыратындығын, біреумен әңгімелесуде де, көбінесе, осы тақырыптың айналасында сөз қозғауды тәуір көретінін байқаймыз. Сөйтіп, адамның қызығуы бір нәрселерге асыра зейін қоюдан оған құмартудан, соны үнемі ойлаудан көрініп отырады.

Адамда сан алуан қызығулардың болуы мүмкін. Бірақ осылардың ішінде басты біреуі, ең басыңқы қызығуы болады. Мұндай қызығулар, әсересе, оқу әрекетіне аса қажет. Оқу қызығуларының әсерлі, күшті, тұрақты мазмұнды болуы баланың сабақ үлгеруіне, білімді терең алуына көп жәрдем тигізеді. Оқу қызығулары балаларда оқу мотивтерінің дамуына байланысты қалыптасып отырады.

Адамда қызығудың жөнді көрінбеуі оның

өмірін мазмұнсыз етеді. Мұндайда ол ен-жар болып, іші пысады, зерігіп, берекесі кетеді. Қызығудың мазмұнды әрі кең, өрісті болуы оның басты ерекшеліктерінің бірі. Мазмұнсыз адамның рухани өмірі дамымайды. К.Маркс бір сөзінде «Адамға лайықтының бәрі де маған жат емес» деген екен. Бұл қызығуы жан-жақты дамыған адамның ғана айтатын сөзі. Қызығуы тұрақты қасиетке айналған адам ғана іс-әрекеттен жақсы нәтиже шығара алады, ісі әр уақытта да берекелі болады. Кейбір адамдар кез-келген нәрсеге қызығады да, сайып келгенде, оның бір де біреуіне жөндеп тұрақтамайды. Мұндай «көрсен қызар» әуесқойлық адамды тұрлаусыз, тұрақсыз етеді. Егер осы әдет бойға сіңіп кеткен болса, бұл – үлкен кемшілік. Қызығуы тұрақтанбаған адам қызметтің қай саласында болмасын пәрменді еңбек ете алмайды. Тек тұрақты қызығу ғана адамның бүкіл бойы билеп, қандай бөгеттер болса да жеңе білуге, кейбір ауыртпалықты көртер білуге жәрдемдеседі.

Қызығулар өзінің мазмұны мен бағытана қарай: материалдық, қоғамдық, саяси, кәсіптік, эстетикалық, оқырмандық, спорттық, танымдық тағы басқа болып келеді.

Сонымен қатар, қызығу тікелей және жанама болып екіге бөлінеді. Тікелей қызығу айналадағы нәрселердің тартымдылығынан туады. Мәселен, футболға қызығуды осыған жатқызуға болады. Жанама қызығу – бұл әрекеттің түпкі нәтижесін қажетсіну. Жасөспірімдердің қызығу тұрақты, тұрлаулы болып келсе, адамның ісі оңға басып, ол нәрсені білген үстіне біле түсуге ықыласы кетіп отырады.

Мектеп жасындағы балаларда қарапайым тану қызығулары көріне бастайды. Мектеп өмірі балаларда қызығулармен қатар спорттық, оқырмандық қызығулар қалыптасады. Қызығу көбінде баланың бір нәрсеге бейімділігіне қарай көрінеді. Мәселен, шахматқа қызығу баланың осы ойымен айналысуға бейімделгенен туады. Бірақ, қызығулардың бейімділіктен бөлек те пайда болатын кездері кездеседі. Мәселен, футболға қызығатындардың футбол ойынына жөнді бейімділігі болмаса да, қызығуы өте күшті келеді. Мұғалім

балалардың қызығуын тәрбиелеуде оларға әлі де онша мәлім емес кейбір жанама қызығуларын тауып, соларды тұрақтандыру жағын ойлауы керек. Сонда ғана бала рухани өмірге бай, босқа зерігуді білмейтін, еңбекті сүйетін, жан – жақты, қабілетті адам болып шығады.

Жеке адам психологиясының неге бағытталғандығын көрсететін негізгі компоненттердің бірі – адамның дүниетанымы мен сенімі. Дүниетаным – адамның табиғат, қоғамдық өмір туралы білімдерінің жүйесі. Адамның алдына қойған мақсатының айқын болуы, дүниетанымның өмірмен байланыстылығы берік сенімнен туады. Сенім мен дүниетаным қатарласып жүрсе ғана адам санасы нұрлана түседі. Өйткені, бұл екеуі, құстың қос қанатындай, адамның ең асыл қасиеттері болып табылады. Берік сенімі жоқ жерде тыңғылықты дүниетанымы да, тұрақты мінез-құлық та болмайды. Сенім қалыптаспаған адамның шындықтың жай-жапсарын дұрыстап айыруға, өмірден өз орнын дұрыс таңдай алуына да шамасы жете бермейді.

Адамзаттың сан ғасырлық тарихында адамгершілік пен имандылықтың улы қозғаушы күші – сенім. Сенім жоғалған жерде тіршіліктің мәні де шамалы. Сенім, пікірталас, көзқарас қақтығысында, ынтымақтыққа кең жол ашылғанда ғана шындала түседі. Сенім кісінің еркін білдірген, сезімін қозғаған, мақсат-мүддесіне, бағыт-бағдарына айналған білім жүйесі.

Жеке адамның психикасын нұрландыратын қасиеттің енді бірі – мұрат. Бұл – адамның өзіне өмірден өнеге іздеуі, біреуді ардақ тұтып, қастерлеуі. Мұрат – адамның алдына қойған ең ардақты, ең асыл мақсаты. Адам осыған жету үшін қолдан келгеннің бәрін пайдаланады. Өзін тәрбиелеуге кіріседі. Барлық күш-жігерін соның соңына сары жерде ғана болады. Оқушыларды асыл мұраттар рухында тәрбиелеу – бастауыш мектеп мұғалімдерінің де басты міндеттерінің бірі.

Жеке адам психологиясынан елеулі орын алатын қасиеттердің бірі – талғам. Бұл адамның дүниетанымы мен сеніміне, өмірлік позициясына, бағыт пен мұратына, бағда-

рына, мақсатына байланысты жатады. Талғамына адамның білімі, тәрбиесі, ортасы, тәжірибесі де елеулі әсер етеді. Модаға (сән) байланысты да адамдарда түрлі талғам орын алады. Мәселен, кейбір адамдардың алақұла, көзге қораш киінуін талғамы дұрыс қалыптасқан адам деп айту қиын. Өйткені дұрыс талғам дұрыс, жүйелі жақсы тәрбиенің нәтижесі.

Қызығу, сенім, талап, мұрат адамды әр кезде іс-әрекетке итермелеп отыратын ең негізгі қозғаушы мотивтер болып табылады. Бұлар адамның басында айқын да анық сәулеленіп отырады.

Танымдық белсенділікті қалыптастыруда халық ертегілерінің мүмкіндігін дүниеге ғылыми көзқарастың қалыптасуы ұзақ және күрделі үрдіс, оның барысында жеке көзқарастар мен сенім жүйесі дамиды, жеке адамның әрекет жасауына бағыт береді. Ерте балалық шақтан балаларда қоршаған болмысқа дұрыс түсінікті тәрбиелеу, оларды табиғат құбылыстармен таныстыру қажет. Әрине, бала қоршаған ортамен өзі-ақ танысады. Дегенмен отбасы, балабақша және мектептің жұмысы балада болмысқа деген белсенді танымдық қатынасты оятуға бағытталу керек.

Бүгінгі күні оқытуда қойылып отырған талаптардың бірі-өмір шындығын балаларға ой өрісін, қиялын, эстетикалық және адамгершілік сезімдерін дамыта отырып, олардың халық шығармашылығына сүйіспеншілігін, қызығуын арттыру. Ендеше оқу материалдарын сабақ мазмұнына сай етіп, оларды енгізу-балалардың алған білімін толықтырып, жан-жақты дамуына ықпал еткен.

Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой-толғаныстар бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарды, шешендік сөздер мен айтыс-термелерде, жұмбақ-жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі. Демек, жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелі, қабілетті азамат етіп өсіруде халық ертегілерінің танымдық-тағылымдық ролі орасан зор. Халық ертегілерінің оқушыларды жан-жақты тәрбиелеу мүмкіндіктері шексіз, өйткені ол жеке адамның бөліктеріне (танымдылық, еріктілік, қажеттілік, қызығу)

әсер етеді. Ертедегі балалар алдына адамға тән сезімдер дүниесін ашып, жеке адамға, кейіпкердің жан дүниесіне қызығу тудырады. Ертегі оқу арқылы баланың психикалық қасиеттері мен жеке басының ерекшеліктері неғұрлым тез қалыптасады. Ертегіні оқу кезінде іс-әрекеттің кейін дербес мәнге ие болатын өзге түрінің де негізі қаланады. Ертегіні оқу әрекеті психикалық процестер ырықтылығының қалыптасуына әрекет етеді. Сонымен балаларды ырықты зейін мен ырықты ес дами бастайды. Ертегілерді оқу арқылы балалар лабораториялық, тәжірибе жағдайынан кері әр нәрсеге жақсы зейін тоқтатады және көбірек есінде сақтайды. Бала үшін саналы мақсат (зейін тоқтату, есте сақтау, еске түсіру) ойын арқылы ерте және бәрінен оңай бөлінеді. Ертегіге қойылатын шартының өзі баладан ертегі жағдайында ендірілген заттарға, ойналатын көріністер мен сюжетке дейін тоқтатуды талап етеді. Егер бала оқытын ертегі жағдайының талабына зейін қойғысы келмесе, ертегі оқудың шарттарын есте ұстамаса, онда баланы ешбір тәрбие түріне тәрбиелеуге болмайды. Қарым-қатынасқа, эмоциялық мадақтауға қажеттілік баланы мақсатты бағытталған зейін тоқтатуға және есте сақтауға мәжбүр етеді. Ертегі оқу жағдайы мен ондағы іс-әрекеттер мектеп шақтағы баланың ақыл-ой әрекетінің дамуына үнемі әсер етеді. Ертегі бала заттың балашасымен іс-әрекет жасауға үйренеді. Ол балаша ертегіге ат қояды және осы қойылған атқа іс-әрекет етеді. Балаша зат ойлау тірегі болады. Ертегі едәуір баланың ұғым тұрғысынан ойлауға көшуіне көмектеседі. Ертегілерді оқу және оларды жаттау немесе балалармен оқыған нәрселерін бөлісу тілдің тез дамуына ықпалын тигізеді. Ертегі оған араласқан әрбір баладан тіл қарым-қатынасы дамуының белгілі бір деңгейін талап етеді. Құрдастарымен түсінісу қажеттігі ұяқасымды тілдің дамуына себепші болады. Сонымен қатар, ертегі қиялдың дамуында анықтаушы орын алады. Ертегілерді оқу арқылы бала әрекетінде бір затты екінші бір затпен алмастыруға, өзіне түрліше рольдерді алуға үйренеді. Қиялды дамытудың негізіне осы қабілет жатады.

Мектеп жасындағы ересек балалардың ертегілерінде осындай тәрбелік мәні мен мағынасы бар нәрселер көптеп кездеседі. Балалар оқыған ертегілерін ойша түсінуге және олармен амал істеуге және өз қиялында жаңа жағдайларды жасауға үйренеді. Мұндай жағдайда ертегі баланың ішкі дүниесінде өтеді. Баланың

жеке басының дамуына ертегінің өз ықпалы бар. Ертегілерді оқу арқылы бала ересек адамдардың мінез-құлқы қарым-қатынасымен танысады, ал бұлардың бәрі оның өз мінез құлқының үлгісі болады, өз құрдас-тарымен қарым-қатынас жасауға қажетті қасиет болып саналатын араласа білудің негізгі дағдыларына ие болады.



Кімде-кім халқынан алмаса тәлім,
Оны үйрете алмас ешбір мұғалім

Жүсіп Баласағұн.

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ

Совет-Хан Ғаббасов Абайдың педагогикалық еңбектерінің тәрбиелік мәні	6
Табылды Ә. Қазақстандағы XIX-XX ғасырдағы этнопедагогикалық ойлардың дамып қалыптасуы	18
Тебегенов Т.С. Дидарласу-сәлемдесу өлеңдерінің тағылымы	23
Аташ Б.М., Бекебаев Ж. Түркі халықтарындағы діни сенімдердің отаншылдықты қалыптастырудағы ролі	28
Иманғазин М.М. «Қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары» кітабы туралы бірер ой	33
Советканова Д.М., Садыкова А.Е. Поощрение в педагогической практике	38
Ізтілеуова С.Д. Алаштың аталығы – нияз батыр	41
Сауранбаева Д.Б. Бастауыш мектептегі математика пәнін ұлттық құндылықтар негізінде оқыту	46
Қдыралиева Ж.Б. Ұстаз болмысы – болашақтың алтын көпірі!	52
Сағиева Б.Ж. Қазақ поэзиясы ақындар қаламында	56
Манкеш А.Е. Отбасының тәлім-тәрбиелік ролі	59
Өрісбаева М.О. Бала тәрбиесі – абай қаламында	63
Нуриев М.А., Садыкова А.Е. Бастауыш сынып оқушыларын ынталандыру арқылы танымдық белсенділігін арттыру.....	66
Доскужанова Ж.Ө. Ф.Оңғарсынова поэзиясындағы ұлттық рух	73
Сатыбаева А.С., Маханова Н.Б. Кәсіби мұғалімнің құзіреттілігі	76
Қаражанова Қ.Ә. Жеке тұлға бойындағы шығармашылық қабілеттерді ақпараттық библиографиялық құралдарын насихаттау арқылы қалыптастыру	79
Найманбаева Б.М. М.Жұмабаев лирикасындағы ұлттық үрдістер	85
Сағиева Б.Ж., Ахметова Б.Қ., Ахметова А.Қ. Батырлар жырының тәрбиелік мәні	88
Сағиева Б.Ж., Советканова Д.М. Оқу-тәрбие үрдісінде оқушылардың психологиялық біліктілігін арттырудың жолдары	92



Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифтін өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында үш тілде түйін беріледі. Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің кассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 3104 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс 74310**

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на трех языках. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 3104 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс 74310**

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды
Отпечатано в типографии издательство «Ұлағат»
КазНПУ имени Абая

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Баян Сағиева
Беттеген/Верстка – Баян Сағиева*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25 үй,
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ, каб. 24.
Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 8777 175 34 31,
электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 24.07.2014 ж. Пішімі 60x84 ¹/₈.
Қағаз - сықтықкар. Басылым – офсет. Көлемі 12,5 б.т.
Таралымы 400. Тапсырыс №157